ISSN 1563-0242
eISSN 2617-7978

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ХАБАРШЫ

Журналистика сериясы

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

ВЕСТНИК

Серия журналистики

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

HERALD

of journalism

№3 (81)

Алматы
«Қазақ университеті»
2026

ISSN 1563-0242
eISSN 2617-7978

ХАБАРШЫ

ЖУРНАЛИСТИКА СЕРИЯСЫ №3 (81) қыркүйек

04.05.2017 ж. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде тіркелген

Куәлік №16493-Ж.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шыгады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР
Дудинова Е.И., филол.ғ.к. доцент,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ *(Қазақстан)*

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:
Түймебаев Ж.Қ., ф.ғ.д., профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Басқарма Төрағасы – Ректоры (Бас редактор) *(Қазақстан)*
Браун М., ф.ғ.д., профессор, Вайоминг университеті *(АҚШ)*
Берік Уәли, PhD, журналист, мемлекет қайраткері *(Қазақстан)*
Ву Фен, PhD, профессор, Цзяотун университеті *(Сиань, ҚХР)*
Ачкасова В.А., Саяси ғылымдарының докторы профессор, Санкт-Петербург мемлекеттік университетінің журналистика және бұқаралық коммуникациялар жоғары мектебі *(Ресей)*
Антипов К.В., э.ғ.д., профессор, Иван Федоров атындағы Мәскеу мемлекеттік баспа университеті *(Ресей)*
Беккер Р., з.ғ.д., Н. Коперник атындағы университеті, халықаралық қатынастар факультетінің деканы *(Польша)*
Прайс Шалтз С., ф.ғ.д., профессор, Вайоминг университеті *(АҚШ)*
Рамазан А.Ә., филол. ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ *(Қазақстан)*
Альжанова А.Б., филол.ғ.д., доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ *(Қазақстан)*
Сақ Қ.Ө., филол.ғ.к., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ *(Қазақстан)*
Жаксылыкбаева Р.С., филол.ғ.д., доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ *(Қазақстан)*
Ошанова О.Ж., филос.ғ.д., доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ *(Қазақстан)*
Мысаева К.Н., филол.ғ.д., доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ *(Қазақстан)*
Ашимова А.Б., аға оқытушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ *(Қазақстан)*
Ложникова О.П., аға оқытушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ *(Қазақстан)*

ТЕХНИКАЛЫҚ РЕДАКТОР
Алкожаева А.С., аға оқытушы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ *(Қазақстан)*

Журналистика сериясы: қазақ баспасөзінің тарихы, электронды және жаңа медиа, баспа ісі, қоғаммен байланыс, БАҚ дизайны, шетел журналистикасы, публицистика, медиа-құқық, интернет және әлеуметтік медиа.

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ
БАСПА ҮЙІ

Жоба менеджері
Гульмира Шаккозова
Телефон: +77017242911
E-mail: Gulmira.Shakkozova@kaznu.kz

ИБ № 180847. Пішімі 60x84 $^{1}/_{8}$. Көлемі 14,0 б.т.
Тапсырыс № 4255. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Қазақ университеті» баспа үйі.
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

Баспа журналдың ішкі мазмұнына жауап бермейді.

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2026

1-бөлім
ЖУРНАЛИСТИКА: ҚОҒАМ, ТІЛ, ТАРИХ, САЯСАТ, ЭКОНОМИКА

Section 1
JOURNALISM: SOCIETY, LANGUAGE, HISTORY, POLICY, ECONOMY

Раздел 1
ЖУРНАЛИСТИКА: ОБЩЕСТВО, ЯЗЫК, ИСТОРИЯ, ПОЛИТИКА, ЭКОНОМИКА

ҒТАМР 19.01.11 https://doi.org/10.26577/HJ81320261

К.Қ. Қабылғазина[1*], А.О. Еркімбек[1],
А.Т. Дуйшекеева[2], А.Қ. Қыдырханова[1]

[1]Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[2]Жүсіп Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университеті, Бішкек, Қырғызстан
*e-mail: kabylgazina.klara@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН МЕДИАДИСКУРСЫНДАҒЫ МАНИПУЛЯЦИЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯЛАР МЕН ТАКТИКАЛАР: ФОРМАЛАРЫ ЖӘНЕ АУДИТОРИЯҒА ЫҚПАЛЫ

Ақпарат ағынының жылдамдығы адам санасына ықпал етудің жасырын жолдарын көбейтті. Сол себепті медиадағы манипуляция ғылыми тұрғыдан жан-жақты зерделеуді талап етеді. Осы зерттеу аясында ескі және жаңа медиа ресурстарының ықпал ету ерекшеліктері талданды. Ғылыми зерттеудің мақсаты – ақпаратты беру формасына қарай манипуляциялық тетіктердің қалай өзгеретінін және олардың әлеуметтік көзқарасты қалай өзгертетінін түсіндіру.

Зерттеу нысаны ретінде «Egemen Qazaqstan» газетінің материалдары мен Threads әлеуметтік желісіндегі жазбалар алынды. Жұмыс манипуляция түрлерінің платформаға тәуелді авторлық типологиясын ұсынуымен маңызды. Медиасауат деңгейін арттыруға және ақпаратты сыни қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталуы зерттеудің практикалық маңызын айшықтайды.

Зерттеу кезінде дискурс-талдау, салыстырмалы талдау және эмпирикалық сауалнама әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері дәстүрлі БАҚ-та нормативті-дискурстық және беделге сүйенген манипуляция басым екенін, ал жаңа медиада эмоциялық-моральдық және мобилизациялық ықпал ету жетекші орын алатынын көрсетті. Мақала отандық медиакеңістіктегі манипуляцияны платформаға тәуелді, көпқырлы және күрделі әлеуметтік-дискурсивтік құбылыс ретінде түсіндіруге үлес қосады. Алынған тұжырымдар журналистика, медиазерттеу және коммуникация салаларында қолдануға болады.

Түйін сөздер: манипуляция, қоғамдық сана, жаңа медиа, дәстүрлі БАҚ, медиакоммуникация.

K.K. Kabylgazina[1*], A.O. Erkimbek[1],
A.T. Duishekeeva[2], A.K. Kydyrkhanova[1]

[1]Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2]Kyrgyz National University named after Jusup Balasagyn, Bishkek, Kyrgyzstan
*e-mail: kabylgazina.klara@mail.ru

Strategies and tactics of manipulation in the media discourse of Kazakhstan: forms and impact on the audience

In the contemporary digital environment, the acceleration of information flows intensifies covert mechanisms of influencing public consciousness, making media manipulation a highly relevant subject of academic inquiry. This study provides a comparative analysis of methods used to manipulate public consciousness across traditional mass media and new media platforms in Kazakhstan.

The primary objective is to identify platform-specific characteristics of manipulative practices and determine their role in shaping public opinion. The scientific significance lies in developing an original typology of manipulation based on media platform differentiation, while its practical relevance relates to enhancing media literacy and fostering critical information consumption. The methodological framework integrates discourse analysis, comparative analysis, and an empirical sociological survey.

The findings demonstrate that traditional media predominantly employ normative-discursive and authority-based manipulation, whereas new media platforms rely on emotional-moral and mobilization-oriented strategies. This study conceptualizes manipulation within the national media space as a platform-dependent, multifaceted socio-discursive phenomenon, contributing to media studies, journalism practice, and media education.

Keywords: media manipulation, manipulative strategies, Kazakhstan's media discourse, traditional media, new media, public consciousness, discourse analysis.

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

К.К. Кабылгазина[1*], А.О. Еркимбек[1],
А.Т. Дуйшекеева[2], А.К. Кыдырханова[1]
[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
[2]Кыргызский национальный университет имени Жусупа Баласагына, Бишкек, Кыргызстан
*e-mail: kabylgazina.klara@mail.ru

Стратегии и тактики манипуляции в медиадискурсе Казахстана: формы и влияние на аудиторию

В современных условиях цифровой медиасреды ускорение информационных потоков усиливает скрытые механизмы воздействия на общественное сознание, что делает манипулирование крайне актуальным объектом научного анализа. Данное исследование посвящено сравнительному анализу методов манипулирования общественным сознанием в традиционных средствах массовой информации и на платформах новых медиа Казахстана.

Основная цель работы – выявить платформенную специфику манипулятивных практик и определить их роль в формировании общественного мнения. Научная значимость исследования заключается в разработке авторской типологии манипуляций, основанной на дифференциации медиаплатформ, а практическая ценность связана с повышением уровня медиаграмотности и развитием критического потребления информации. Методологическая база исследования включает дискурс-анализ, сравнительный анализ и эмпирический социологический опрос. Результаты показывают, что традиционные СМИ преимущественно используют нормативно-дискурсивные и авторитетные манипуляции, тогда как платформы новых медиа опираются на эмоционально-нравственные и мобилизационные стратегии. В статье манипулирование в отечественном медиапространстве осмысливается как платформенно-зависимый, многоаспектный социально-дискурсивный феномен, что вносит вклад в медиаисследования, журналистскую практику и медиаобразование.

Ключевые слова: медиаманипуляция, манипулятивные стратегии, медиадискурс Казахстана, традиционные СМИ, новые медиа, общественное сознание, дискурс-анализ.

Кіріспе

Цифрлық ақпараттық дәуірде БАҚ тек оқиғалар туралы хабар таратушы институт емес, қоғамдық сананы қалыптастыратын, бағыттайтын және белгілі бір интерпретациялық шеңберде ұстап тұратын маңызды әлеуметтік тетікке айналды. Ақпарат көлемінің шамадан тыс артуы, медиаконтенттің жылдам жаңаруы және аудиторияның сыни сүзгіден өткізу мүмкіндігінің шектелуі манипуляцияны анықтай алу өзектілігін күшейтті. Осы тұрғыдан алғанда, манипуляция қазіргі медиада кездейсоқ немесе қосалқы құбылыс емес, керісінше қоғамдық коммуникацияның жүйелі элементі ретінде көрініс табады.

Дәстүрлі медиа мен жаңа медиада манипуляцияның іске асу логикасы бірдей емес. Дәстүрлі баспасөзде, әсіресе мемлекеттік газеттерде, манипуляция көбіне бағалауыш тіл, ресми дереккөздердің басымдығы, таңдап алынған статистика және балама пікірлердің шектелуі арқылы жүзеге асады. Ал әлеуметтік желілерде эмоциялық қысым, моральдық сәйкестік, көпшілік эффектісі және әрекетке шақыру басым келеді.

Қазіргі медиакеңістіктің дамуы контент өндіруші мен оны қабылдаушы арасындағы бұрыннан қалыптасқан шекараларды жойып жіберді. Егер бұрын мазмұн сапасы мен таралуы кәсіби редакциялардың бақылауында болса, бүгінде әрбір қолданушы ақпарат ағынын қалыптастыруға өзі де қатысады. Бұл үдеріс ақпараттың сапалық стандарттарын өзгертіп қана қоймай, оның қабылдану сипатын да өзгертті. Нәтижесінде медиа арқылы ықпал ету тәсілдері тікелей үгіт-насихаттан гөрі, байқала бермейтін және көп деңгейлі құрылымға көшті.

Манипуляция феноменін, коммуникация әдістерін осы жағдайда талдау оның тек сөз қолданысына немесе лексикалық айла-тәсілдерге негізделмейтінін дәлелдейді. Мұндағы басты тетіктер – деректерді іріктеу, оларды ұсыну реттілігі және белгілі бір жайттарға көңіл аудартып, маңызды мәліметтерді назардан тыс қалдыру. Әсіресе, жылдам таралатын және қысқа форматтағы мазмұн басым ортада аудитория терең сараптама жасаудың, сыни пайымдаудың орнына, алғашқы әсер мен бейсаналы қабылдауға сүйенеді.

Осы мақалада жаңа платформа – Threads желісінде жарияланған посттар мен дәстүрлі медиа үлгісі ретінде «Egemen Qazaqstan» газетінің материалдары салыстырмалы түрде талданды. Әрқайсында қолданылған манипуляция түрлерінің ерекшеліктері мен қоғамдық санаға ықпал ету сипаты анықталды.

Зерттеу нысаны – дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа платформаларындағы контенттер мен жазбалар.

Зерттеу пәні – медиамәтіндер арқылы қоғамдық сананы манипуляциялау тәсілдері мен дискурсивтік механизмдер.

Зерттеу мақсаты – дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиада қоғамдық сананы манипуляциялау механизмдерін салыстыра талдау және олардың платформаға тәуелді ерекшеліктерін анықтау.

Осы мақсатқа жету үшін мына міндеттер белгіленді:

- қоғамдық сананы манипуляциялау ұғымының теориялық негіздерін талдау;
- дәстүрлі БАҚ-та қолданылатын манипуляция тәсілдерін анықтау;
- Threads әлеуметтік желісіндегі манипуляциялық дискурсты талдау;
- манипуляция түрлерін авторлардың қолдану тәсіліне қарай жіктеу;
- медиа түріне байланысты ақпаратты қабылдау ерекшеліктерін эмпирикалық тұрғыдан дәлелдеу.

Зерттеу гипотезасы – қоғамдық сананы манипуляциялау тәсілдері медианың түріне тікелей тәуелді. Дәстүрлі БАҚ-та нормативті-дискурстық және беделге сүйенген манипуляция жетекші рөл атқарады. Ал жаңа медиада эмоциялық-моральдық және мобилизациялық ықпал ету басым.

Әдебиеттерге шолу

Манипуляция ұғымы ғылыми әдебиеттерде кеңінен талданған және әртүрлі қырынан ашылған. Психология бағытында манипуляция адресаттың санасына жасырын ықпал ету, яғни оның шешімі мен бағалауын сыртқы субъектінің мүддесіне сай өзгерту процесі ретінде түсіндіріледі. Доценко (1997) манипуляцияның негізгі белгісі ретінде ықпал етудің жасырын сипатын, сондай-ақ адресаттың бұл ықпалды «өз еркіммен қабылдадым» деген иллюзиясын талдайды. Оның еңбегінде манипуляция мәжбүрлеуден немесе ашық үгіттен ерекшеленеді: ол қарсылық тудырмай, керісінше келісім мен «табиғилық» әсерін зерттейді.

Дискурс пен коммуникацияны зерттейтіндердің пайымынша, манипуляция бар жерде ақпараттық теңсіздік пен билік ықпалы міндетті түрде болады. Мәселен, Van Dijk медиадағы манипуляцияны әлеуметтік үстемдіктің дискурсқа көшкен көлеңкесі деп қарастырады. Мүндағы «ойын ережесі» қарапайым: автор тақырыпты сүзгіден өткізіп, өзіне тиімді тұстарды баса көрсетеді де, қолайсыз деректерді тасада қалдырады. Осындай әдіс-тәсілдер арқылы мәтін оқырманға жай ғана хабар жеткізіп қоймай, оның санасына белгілі бір көзқарасты байқатпай сіңіріп жібереді.

Медиадағы манипуляцияның бір маңызды қыры – оның көбіне бейтарап ақпарат ретінде ұсынылуы. Norman Fairclough (1995) дискурсты жай ғана мәтін емес, әлеуметтік практика деп біледі. Оның пайымынша, медиамәтіндер билікке тиімді қарым-қатынастарды біртіндеп халықтың санасына «қалыпты» нәрседей сіңіре береді, соңында бұған ешкім күмәнданбайды. Шын мәнінде, манипуляция сырттан агрессивті түрде таңылмайды; ол «объективті», «табиғи» баяндау формасына еніп, ақпаратты ақиқат сияқты көрсетеді. Дәл осы «шынайылық» кейпі оқырманның іштей қарсылық білдіру немесе сыни көзбен қарау инстинктін әлсіретеді. Ғылыми әдебиеттерде манипуляцияның түрлері бірнеше өлшем бойынша жіктеледі. Біріншіден, эмоциялық-моральдық манипуляция бар, ол кінә, ұят, қорқыныш, ұлттық сәйкестік немесе моральдық борыш сияқты сезімдерге сүйенеді. Екіншіден, когнитивтік манипуляция кең таралған. Оған деректерді іріктеп беру, асығыс жалпылау, статистиканы контексіз ұсыну және себеп-салдар байланысын қарабайырлау кіреді. Үшіншіден, институционал манипуляция ресми тұлғалардың беделіне, мемлекеттік институттардың символдық мәртебесіне және «даусыз ақиқат» ретінде ұсынылатын авторитет пікірлерге сүйенеді (Доценко, 1997).

Цифрлық трансформация манипуляцияның табиғатын түбегейлі өзгертті. Қазіргі әлеуметтік желілердегі ақпараттың тым қысқа әрі көбіне эмоцияға құрылып таралуы аудиторияның көзқарасын бағыттап қана қоймай, оларды нақты әрекетке жұмылдыратын «триггерге» айналып отыр. Sunstein (2017) байқағандай, виртуал кеңістікте адамдар дербес пайым жасаудан қалып, көпшіліктің реакциясына немесе дайын ақпараттық фреймдерге еріп кете береді.

Бүгінгі медиадағы манипуляцияны жекелеген фейктердің жиынтығы емес, жүйелі деңгейдегі «бүлдіруші коммуникация» (disruptive communication) деп қараған жөн (Bennett & Livingston, 2021). Шынтуайтында, әлеуметтік желі алгоритмдері дәстүрлі редакторлық бақылауды ысырып тастап, қоғамдық сананы басқаруға барынша қолайлы экожүйе қалыптастырды. Бұл тек қоғамдағы сенімді әлсіретіп қана қоймай, стратегиялық дезинформацияның белең алуына жол ашып отыр.

Зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, бүгінде «фейк жаңалықтар» тіркесі жай ғана термин емес, объективті ақпаратты құнсыздандыруға арналған стратегиялық құралға айналып отыр. Саяси идеология тұрғысынан, бұл ұғымның журналистер мен медианың абыройына тигізер нұқсаны «дезинформация» терминіне қарағанда әлдеқайда салмақты. Әсіресе, бұл сөз саясаткерлердің аузынан шыққанда, оның қоғамдық санаға тигізер теріс әсері арта түседі (Collier & Van Duyn, 2022).

Медиадағы дезинформацияның қалай жұмыс істейтіні көбіне ақпараттың берілу сипаты мен зерттеудің қалай құрылғанына тікелей байланысты. Осы факторлар манипуляцияның ықпалын не күшейтіп, не керісінше әлсіретіп жіберуі мүмкін (Hoes et al., 2025). Сондықтан манипуляцияны кез келген жерде бірдей нәтиже беретін универсал құрал деуге болмайды. Бұл құбылыстың басты сипаты – оның белгілі бір қоғамның саяси ахуалы мен медиа жүйесінің ерекшеліктеріне қарай құбылып, икемделіп отыруында. Дәл осы себепті, оған тосқауыл қою әдістері де бірсарынды болмауға тиіс. Ғылыми ортада бұл мәселені шешудің тиімді жолы ретінде «психологиялық иммунитетті» ерте бастан нығайтатын «пребанкинг» тәсілі жиі тілге тиек етіледі (Roozenbeek et al., 2020). Оның түпкі мәні өте қарапайым: аудиторияға манипуляцияның қалай жұмыс істейтінін алдын ала түсіндіріп, оларды ақпараттық шабуылдарға дайындау. Осындай «вакцина» алған адам кез келген күмәнді мәліметті дереу танып, оған сауатты әрі сыни тұрғыдан қарай алады.

Сонымен қатар бүгінгі таңда ақпараттық қауіпсіздікті тек бағдарламалық немесе техникалық құралдармен ғана қорғау мүмкін емес. Бұл жерде шешуші рөлді аудиторияның сыни ойлау жүйесін дамыту атқарады. Сенімді медиа ортаны қалыптастыру үшін журналистердің кәсіби этиканы қатаң сақтауы және контент ұсынатын алгоритмдердің жұмыс істеу принципін ашық көрсетуі өте маңызды (Plekhanova et al., 2023).

Кейінгі зерттеу жұмыстары көрсеткендей, жалған мәліметтерге сену немесе сенбеу көбіне адамның жеке психологиялық болмысына тікелей тәуелді (Ecker et al., 2022). Мұнда ақпаратты саралауға жауапты когнитив және сыни пайымдау қабілеті басты орында тұрады (Pennycook & Rand, 2021). Сондай-ақ көзбен көріп, құлақпен еститін манипуляциялық мазмұн аудиторияның сеніміне тезірек кіреді (Hameleers, 2022).

Мұндай ақпараттық ортада дезинформация мен насихаттың жаңа түрлері саяси тұрғыдан да күрделене түседі. Бұл жөнінде қазіргі теориялық еңбектерде жан-жақты зерттелген (Guess & Lyons, 2021). Ал цифрлық медианың демократиялық институттарға және қоғамның тұрақтылығына ықпалы кейінгі жылдардағы іргелі шолу зерттеулерінде кеңінен талданып келеді (Lorenz-Spreen et al., 2023).

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін бұқаралық ақпарат құралдарындағы манипуляция феноменін, медиа дискурс пен билік арасындағы өзара байланысты, сондай-ақ медиамәтіндердің қоғамдық санаға ықпал ету тетіктерін қарастырған отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері құрайды. Манипуляцияның психологиялық табиғатын ашуда Е.Л. Доценконың жасырын ықпал ету механизмдеріне қатысты тұжырымдары басшылыққа алынды. Медиадағы манипуляцияны дискурсивтік құбылыс ретінде талдауда Т. ван Дейктің билік пен дискурс байланысына арналған теориялық еңбектері қолданылды. Сонымен қатар медиамәтінді әлеуметтік практика ретінде қарастыратын Н. Фэрклоудың сыни дискурс-анализ тұжырымдамасы зерттеудің әдіснамалық негізін толықтырды. Жаңа медиадағы қоғамдық пікірдің қалыптасу ерекшеліктерін түсіндіруде К.Санстейннің цифрлық платформалардағы әлеуметтік ықпал мен көпшілік эффектісіне қатысты еңбектері ескерілді.

Зерттеудің эмпирикалық материалдары ретінде дәстүрлі және жаңа медианың екі түрлі үлгісі таңдап алынды. Бірінші зерттеуіміз дәстүрлі медиадағы басылымдардың бірі ретінде «Егемен Қазақстан» газетін таңдап алдық. Баслымның 2026 жылғы қаңтар мен ақпан айлары арасында жарық көрген 15 санын тақырыбымыз негізінде манипуляцияның қолданылуын әлеуметтік, саяси қазіргі экономика туралы берілген материалдары арқылы талдап, жіктеп шықтық. Жаңа медиа кеңістігі ретінде Threads әлеуметтік желісінде жарияланған, қоғамдық резонанс тудырған және жоғары белсенділікке ие жазбалар іріктеліп алынды. Threads платформасы – интерактивтілігімен, эмоциялық ықпалының жоғарылығымен және оқырманды нақты әрекетке жұмылдыру әлеуетімен ерекшеленетіндіктен, мобилизациялық және эмоциялық манипуляция формаларын зерттеуге қолайлы орта.

Зерттеуде сапалық және сандық әдістер қолданылды. Негізгі әдіс ретінде дискурс-талдау таңдалды. Медиамәтіндердің құрылымы, бағалауыш лексикасы, аргументация логикасы,

дереккөздерді іріктеу және ақпаратты ұсыну тәсілдері зерттелді. Салыстырмалы талдау жасағанда дәстүрлі басылымдар мен жаңа медиадағы манипуляция тетіктерінің өзіндік ұқсастықтары мен айтарлықтай айырмашылықтары бар екені белгілі болды. Бұл әдіс бізге манипуляцияның әр ресурсқа тән сипатын ашып қана қоймай, оның қандай дискурсивтік құралдардың көмегімен жүзеге асатынын нақтылауға жағдай жасады.

Зерттеудің эмпирикалық негізін нығайту үшін сауалнама жүргізілді. Оған қатысқан әртүрлі жастағы және әртүрлі әлеуметтік топ өкілдеріне Threads желісіндегі жазбалар мен «Egemen Qazaqstan» газетінің материалдарын салыстыра бағалау ұсынылды. Респонденттердің мәтінді қабылдау деңгейі мен сеніміне қатысты жауаптары мынаны аңғартты: оқырмандар дәстүрлі медианы әлі де «ресми әрі сенімді» ресурс деп есептейді. Ал, жаңа медиа контентін көбіне эмоцияға толы, қандай да бір әрекетке жетелейтін дүние ретінде қабылдайды. Осылайша, алынған статистикалық деректер бұған дейін жүргізілген дискурс-талдау қорытындыларын тәжірибелік тұрғыдан бекіте түсті.

Зерттеу нысанына алынған «Egemen Qazaqstan» газетінің материалдары мен Threads әлеуметтік желісіндегі жазбалар мына сілтемеде тұр: https://docs.google.com/document/d/1FGS2O7YGfAnutTrwDcEq5nCQkgy7pY3tSCnemSuaZc/edit?usp=sharing.

Сонымен қатар медиаконтенттер типология бойынша жіктелді. Зерттеу кезінде манипуляция формалары медианың сипатына қарай классификацияланды. Сол арқылы дәстүрлі медиаға институционал, легитимациялық және когнитивтік манипуляция түрлері тән екені, ал жаңа медиада эмоциялық-моральдық, мобилизациялық және ұжымдық келісімге негізделген манипуляция түрлері басым екені анықталды. Мұндай классификация арқылы манипуляцияның біртекті құбылыс емес екені дәлелденді. Бұл медианың құрылымы мен коммуникациялық логикасына тәуелді көпқырлы процесс екенін көрсетуге мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттеу отандық медиакеңістікте қоғамдық сананы манипуляциялау біртекті құбылыс емес екенін, оның медианың түріне, коммуникациялық логикасына және аудиториямен өзара әрекет формасына тікелей тәуелді екенін дәлелдеді. Threads желісі мен «Egemen Qazaqstan» басылымындағы контенттерді қатар қойып талдағанда манипуляция механизмдерінің бір-біріне ұқсамайтын құрылымдық ерекшеліктері мен әсер ету тетіктері айқын байқалды.

Дәстүрлі медианың классикалық үлгісі ретінде алынған «Egemen Qazaqstan» газетіне үңілсек, мұндағы манипуляциялық элементтер негізінен институционал және когнитив деңгейде беріледі. Мемлекеттік басылымға тән ақпарат беру формасы сырт көзге нейтрал жаңалық болып көрінгенімен, оның астарындағы дискурстық құрылым қоғамдық пікірді белгілі бір арнаға бұруды көздейді.

Мәселен, білім саласына арналған материалдарда манипуляцияның өзгеше формалары байқалады. «Келешек мектептері» ұлттық жобасына қатысты мақалада ата-аналардың пікірі арқылы білім сапасының жоғары екені айтылады. Алайда бұл пікірдің нақты дереккөзі көрсетілмейді: сауалнама жүргізілгені, қатысушылар саны немесе өңірлік қамту белгісіз. Жекелеген әрі нақтыланбаған пікір жалпы қоғамдық көзқарас ретінде ұсынылып, жобаның проблемалық тұстары немесе сын пікірлер назардан тыс қалады. Нәтижесінде оқырман санасында білім саласындағы жағдай толықтай оң деген жалпылама түсінік қалыптасады.

Өңірлердегі білім нысандарының жаңартылуына арналған материалда «41 мектептің жаңаруы» білім саласына салынған инвестицияның айғағы ретінде көрсетіледі. Бұл жерде сандық көрсеткіш жетістік символына айналып, жаңартылмаған мектептердің саны, жөндеу сапасы немесе аймақтық теңсіздік мәселелері ескерілмейді. Ақпарат проблеманы кешенді түсіндіруге емес, оң әсер қалдыруға бағытталған.

Түркістан облысындағы мақта-тоқыма кластеріне арналған материалда болашаққа бағытталған жоспарлар қазіргі жетістік ретінде беріледі. Жобаның «табысты жүзеге асырыла бастағаны» туралы тұжырым нақты экономикалық көрсеткіштермен дәлелденбейді. Ықтимал тәуекелдер, экологиялық немесе әлеуметтік салдарлар мүлде айтылмайды. Осылайша әлі аяқталмаған процесс қоғамдық санада аяқталған жетістік ретінде қабылданады.

Конституциялық реформалар туралы материалда «шетел сарапшыларының жоғары баға бергені» айтылғанымен, сарапшылардың кім екені, қай елден екені немесе қандай критерий бойынша бағалағаны көрсетілмейді. Анонимді сыртқы қолдау реформалардың мазмұнын талдаудан гөрі, олардың заңдылығын символдық

түрде бекітуге қызмет етеді. Теріс немесе балама пікірлердің болмауы оқырманға реформалар халықаралық деңгейде толық қолдау тапқандай әсер қалдырады.

Сот жүйесіне деген сенім деңгейі туралы материалда да манипуляцияның дербес формасы байқалады. «63,2 пайызға дейін өсті» деген статистикалық көрсеткіш зерттеу әдістемесінсіз ұсынылады. Сауалнамаға қанша адам қатысқаны, сұрақ қалай қойылғаны немесе сенім білдірмеген азаматтардың уәждері көрсетілмейді. Статистика қоғамдық пікірдің күрделілігін ашпай, институционал оптимизмді бекіту құралына айналады.

Осы материалдардың барлығын біріктіре қарастырғанда, «Egemen Qazaqstan» газетінде манипуляцияның бір ғана емес, бірнеше формасы қатар қолданылатыны байқалады. Бағалауыш тіл арқылы саяси әрекеттер алдын ала оң интерпретациямен беріледі, дереккөздерді шектеу арқылы мемлекеттік институттардың беделі күшейтіледі, ал статистика мен жекелеген пікірлер контекстен ажыратылып, қоғамдық келісім иллюзиясын қалыптастырады. Бұл тәсілдер оқырман санасында мемлекеттік саясат пен институттарды табиғи, даусыз және сыннан тыс құбылыс ретінде қабылдатуға ықпал етіп, сыни ойлау мүмкіндігін жүйелі түрде әлсіретеді.

1-кесте
«Egemen Qazaqstan» газетінде анықталған манипуляция түрлері

Манипуляция түрі	Күні	Газет саны	Беті	Мәтін үзіндісі	Манипуляциялық механизм
Бағалауыш тіл	05.02.26	№25 (31256) –	1	«…мазмұнды әрі нәтижелі келіссөздер өткізді»	Позитивті фрейминг, дәлелсіз баға
Бағалауыш тіл	06.02.26	№26 (31257)	6	«…жоба табысты жүзеге асырыла бастады»	Болашақ жоспарды жетістік ретінде көрсету
Бағалауыш тіл	15.01.26	№9 (31240)	5	«…аудан экономикасына тың серпін беріп отыр»	Бағалауыш метафора
Авторитетке сүйену	29.01.26	№20 (31251)	1	«…маңызды рөл атқаратын дербес құрылымға айналды»	Лауазымды түлға пікірін абсолюттендіру
Авторитетке сүйену	15.01.26	№9 (31240)	5	«Аудан әкімі … тоқырау жоқ екенін айтады»	Балама көзқарасты шектеу
Дерексіз жалпылау	03.02.26	№23 (31254)	9	«Ата-аналардың айтуынша…»	Қоғамдық келісім иллюзиясы
Статистикалық манипуляция	28.01.26	№19 (31250)	8	«41 мектептің жаңаруы…»	Контекстсіз позитивті статистика
Статистикалық манипуляция	30.01.26	№21 (31252)	1	«Сенім деңгейі 63,2%-ға өсті»	Әдістемесіз сан
Легитимациялық манипуляция	04.02.26	№24 (31255)	1	«Шетел сарапшылары жоғары баға берді»	Сыртқы қолдау арқылы заңдастыру

Ескертпе: авторлар құрастырған

2-кесте
Манипуляция түрлерінің жиілік таралуы

Манипуляция түрі	Кездесу жиілігі	15 сандағы үлесі
Бағалауыш тіл	5	33%
Авторитетке сүйену	4	27%
Статистикалық манипуляция	4	27%
Дерексіз жалпылау	3	20%
Легитимациялық манипуляция	2	13%

Ескертпе: авторлар құрастырған

Ал Threads әлеуметтік желісі – Meta корпорациясына тиесілі, мәтіндік форматқа негізделген жаңа медиа платформалардың бірі. Бүгінде Threads қысқа мәтіндер арқылы қоғамдық мәселелерді ашық талқылайтын барлық платформаны біріктіретін алаңға айналды. Платформаның басты артықшылығы – оқырмандардың пікірі, олардың өзіндік көзқарасы кең таралып, пікірлер арқылы қоғамдық дискурстың жедел қалыптасуы.

Threads платформасын ғылыми зерттеуде басты назарға алудағы себеп – қосымша өз жұмысын бастаған күннен пайдаланушылар саны он миллионнан асқан. Ал алғашқы орындарды TikTok, YouTube, Instagram сынды әлеуметтік желілер алатын елімізде Threads қоғамдық, әлеуметтік-саяси, мәдени мәселелерді ашық талқылайтын алаңға айналып келеді. Қолданушылар санының күн санап артуы мен халықтың түлға ретіндегі пікірін ашық, еркін білдіре алуы осы уақытқа дейін тек санаулы ортада ғана қолданысқа ие Facebook, Twitter қосымшаларын біріктірген, заманауи өзгерістер енгізілген жаңа деңгейдегі платформа екені байқалады.

Threads-тағы коммуникациялық дискурстың дәстүрлі БАҚ-тан басты айырмашылығы, қоғам өзіндік ойын, пікірін арнайы үлгіге салмай басынан өткізген тәжірибиесі мен сезімдері арқылы қалаған тілінде жеткізе алады. Сондықтан пікірлер ресми стильге қарағанда еркін, адамның субъективті пікірі эмоциямен қатар келіп әңгіме форматында өрбиді. Күнделікті өмірде манипуляция дискурстың бір бөлшегіне айналса, Threads-та да дәл солай жасырын жасалған манипуляциялық ықпал ету тетіктері жиі байқалады.

Ғылыми зерттеу жүргізу барысында Threads қосымшасында қоғамдық резонанс тудырған, оқырман тарапынан жиі талқыға түсетін бес басты тақырып анықталды. Алғашқы тақырып ретінде мемлекеттік тіл мәселесі алынды. Тіл мәртебесі тақырыбындағы жазбаларда қазақ тілінің қоғамдағы орны, тіл алдындағы әр түлғаның азаматтық жауапкершілігі талданып, нақты әрекетке шақыру стильіндегі манипуляциялық тетіктер ашық жеткізіледі. Келесі тақырып – ата-ананың бала тәрбиесіне қатысты ойлары нысан ретінде таңдалды. Ата-ананың бала алдындағы моральдық, тәрбиелік міндеті, мінез-құлқының қалыптасуындағы жауапкершілік алуы, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас мәселелері Threads-та ашық талданып жатыр. Қазіргі ата-ана мен бұрынғы әке-шеше моделі арасындағы өзгерістерді салыстыра көрсету мақсат болды. Содан кейінгі тақырып ретінде білім беру жүйесіндегі мұғалімнің кәсіби рөлі, тәртіп мәселелері алынды. Тақырыпты ашу барысында білім беру саласындағы нормалар, кәсіби міндеттер мен қоғамдық талаптар дискурс арқылы ұсынылды. Ең соңғы тақырып негізінде білім беру жүйесіндегі заманауи жаңа технологияларды дұрыс қолдану мен жасанды интеллект басты фокусқа алынды. Жасанды интеллектіні негізгі тақырып ретінде алудағы басты себеп – мектепте, колледжде, университетте білім алып жатқан шәкірттердің академиялық адалдығы, үй тапсырмаларын, емтихандарды жасанды зияттың көмегінсіз тапсыра алуын қадағалау болды. Себебі жасанды интеллектіні қолдану заман талабы болғанымен дұрыс қолдану ережелерін мемлекеттік деңгейде бекіте алу – басты талап.

Қоғамдағы өзекті 5 тақырыпты таңдаудаудағы басты себеп:

Threads әлеуметтік желісіндегі манипуляциялық ықпал ету тетіктерін арнайы дискурстық деңгейде талдау. Келесі бөлімдерде аталған 5 тақырып бойынша нақты мәтіндік кейстерді ғылыми зерттеу негізінде талдап, қоғамдық сананы манипуляциялау тәсілдерін эмпирикалық тұрғыда зерттелді.

Threads әлеуметтік желісіндегі мемлекеттік тіл тақырыбын мобилизация арқылы манипуляциялау кейсі Threads әлеуметтік желісінде jamguzhan аккаунты арқылы жарияланған жазбада автор Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгеріс енгізу жөнінде ұсыныс жасап, оқырмандарды осы бастаманы eGov платформасы арқылы қолдауға шақырады. Жазбада автор төмендегідей мәтінді ұсынады: «Конституцияға мынадай өзгеріс ұсынамын: 7-бап… Негіздеме: Қазақ ұлты – мемлекетті құраушы ұлт. Қазақ тілі – ұлттың ажырамас сипаты…». Берілген Threads мәтінінде манипуляция қоғамдық пікірді қалыптастырумен шектелмей, оны институционалдық әрекетке бағыттайтын мобилизациялық дискурс ретінде құрылады. Мұнда ықпал етудің негізгі объектісі – оқырманның ақпаратқа көзқарасы ғана емес, оның әрекет етуге дайындық деңгейі. Әлеуметтік желі табиғатына сай мәтін қысқа, ұрандық құрылымға жақын, ал мазмұны құндылықтық-ұлттық ұстанымға тіреледі. Осы ерекшелік манипуляция механизмдерінің бірнеше қабатта қатар жұмыс істеуіне жағдай жасайды.

Бірінші манипуляциялық тәсіл – нормативті фрейминг және «дұрыс азамат» моделін құрастыру. Мәтінде мемлекеттік тілдің мәртебесін

күшейту идеясы азаматтық жауапкершілікпен және ұлттық борышпен тікелей байланысады. Бұл жерде «норма» ретінде ұсынылған ұстаным қалыптасады: мемлекеттік ұйымдардың қазақ тілінде қызмет көрсетуі «табиғи» және «міндетті» жағдай ретінде көрсетіледі. Нормативті фрейминтгің әсер ету логикасы мынадай: оқырман ұсынысты қолдауды «әдеттегі таңдау» немесе «жеке пікір» ретінде емес, әлеуметтік тұрғыда дұрыс, моральдық тұрғыда міндетті әрекет ретінде қабылдауға бейімделеді. Нәтижесінде келіспеу позициясы бейтарап көзқарас емес, әлеуметтік нормадан ауытқу ретінде сезілуі мүмкін. Бұл әлеуметтік психологиядағы normative social influence механизміне сай келеді: адам топтық нормаға сәйкес келуге ұмтылады, себебі әлеуметтік қабылданбаудан немесе «азаматтық бейнесіне» нұқсан келтіруден қашады.

Екінші тәсіл – моральдық апелляция және әлеуметтік сәйкестік арқылы ықпал ету. «Қазақ ұлты – мемлекетті құраушы ұлт», «қазақ тілі – ұлттың ажырамас сипаты» сияқты тұжырымдар тіл мәселесін құқықтық техникалық сұрақ ретінде емес, ұлттық болмыс пен ұжымдық идентификацияның символы ретінде береді. Мұнда моральдық қысым тікелей бұйрық түрінде емес, «кім екеніңді дәлелде» деген астарлы талап арқылы іске асады. Мұндай дискурста ұсынысты қолдау ұлттық бірегейлікті қолдаумен теңестіріледі, ал қарсы позиция немесе селқостық «ұлттық құндылыққа қарсы шығу» ретінде интерпретациялануы ықтимал. Бұл тәсіл қоғамдық санада «құндылықтық шекара» құрып, пікір алмасу кеңістігін тарылтады, өйткені талқылау рационалды дәлелдерден гөрі моральдық сәйкестік өлшеміне тәуелді болып қалады.

Үшінші тәсіл – әрекетке бағытталған фрейминг және таңдау кеңістігін қысқарту. Мәтін дайын конституциялық бап формасында беріледі: бұл ұсыныстың «әзір, толық, ресми» екенін көрсетеді. Дайын құқықтық мәтін оқырманға ұсынысты қабылдауды жеңілдетеді және ең бастысы, альтернативалар туралы ойлануды қысқартады. Мұны мінез-құлық экономикасындағы choice architecture логикасымен түсіндіруге болады: дайын шешім ұсынылғанда адам оны «ең тиімді жол» ретінде қабылдауға бейім келеді. Мұндай құрылым манипуляцияның «жұмсақ» формасын жасайды: оқырман ерікті түрде таңдап отырғандай көрінеді, бірақ таңдаудың шеңбері алдын ала автор ұсынған форматпен шектеледі.

Төртінші тәсіл – көпшілік эффектісі және ұжымдық қолдау иллюзиясы. Threads платформасында реакциялар (пікір, бөлісу, қолдау) мәтіннің бөлігіне айналады: оқырман ұсыныстың өзіне емес, оған берілген әлеуметтік сигналдарға да сүйенеді. Автор пікірлерде көптеген пайдаланушы бұл бастаманы қолдағанын немесе жолдағанын көрсету арқылы «ұжымдық келісім» әсерін күшейтеді. Bandwagon effect жағдайында адам «көпшілік қолдап жатыр» деген әсерден кейін ұсынысты логикалық тексермей-ақ қолдауға бейім болады, себебі көпшіліктің таңдауы «дұрыс бағыт» сияқты көрінеді. Бұл әсіресе ұлттық-символдық тақырыптарда күштірек жұмыс істейді, өйткені мұндай тақырыптарда әлеуметтік қысым мен ұжымдық эмоция қатар жүреді.

Threads әлеуметтік желісіндегі мемлекеттік тіл тақырыбын мобилизация арқылы манипуляциялау кейсі Threads әлеуметтік желісінде jamguzhan аккаунты арқылы жарияланған жазбада автор Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгеріс енгізу жөнінде ұсыныс жасап, оқырмандарды осы бастаманы eGov платформасы арқылы қолдауға шақырады. Жазбада автор төмендегідей мәтінді ұсынады: «Конституцияға мынадай өзгеріс ұсынамын: 7-бап… Негіздеме: Қазақ ұлты – мемлекетті құраушы ұлт. Қазақ тілі – ұлттың ажырамас сипаты…». Берілген Threads мәтінінде манипуляция қоғамдық пікірді қалыптастырумен шектелмей, оны институционалдық әрекетке бағыттайтын мобилизациялық дискурс ретінде құрылады. Мұнда ықпал етудің негізгі объектісі – оқырманның ақпаратқа көзқарасы ғана емес, оның әрекет етуге дайындық деңгейі. Әлеуметтік желі табиғатына сай мәтін қысқа, ұрандық құрылымға жақын, ал мазмұны құндылықтық-ұлттық ұстанымға тіреледі. Осы ерекшелік манипуляция механизмдерінің бірнеше қабатта қатар жұмыс істеуіне жағдай жасайды.

Бірінші манипуляциялық тәсіл – нормативті фрейминг және «дұрыс азамат» моделін құрастыру. Мәтінде мемлекеттік тілдің мәртебесін күшейту идеясы азаматтық жауапкершілікпен және ұлттық борышпен тікелей байланысады. Бұл жерде «норма» ретінде ұсынылған ұстаным қалыптасады: мемлекеттік ұйымдардың қазақ тілінде қызмет көрсетуі «табиғи» және «міндетті» жағдай ретінде көрсетіледі. Нормативті фрейминтгің әсер ету логикасы мынадай: оқырман ұсынысты қолдауды «әдеттегі таңдау» немесе «жеке пікір» ретінде емес, әлеуметтік тұрғыда дұрыс, моральдық тұрғыда міндетті әрекет ретінде қабылдауға бейімделеді. Нәтижесінде келіспеу позициясы бейтарап көзқарас емес, әлеуметтік нормадан ауытқу ретінде сезілуі мүмкін.

Бұл әлеуметтік психологиядағы normative social influence механизміне сай келеді: адам топтық нормаға сәйкес келуге ұмтылады, себебі әлеуметтік қабылданбаудан немесе «азаматтық бейнесіне» нұқсан келтіруден қашады.

Екінші тәсіл – моральдық апелляция және әлеуметтік сәйкестік арқылы ықпал ету. «Қазақ ұлты – мемлекетті құраушы ұлт», «қазақ тілі – ұлттың ажырамас сипаты» сияқты тұжырымдар тіл мәселесін құқықтық техникалық сұрақ ретінде емес, ұлттық болмыс пен ұжымдық идентификацияның символы ретінде береді. Мұнда моральдық қысым тікелей бұйрық түрінде емес, «кім екеніңді дәлелде» деген астарлы талап арқылы іске асады. Мұндай дискурста ұсынысты қолдау ұлттық бірегейлікті қолдаумен теңестіріледі, ал қарсы позиция немесе селқостық «ұлттық құндылыққа қарсы шығу» ретінде интерпретациялануы ықтимал. Бұл тәсіл қоғамдық санада «құндылықтық шекара» құрып, пікір алмасу кеңістігін тарылтады, өйткені талқылау рационалды дәлелдерден гөрі моральдық сәйкестік өлшеміне тәуелді болып қалады.

Үшінші тәсіл – әрекетке бағытталған фрейминг және таңдау кеңістігін қысқарту. Мәтін дайын конституциялық бап формасында беріледі: бұл ұсыныстың «әзір, толық, ресми» екенін көрсетеді. Дайын құқықтық мәтін оқырманға ұсынысты қабылдауды жеңілдетеді және ең бастысы, альтернативалар туралы ойлануды қысқартады. Мұны мінез-құлық экономикасындағы choice architecture логикасымен түсіндіруге болады: дайын шешім ұсынылғанда адам оны «ең тиімді жол» ретінде қабылдауға бейім келеді. Мұндай құрылым манипуляцияның «жұмсақ» формасын жасайды: оқырман ерікті түрде таңдап отырғандай көрінеді, бірақ таңдаудың шеңбері алдын ала автор ұсынған форматпен шектеледі.

Төртінші тәсіл – көпшілік эффектісі және ұжымдық қолдау иллюзиясы. Threads платформасында реакциялар (пікір, бөлісу, қолдау) мәтіннің бөлігіне айналады: оқырман ұсыныстың өзіне емес, оған берілген әлеуметтік сигналдарға да сүйенеді. Автор пікірлерде көптеген пайдаланушы бұл бастаманы қолдағанын немесе жолдағанын көрсету арқылы «ұжымдық келісім» әсерін күшейтеді. Bandwagon effect жағдайында адам «көпшілік қолдап жатыр» деген әсерден кейін ұсынысты логикалық тексермей-ақ қолдауға бейім болады, себебі көпшіліктің таңдауы «дұрыс бағыт» сияқты көрінеді. Бұл әсіресе ұлттық-символдық тақырыптарда күштірек жұмыс істейді, өйткені мұндай тақырыптарда әлеуметтік қысым мен ұжымдық эмоция қатар жүреді.

Бесінші тәсіл – рационал аргументацияның имитациясы (легитимация) және ықпал етудің аралас моделі дұрыс екені туралы тұтас сенім қалыптастырады.

Осылайша, jamguzhan мәтінінде қоғамдық сананы манипуляциялау көпқабатты құрылым арқылы жүзеге асады: ұлттық сәйкестікке сүйенген моральдық апелляция оқырманды құндылықтық тұрғыда бекітсе, нормативті фрейминг оны әлеуметтік тұрғыда міндетті әрекетке айналдырады, ал әрекетке бағытталған фрейминг пен көпшілік эффектісі ұсынысты жедел қолдауға итермелейді. Бұл кейс Threads әлеуметтік желісіндегі мобилизациялық манипуляцияның институционалдық әрекетке дейін жеткізе алатын мүмкіндігін эмпирикалық түрде көрсетеді.

Threads әлеуметтік желісіндегі ата-аналық жауапкершілікті моральдық қысым арқылы күшейту кейсі. Threads әлеуметтік желісінде assel.rmnv аккаунты арқылы жарияланған жазбада автор ата-аналар жиналысындағы тәжірибесін баяндап, бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі мен жауапкершілігі туралы ой қозғайды. Жазбада былай делінеді: «…Егер балаңызда бір мәселе туындаса… онда өзіңізге сұрақ қойыңыз. Қай жерде, нені сіз жіберіп алдыңыз…».

Бұл мәтіндегі манипуляция эмоциялық-моральдық ықпал етуге негізделген және негізгі әсер ету механизмі – кінә сезімі арқылы қоғамдық норманы күшейту. Мұнда қоғамдық санаға әсер ету «ата-ана қандай болуы тиіс?» деген моральдық стандарт орнату арқылы жүреді. Әлеуметтік желідегі мұндай дискурстың тиімділігі оның адамның ең сезімтал әлеуметтік рөліне тікелей әсер етуімен түсіндіріледі.

Бірінші тәсіл – кінә арқылы ықпал ету және ішкі моральдық бақылауды күшейту. «Өзіңізге сұрақ қойыңыз», «қай жерде жіберіп алдыңыз» деген құрылымдар сырттай рефлексияға шақыру сияқты көрінгенімен, олардың прагматикалық функциясы – жауапкершілікті жеке адамның моральдық кемшілігі ретінде сезіндіру. Кінә механизмі іске қосылғанда адам ақпаратты сын тұрғысынан бағалаудан гөрі өзін ақтауға немесе «қателігін түзеуге» бағытталады. Яғни мәтін оқырманды пікір қалыптастырудан бұрын өзін-өзі бағалау режиміне енгізеді, ал бұл режимде манипуляцияға төзімділік төмендейді.

Екінші тәсіл – қарапайым себептендіру және жауапкершілікті абсолюттендіру. Мәтінде баладағы мәселенің пайда болу себептері көпфактор-

лы құбылыс ретінде емес, үйдегі атмосферамен және ата-ананың әрекетімен тікелей байланыстырылып беріледі. Бұл когнитивтік түрғыдан түсінікті, себебі адам күрделіні жеңіл түсіндіруді қалайды, алайда дәл осы қарапайым түсіндіру ата-ананы «жалғыз себепкер» ретінде бекітіп, моральдық қысымды күшейтеді.

Үшінші тәсіл – асығыс жалпылау арқылы «қалыпты көпшілік» бейнесін қалыптастыру. «Көп аналардың уақыты…» сияқты түжырымдар нақты дерексіз айтылғанмен, қоғамдық стереотип құрады: демек мәселе жеке адамда ғана емес, «көпшілікте» бар. Бұл жерде екі түрлі әсер жүреді: біріншісі – оқырман өзіне де осы бағалауды қатыстырып, кінә сезімін күшейтеді; екіншісі – ата-аналар тобына қатысты жалпы қоғамдық көзқарас қатаяды, яғни қоғамдық санада «заманауи ата-ана жеткіліксіз» деген моральдық үкім қалыптасуы мүмкін.

Төртінші тәсіл – метафоралық фрейминг. «Біздің – айна» метафорасы ата-ана мен бала арасындағы қатынасты толық детерминацияланған модель ретінде елестетеді. Метафора дәлел емес, бірақ ол қабылдауды басқарудың қуатты құралы: күрделі әлеуметтік қатынасты бір образға сыйдырып, оқырман санасында тұрақты схема қалыптастырады. Нәтижесінде кез келген балалық мінез ерекшелігі «ата-ананың айнадағы көрінісі» ретінде қабылдануға бейімделеді.

Бесінші тәсіл – беделге сүйену. Мұғалім пікірі кәсіби ақиқат ретінде ұсынылады және оны күмәндануға шақыратын балама позиция берілмейді. Бұл жерде институционал бедел (мұғалім) ата-ананың өзін қорғау мүмкіндігін әлсіретіп, «дұрыс/бұрыс» бағасын сыртқы авторитет арқылы бекітеді.

Алтыншы тәсіл – мазасыздық фрейминги. Соңғы риторикалық сұрақ («…қалай жұмыс істесек болады?») мәселені шешуге емес, күрделілік пен шұғылдық сезімін арттыруға қызмет етеді. Мазасыздық күшейген сайын адам ұсынылған моральдық норманы қабылдауға және «өзін түзетуге» бейім болады. Осылайша, мәтін ата-аналық жауапкершілік туралы қоғамдық санада моральдық қысымды күшейтіп, кінә сезімін негізгі реттеуші факторға айналдырады.

zhansayamuratbek аккаунты арқылы жарияланған жазбада автор қазіргі ата-аналар мен бұрынғы ата-аналар моделін салыстырады: «…Не деген толерантты отбасылар… біздің ата-аналар “аяғыңды сындырамын” дейтін еді».

Бұл мәтіндегі манипуляцияның өзегі – бағалау арқылы қоғамдық норманы қайта фреймдеу. Бірінші механизм – үрпақаралық дихотомия: әлеуметтік өзгерістердің күрделі себептері берілмей, «бұрын/қазір» бинарлық қарсы қою арқылы түсіндіріледі. Екінші механизм – иронялық фрейминг: позитивті ұғым (толеранттылық) ирониға айналып, оқырманды автордың жасырын бағалау позициясын бөлісуге итермелейді. Үшінші механизм – гиперболалық эмоция: «аяғыңды сындырамын» сияқты сөз тіркесі факт емес, эмоциялық әсер. Ол өткенді «қатал» символға айналдырып, қазіргі модельді «өздігінен дұрыс» сияқты көрсетеді. Бұл тәсіл оқырманның сыни ойлауын емес, эмоциялық келісімін тез қалыптастырады.

makpal_books жазбасында қазақ және орыс мектептері тәртіп тұрғысынан салыстырылады, қазақ мектептері Жапония мектептерімен ассоциацияланады.

Мұнда манипуляция үш негізгі тетік арқылы жүреді. Біріншісі – асығыс жалпылау: бір әріптестің пікірі мен жеке бақылау жалпы жүйелік қорытындыға айналады. Екіншісі – in-group/out-group фрейминги: «біздікі жақсы – өзгенікі нашар» моделі арқылы әлеуметтік поляризация құрылады. Үшіншісі – идеализация: Жапония образы тәртіп пен жетістік символы ретінде қолданылып, қазақ мектебіне автоматты түрде оң баға жүктейді. Осы комбинация қоғамдық санада мәдени иерархияны бекітіп, күрделі білім мәселесін ұлттық символдық бағалауға айналдырады.

aimagambetov жазбасында мұғалім «мобилограф, блогер… болмауы керек» делінеді. Бұл жерде манипуляцияның негізгі механизмі – нормалау және жалған дилемма. Біріншіден, күрделі еңбек құрылымы «тек оқыту» деген бір функцияға қысқартылып, қалғанының бәрі «артық» ретінде бағаланады. Екіншіден, екі ғана таңдау сияқты әсер беріледі: не мұғалім «нағыз мұғалім», не ол «кез келгеннің жұмысын істейтін адам». Үшіншіден, «болмауы керек» деген модаль құрылым арқылы нормативті қысым жасалады: қарсы пікір «әділетсіздікті қолдау» сияқты қабылдануы мүмкін. Төртіншіден, бедел факторы (танымал тұлға) пікірді жеке көзқарас емес, қоғамдық нормаға айналдыруға көмектеседі.

aimagambetov ЖИ туралы жазбасында «ЖИ-дан бос аймақтар болуы тиіс» деп ұсынады. Бұл мәтінде манипуляция «қауіп – жауапкершілік – норма» тізбегімен құрылады. Біріншіден, «бос аймақ» ұғымы қауіп семантикасын енгізеді, яғни ЖИ әлеуеті талданбай тұрып, ол қауіппен байланысады. Екіншіден, ойлау мен ЖИ қолда-

ну қарсы қойылады, аралық күрделі модельдер ашылмайды. Үшіншіден, дәстүрге сүйену бар: каллиграфия, диктант сияқты әдістер «ескі емес, керісінше маңызы артты» деп қайта легитимделеді. Соңғы «Қалай ойлайсыз?» сұрағы формалды диалогқа шақырғандай болғанымен, алдыңғы құрылым оқырманды алдын ала белгілі бір қорытындыға бағыттап қояды.

Жоғарыдағы эмпирикалық деректер Threads әлеуметтік желісіндегі манипуляциялық мәтіндерді ықпал ету формасына қарай үш типке жіктеуге мүмкіндік береді.

Эмоциялық-моральдық тип. Бұл типте қоғамдық пікір кінә, ұят, моральдық бағалау, ирония, гипербола сияқты эмоциялық құралдар арқылы қалыптасады. Осы типке assel.rmnv ата-аналық жауапкершілік және zhansayamuratbek үрпақаралық салыстыру кейстері жатады.

Мобилизациялық тип. Бұл типте мәтін оқырманды нақты әрекетке бағыттайды, ұжымдық қолдау әсері мен азаматтық борышқа сүйенеді, әрекет алгоритмі ұсынылады. Осы типке jamguzhan-ның конституциялық бастамасы жатады.

Нормативті-дискурстық тип. Бұл типте «дұрыс/қате» нормасы қысқа императивтер, кәсіби стандарт, бедел және институционал логика арқылы беріледі. Осы типке aimagambetov мұғалім рөлі туралы жазбасы жатады. Сонымен қатар ЖИ туралы мәтін аралас типке жатады: онда қауіп арқылы эмоциялық ықпал да, нормалау да бар, бірақ негізгі өзегі «жауапкершілік нормасын» бекіту болғандықтан, нормативті-дискурстық типке жақын.

Аралас тип және өтпелі кейстер. makpal_books жазбасында стереотиптеу мен идеализация эмоциялық бағалауды күшейтсе де, мәтін «тәртіп дұрыс» деген норманы да бекітеді. Сондықтан бұл кейсті эмоциялық-моральдық және нормативті бағалау тоғысындағы аралас тип ретінде сипаттауға болады.

Сөйтіп, Threads платформасындағы манипуляциялық ықпал ету формаларының басымдығы (эмоциялық-моральдық және мобилизациялық) эмпирикалық материал арқылы негізделеді, ал ұсынылған типология зерттеудің авторлық ғылыми жаңалығы ретінде нақты кейстермен дәлелденеді.

3-кесте
Газет пен Threads платформасындағы манипуляция ерекшеліктері

Параметр	Egemen Qazaqstan (газет)	Threads
Манипуляция формасы	Институционал, жасырын	Ашық, эмоциялық
Негізгі құрал	Бағалауыш тіл, статистика	Мораль, мобилизация
Авторитет	Мемлекеттік институт	Танымал тұлға, қауым
Әсер ету мақсаты	Қабылдауды қалыптастыру	Әрекетке итермелеу
Оқырман рөлі	Пассив қабылдаушы	Белсенді қатысушы

Ескертпе: авторлар құрастырған

3-кесте дәстүрлі медиа мен жаңа арасындағы манипуляциялық ықпал ету айырмашылықтарын жүйелі түрде көрсетеді. Газеттегі манипуляция көбіне институционал сипатта болып, жасырын, бағалауыш тіл мен ресми статистика арқылы іске асады және оқырманнан пассив қабылдауды талап етеді. Ал Threads платформасында манипуляция ашық әрі эмоциялық формада көрініс тауып, моральдық қысым мен мобилизацияға негізделеді. Газет мәтіндерінің негізгі мақсаты – қоғамдық келісімді және мемлекеттік ұстанымды қалыптастыру болса, Threads жазбалары оқырманды нақты әрекетке, пікір білдіруге немесе қолдауға итермелейді. Сонымен қатар аудитория рөлі де өзгеше: дәстүрлі медиада оқырман бақылаушы күйінде қалса, жаңа медиада ол белсенді қатысушыға айналады. Осылайша кесте екі медианың қоғамдық санаға ықпал ету логикасының түбегейлі айырмашылығын айқындайды.

Дәстүрлі БАҚ пен жаңа медиа арасындағы манипуляцияның айырмашылығы мен қабылдау ерекшеліктерін анықтау мақсатында арнайы сауалнама жүргізілді. Сауалнама 2026 жылдың қаңтар-ақпан айларында Google Forms платформасы арқылы онлайн форматта ұйымдастырыл-

ды. Зерттеуге 54 респондент қатысты. Қатысушылардың жас ерекшеліктері 16 мен 40 жас аралығын қамтиды. Олардың қатарында студенттер, магистранттар, және түрлі әлеуметтік топ өкілдері бар. Респонденттердің басым бөлігін Алматы, Астана, Шымкент қалаларының тұрғындары құрады. Сауалнамада екі медиа арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты анықтау үшін ашық 8 сауал қойылды. Сауалнама қорытындысы пайыздық үлеспен беріліп, арнайы диаграмма үлгісінде ұсынылды. Бұл әдістің таңдалуының басты мақсаты – оқырман пікірімен осы зерттеудегі тұжырымдарды дәлелдеу. «Дәстүрлі БАҚ пен заманауи медиадағы ақпаратты тұтыну мен қабылдау ерекшелігі» тақырыбындағы сауалнама екі медиадағы манипуляцияның айырмашылығын, қоғамға әсерін дәлелдеуде жаңа медианың манипуляцияға бейім екенін, көпшілікке жасалған жасырын ықпалдың өзі қоғамның әрекет етуіне себеп болғанын көрсетті.

1-сурет

«Дәстүрлі БАҚ пен заманауи медиадағы ақпаратты тұтыну мен қабылдау ерекшелігі» сауалнамасы 1-сауал



Ескертпе: авторлар құрастырған

«Дәстүрлі БАҚ пен заманауи медиадағы ақпаратты тұтыну мен қабылдау ерекшелігі» тақырыбында алынған арнайы сауалнамаға 16 жас пен 40 жастан асқан азаматтар қатысты. Сауалнамаға қатысқандардың 81,5 пайызы – 18 бен 22 жас арасындағы жастар. Қоғамдық зерттеу жұмыстарынан бастап, ақпаратты әлеуметтік желі арқылы тұтынатын ең белсенді топ жастардан құралады.

Сауалнамаға қатысушылардың едәуір бөлігі жоғары білімді немесе магистр дәрежесіне ие респонденттер екенін көрсетеді. Бұл аудиторияның ақпаратты қабылдау барысында формалды білімге, логикалық құрылымға және дереккөздің беделіне мән беретінін білдіреді. Сонымен қатар колледж және орта білімді қатысушылардың да болуы нәтижелердің тек академиялық ортаға ғана тән емес екенін көрсетеді. Осылайша сауалнама деректері әртүрлі когнитивтік деңгейдегі аудиторияның медиамәтінге реакциясын қамтиды.

Респонденттердің жартысынан астамы қоғамдық маңызы бар ақпаратты әлеуметтік желілерден алатынын көрсеткен. Бұл жаңа медианың ақпарат таратудағы жетекші рөлге ие болғанын дәлелдейді.

Сауалнама нәтижелері әлеуметтік желілердің респонденттердің мінез-құлқына айқын әсер ететінін көрсетті: қатысушылардың 68,5%-ы оның күнделікті әдеттерін өзгерткенін мойындаған. Бұл әлеуметтік желінің тек ақпараттық емес, мінез-құлықтық ықпал ету құралына айналғанын дәлелдейді. Ал 31,5%-ының мұндай әсерді сезінбеуі манипуляцияның аудиторияға біркелкі әсер етпейтінін көрсетеді.

2-сурет
«Дәстүрлі БАҚ пен заманауи медиадағы ақпаратты тұтыну мен қабылдау ерекшелігі» сауалнамасы 2-сауал



Ескертпе: авторлар құрастырған

3-сурет
«Дәстүрлі БАҚ пен заманауи медиадағы ақпаратты тұтыну мен қабылдау ерекшелігі» сауалнамасы 3-сауал

Ескертпе: авторлар құрастырған

4-сурет
«Дәстүрлі БАҚ пен заманауи медиадағы ақпаратты тұтыну мен қабылдау ерекшелігі» сауалнамасы 4-сауал

Ескертпе: авторлар құрастырған

5-сурет
«Дәстүрлі БАҚ пен заманауи медиадағы ақпаратты тұтыну мен қабылдау ерекшелігі» сауалнамасы 5-сауал

Ескертпе: авторлар құрастырған

Респонденттердің 68,5%-ы комментарийлер олардың тақырыпқа деген көзқарасына әсер еткенін мойындаған. Бұл әлеуметтік желідегі пікірлердің дербес ақпарат көзіне айналғанын көрсетеді.

Респонденттердің 79,6%-ы ресми дерек пен сарапшы пікірі газет материалына деген сенімді күшейтетінін көрсеткен. Бұл дәстүрлі медиада беделге сүйену манипуляциясының тиімді жұмыс істейтінін дәлелдейді. Сонымен қатар аз бөлігінің сенім артпауы оқырманның біртіндеп сыни медиасауатқа ие бола бастағанын да аңғартады.

Сауалнама нәтижелері әлеуметтік желідегі жазбалардың респонденттерге ең алдымен эмоция арқылы әсер ететінін көрсетті: қатысушылардың 77,8%-ы жеке оқиға мен сезімге негізделген контентті басты ықпал етуші фактор деп көрсеткен. Бұл жаңа медиада манипуляцияның эмоциялық-моральдық сипатта жүзеге асатынын дәлелдейді. Рационалды немесе институционал тетіктердің үлесінің төмен болуы әлеуметтік желілердегі қабылдаудың көбіне аффективті деңгейде жүретінін көрсетеді.

6-сурет
«Дәстүрлі БАҚ пен заманауи медиадағы ақпаратты тұтыну мен қабылдау ерекшелігі» сауалнамасы 6-сауал

Ескертпе: авторлар құрастырған

7-сурет
«Дәстүрлі БАҚ пен заманауи медиадағы ақпаратты тұтыну мен қабылдау ерекшелігі» сауалнамасы -сауал

Ескертпе: авторлар құрастырған

8-сурет
«Дәстүрлі БАҚ пен заманауи медиадағы ақпаратты тұтыну мен қабылдау ерекшелігі» сауалнамасы 8-сауал

Ескертпе: авторлар құрастырған

Дәстүрлі БАҚ материалдары респондентерге көбіне сарапшы немесе лауазымды тұлға пікірі арқылы әсер ететіні анықталды (57,4%). Сонымен қатар дерек пен статистиканың да ықпалы сақталғанымен, ресми тіл мен бейтарап стильдің әсері салыстырмалы түрде төменірек бағаланған. Бұл дәстүрлі медиада манипуляцияның негізгі механизмі беделге сүйену және когнитивтік легитимация екенін көрсетеді.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері қазіргі медиакеңістікте қоғамдық сананы манипуляциялау әмбебап және біртекті құбылыс емес екенін көрсетті. Манипуляциялық ықпал ету тетіктері ақпарат тарайтын платформаға, медианың коммуникациялық логикасына және аудиториямен өзара әрекет формасына тікелей тәуелді екені анықталды. Осы тұрғыдан алғанда, манипуляцияны тек мазмұн деңгейінде емес, оны жеткізетін медиалық орта контексінде қарастыру қажеттігі негізделді.

Әлеуметтік желілерді (Threads платформасы мысалында) талдау нәтижесінде қоғамдық пікір қалыптастыруда эмоциялық-моральдық және мобилизациялық манипуляцияның басым екені айқындалды. Дәл осы тұста зерттеу қорытындыларын талдай келе, заманауи медиада адамдардың эмоциясына әсер ету, жинақталған тәжірибесін басты назарға алып әрекетке шақыру мақсатында манипуляцияның жиі қолданылатыны байқалды. Манипуляция қоғамдық пікірді қалыптастыруда, әрекетке шақыруда қазіргі медиа журналистикада, қоғам пікірінде анық көрінеді.

«Егемен Қазақстан» газеті бойынша жүргізілген бір айлық зерттеуде манипуляция адамның беделін, сарапшы пікірін негізге ала отыра жасалатыны аңғарылды. Демек, дәстүрлі медиада манипуляция ашық, әрекетке шақыру формасында қолданылмайды. Манипуляция көбінде ресми тіл мен сарапшылардың пікірінің, жалпылама бағалаушы сөздердің астарында жасырынып қалады.

Қоғам мүшелерінің ақпаратты түтынуы мен қабылдауына байланысты арнайы жүргізген зерттеу сауалнамасының қорытындысы бойынша манипуляцияның қолданылуы тек берілген мәтін мазмұны мен ақпаратқа ғана емес, сол мәтін қолданылатын платформаға, ақпарат жарияланатын медиа түріне тәуелді екені зерттеулер арқылы мысалдармен дәлелденді.

Зерттеу барысында ұсынылған манипуляцияның эмоциялық-моральдық, мобилизациялық және нормативті-дискурстық типологиясы әлеуметтік желілердегі мәтіндерді жүйелеуге мүмкіндік беретін авторлық ғылыми жаңалық ретінде бағаланады. Жалпы алғанда, мақала қазіргі қазақстандық медиакеңістіктегі манипуляцияны платформаға тәуелді, көпқырлы және күрделі әлеуметтік-дискурсивтік құбылыс ретінде түсіндіруге үлес қосады.

Авторлардың үлесі

К.Қ. Қабылғазина – зерттеуде деректерді және бастапқы талдауларды жинақтау, зерттеуді ұйымдастыру, әдебиеттерге шолу жасау, теориялық талдаулар мен зерттеу нәтижелерін өңдеу.

А.О. Еркімбек – зерттеудің методологиясы, идеясы мен әдістемесі және тұжырым, ғылыми нәтижелердің интерпретациясы. Қолжазбаның жазылуы және соңғы нұсқаның дәйектелуі.

А.Т. Дуйшекеева – зерттеудің халықаралық тәжірибемен сабақтастығын қамтамасыз етуге, ғылыми әдебиеттерді саралауға, мақаланың ғылыми мазмұнын жетілдіруге үлес қосты.

А.Қ. Қыдырханова – зерттеуді жүргізіп, деректерді өңдеп, формалды талдады. Көрнекі материалдарды дайындады.

Әдебиеттер

Bennett, W. L., & Livingston, S. (2020). The disinformation age: Politics, technology, and disruptive communication. Cambridge University Press. https://doi.org/10.1017/9781108914628

Collier, J., & Van Duyn, E. T. (2022). Fake news by any other name: Phrases for false content and effects on public perceptions of U.S. news media. Journal of Applied Communication Research, 51(4), 424–443. https://doi.org/10.1080/00909882.2022.2148487

Доценко, Е. Л. (1997). Психология манипуляции: феномены, механизмы и защиты. Москва: ЧеРо.

Ecker, U. K. H., et al. (2022). The psychological drivers of misinformation and its resistance. Nature Reviews Psychology. https://doi.org/10.1038/s44159-021-00006-y

Fairclough, N. (1995). Media Discourse. London: Arnold. ISBN 0340632224, 9780340632222.

Guess, A. M., & Lyons, B. A. (2020/21). Misinformation, disinformation, and propaganda. Oxford Research Encyclopedia. https://doi.org/10.1093/acrefore/9780190228637.013.111

Hameleers, M. (2022). Seeing is believing? The effects of multimodal deception. Journal of Communication. https://doi.org/10.1093/joc/jqab043

Hoes, E., Clemm, B., Gessler, T., Qian, S., & Wojcieszak, M. (2025). (Media attention to) misinformation can undermine trust in scientists. Political Behavior. https://doi.org/10.1007/s11109-025-10090-y

Lorenz-Spreen, P., et al. (2023). Digital media and democracy. Nature Human Behaviour. https://doi.org/10.1038/s41562-022-01460-1

Pennycook, G., & Rand, D. G. (2021). The psychology of fake news. Trends in Cognitive Sciences. https://doi.org/10.1016/j.tics.2021.02.007

Plekhanova, T., Tarasiuk, V., Iuksel, G., Putsiata, I., & Kulykova, O. (2023). Internet journalism in modern society: An overview of mechanisms for resisting media manipulation. Amazonia Investiga, 12(61), 103–111. https://doi.org/10.34069/AI/2023.61.01.11

Roozenbeek, J., van der Linden, S., & Nygren, T. (2020). Prebunking interventions based on "inoculation" theory can reduce susceptibility to misinformation across cultures. The Harvard Kennedy School (HKS) Misinformation Review, 1(2). https://doi.org/10.37016/mr-2020-008

Sunstein, C. R. (2017). Republic: Divided democracy in the age of social media. Princeton: Princeton University Press.

van Dijk, T. A. (2008). Discourse and Power. London: Palgrave Macmillan. https://doi.org/10.1007/978-1-137-07299-3

References

Bennett, W. L., & Livingston, S. (2020). The disinformation age: Politics, technology, and disruptive communication. Cambridge University Press. https://doi.org/10.1017/9781108914628

Collier, J., & Van Duyn, E. T. (2022). Fake news by any other name: Phrases for false content and effects on public perceptions of U.S. news media. Journal of Applied Communication Research, 51(4), 424–443. https://doi.org/10.1080/00909882.2022.2148487

Dotsenko, E. L. (1997). Psikhologiya manipulyatsii: fenomeny, mekhanizmy i zashchity [Psychology of Manipulation: Phenomena, Mechanisms, and Protection]. Moscow: CheRo.

Ecker, U. K. H., et al. (2022). The psychological drivers of misinformation and its resistance. Nature Reviews Psychology. https://doi.org/10.1038/s44159-021-00006-y

Fairclough, N. (1995). Media Discourse. London: Arnold. ISBN 0340632224, 9780340632222.

Guess, A. M., & Lyons, B. A. (2020/21). Misinformation, disinformation, and propaganda. Oxford Research Encyclopedia. https://doi.org/10.1093/acrefore/9780190228637.013.111

Hameleers, M. (2022). Seeing is believing? The effects of multimodal deception. Journal of Communication. https://doi.org/10.1093/joc/jqab043

Hoes, E., Clemm, B., Gessler, T., Qian, S., & Wojcieszak, M. (2025). (Media attention to) misinformation can undermine trust in scientists. Political Behavior. https://doi.org/10.1007/s11109-025-10090-y

Lorenz-Spreen, P., et al. (2023). Digital media and democracy. Nature Human Behaviour. https://doi.org/10.1038/s41562-022-01460-1

Pennycook, G., & Rand, D. G. (2021). The psychology of fake news. Trends in Cognitive Sciences. https://doi.org/10.1016/j.tics.2021.02.007

Plekhanova, T., Tarasiuk, V., Iuksel, G., Putsiata, I., & Kulykova, O. (2023). Internet journalism in modern society: An overview of mechanisms for resisting media manipulation. Amazonia Investiga, 12(61), 103–111. https://doi.org/10.34069/AI/2023.61.01.11

Roozenbeek, J., van der Linden, S., & Nygren, T. (2020). Prebunking interventions based on "inoculation" theory can reduce susceptibility to misinformation across cultures. The Harvard Kennedy School (HKS) Misinformation Review, 1(2). https://doi.org/10.37016/mr-2020-008

Sunstein, C. R. (2017). Republic: Divided democracy in the age of social media. Princeton: Princeton University Press.

van Dijk, T. A. (2008). Discourse and Power. London: Palgrave Macmillan. https://doi.org/10.1007/978-1-137-07299-3

Авторлар туралы мәлімет:

Клара Қабылғазина (корреспонденттік автор) – филология ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультеті баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының доценті (Алматы, Қазақстан, e-mail: kabylgazina.klara@mail.ru).

Ақерке Еркімбек – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультетінің 2-курс магистранты (Алматы, Қазақстан, e-mail: akerke.erkimbek@mail.ru).

Айна Дуйшекеева – Жүсіп Баласағын атындағы Қырғыз ұлттық университетінің журналистика және коммуникация институтының журналистика бағдарламасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты (Бішкек, Қырғызстан, e-mail: aina.duishekeeva@knu.kg).

Ақжарқын Қыдырханова – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, журналистика факультетінің докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: kairatbek.akzh@gmail.com).

Information about the authors:

Klara Kabylgazina (corresponding author) – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor of the Department of Press and Electronic Media, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kabylgazina.klara@mail.ru).

Akerke Yerkimbek – 2nd-year Master's student of the Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: akerke.erkimbek@mail.ru).

Aina Duishekeeva – Associate Professor of the Journalism program at the Institute of Journalism and Communication, is a candidate of philological sciences, of the Kyrgyz National University named after Jusup Balasagyn (Bishkek, Kyrgyzstan, e-mail: aina.duishekeeva@knu.kg).

Akzharkyn Kydyrkhanova – 3rd-year PhD student of the Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: kairatbek.akzh@gmail.com).

Сведения об авторах:

Клара Кабылгазина (автор для корреспонденции) – кандидат филологических наук, доцент кафедры печати и электронных СМИ факультета журналистики Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: kabylgazina.klara@mail.ru).

Акерке Еркимбек – магистрант 2 курса факультета журналистики Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: akerke.erkimbek@mail.ru).

Айна Дуйшекеева – кандидат филологических наук, доцент программы журналистики Института журналистики и коммуникации Кыргызского национального университета имени Жусупа Баласагына (Бишкек, Кыргызстан, e-mail: aina.duishekeeva@knu.kg).

Акжаркын Кыдырханова – докторант факультета журналистики Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: kairatbek.akzh@gmail.com).

Келіп түсті: 8 сәуір 2026 жыл
Қабылданды: 24 маусым 2026 жыл

ҒТАМР 19.41.09 https://doi.org/10.26577/HJ81320262

А. Алимжанова*, Б. Сұлтан

SDU University, Қаскелең, Қазақстан
*e-mail: aikerim.alimzhan@gmail.com

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ НЕГІЗІНДЕ ЖАСАЛҒАН МЕДИА КОНТЕНТТЕГІ «АЛАШ» ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ РЕПРЕЗЕНТАЦИЯСЫ

Бұл мақалада әлеуметтік желілердегі жасанды интеллект көмегімен жасалған тарихи тұлғалардың медиадағы репрезентациясы зерттелді. Зерттеудің мақсаты – TikTok, YouTube және Instagram платформаларында жарияланған Алаш қозғалысы қайраткерлерінің ЖИ арқылы жасалған бейнелерінің тарихи дәлдігін, визуалдық сәйкестігін, дыбыстық репрезентациясын және медиалық фреймін талдау.

Гипотеза: ЖИ негізіндегі синтетикалық медиа тарихи білімді тиімді түрде танымал ете алады, бірақ фактілерді бұрмалау және тарихи контексті тым жеңілдету қаупін тудырады.

Әдістеме: Талдауға әлеуметтік желілерден іріктелген 10 видео енгізілді. Назар олардың танымалдығына емес, тарихи тұлғалардың қаншалықты дәл ұсынылғанына аударылды. Мәтіннің дерекке сәйкестігі, визуалдық бейне, дауыс ерекшеліктері және нарративтік шешімдер сапалық контент–анализ арқылы бағаланды.

Нәтижелердің жаңалығы: Тарихи тұлғалар ЖИ көмегімен жасалған контент арқылы кең аудиторияға тез жетіп отыр. Бірақ мұндай видеоларда дерек дәлдігі сақталмайтын, контекст қысқаратын жағдайлар жиі кездеседі. Бұл синтетикалық медианың тарихи білімді таратудағы мүмкіндігімен қатар, шектеулерін де көрсетеді.

Зерттеу 10 видеоға сүйене отырып, тарихи контентті таратуда ЖИ бір жағынан аудиторияны кеңейтетінін, екінші жағынан мағынаны өзгертіп жіберетін тұстар бар екенін көрсетеді. Кей материалда авторы мен дереккөз нақты берілсе, кейбірінде тарихи контекст қысқарып немесе визуалға бейімделіп кетеді, соның салдарынан атрибуция мен интерпретация бір жүйеде тұрақсыз жүріп, ЖИ тарихи білімді жеткізудегі нақты шекарасы әлі толық анық емес күйінде қалады.

Түйін сөздер: генеративті жасанды интеллект, медиаконтент, Алаш зиялылары, цифрлық медиа, медиарепрезентация.

A. Alimzhanova*, B. Sultan

SDU University, Kaskelen, Kazakhstan
*e-mail: aikerim.alimzhan@gmail.com

Representation of the Alash Intellectuals AI-Generated Media Content

This article examines media representations of historical figures created using artificial intelligence on social media. The study aims to analyze the historical accuracy, visual coherence, audio presentation, and media structure of AI-generated videos about Alash movement figures published on TikTok, YouTube, and Instagram.

Hypothesis: AI-powered synthetic media can effectively popularize historical knowledge, but carry the risk of distorting facts and oversimplifying historical context.

Methodology: The analysis included 10 videos selected from social media. The focus was not on their popularity, but on the accuracy of their representation of historical figures. The accuracy of text, visual imagery, voice characteristics, and narrative decisions were assessed using qualitative content analysis.

Novelty of the Results: Historical figures quickly reach a wide audience thanks to AI-generated content. However, such videos often lack factual accuracy and omit context. This demonstrates both the potential and limitations of synthetic media in disseminating historical knowledge.

Based on an analysis of 10 videos, the study shows that artificial intelligence in disseminating historical content, while on the one hand expanding the audience, also has implications that alter meaning: in some materials, the author and source are clearly identified, while in others, historical context is minimized or adapted to the visual presentation, resulting in unstable attribution and interpretation within a single system, and the precise boundaries of AI's application in disseminating historical knowledge remain unclear.

Keywords: generative artificial intelligence, media content, Alash intellectuals, digital media, media

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

А. Алимжанова*, Б. Сұлтан
SDU University, Каскелен, Казахстан
*e-mail: aikerim.alimzhan@gmail.com

Репрезентация деятелей «Алаш» в медиаконтенте, созданном с использованием искусственного интеллекта

В данной статье рассматривается медийное представление исторических деятелей, созданное с помощью искусственного интеллекта в социальных сетях. Цель исследования – проанализировать историческую точность, визуальную согласованность, звуковое представление и медийную структуру видеороликов, созданных ИИ, о деятелях движения Алаш, опубликованных в TikTok, YouTube и Instagram.

Гипотеза: синтетические медиа на основе ИИ могут эффективно популяризировать исторические знания, но одновременно несут риск искажения фактов и чрезмерного упрощения исторического контекста.

Методология: анализ включал 10 видеороликов, отобранных из социальных сетей. Основное внимание уделено не их популярности, а точности представления исторических деятелей. Точность текста, визуального образа, голосовых характеристик и нарративных решений оценивалась с помощью качественного контент-анализа.

Новизна результатов: контент об исторических деятелях, созданный с помощью ИИ, позволяет быстро охватывать широкую аудиторию. Однако такие видеоролики нередко содержат фактические неточности и сокращают исторический контекст. Это демонстрирует как потенциал, так и ограничения синтетических медиа в распространении исторических знаний.

Проведенный анализ 10 видеороликов показал, что использование искусственного интеллекта при распространении исторического контента имеет как преимущества, так и органичения. С одной стороны, ИИ способствует расширению аудитории и повышению доступности исторических материалов. С другой стороны, в ряде видеороликов, несмотря на указание автора и исторического источника, исторический контекст существенно сокращается или адаптируется к требованиям визуального формата, что может приводить к изменению смысловых акцентов и затруднять объективную интерпретацию исторических событий. В связи с этим, границы допустимого применения ИИ при распространении исторических знаний требуют дальнейшего научного осмысления.

Ключевые слова: генеративный искусственный интеллект, медиаконтент, деятели «Алаш», цифровые медиа, медиарепрезентация.

Кіріспе

Жасанды интеллект тарихи материалды цифрлық ортаға тасымалдауды жеңілдетті. Бірақ бұл үдеріс бір бағытпен жүріп жатыр дей алмаймыз. Instagram, TikTok және YouTube-та тарихи тұлғалар енді архивте тұрған статикалық дерек емес, сөйлейтін аватар, синтезделген дауыс немесе анимацияланған образ ретінде қайта жасалуда. Контент жасаушылар 30-60 секундтық видеолар арқылы үлкен тарихи контекст беруге талпынып жүр. Десек те, уақыт азайған сайын мәтін де қысқарады, ал қысқарған жерде мәнмағына жоғалады. Тарихи мазмұнның көлемі сақталғандай көрінгенімен, ішкі құрылымы өзгеріп кетеді. Кей видеоларда дереккөз мүлде көрсетілмейді немесе өте жалпылама беріледі, сондықтан «не айтылды» деген сұрақ пен «қайдан алынды» деген сұрақтар туындайды.

Зерттеуші Г. Чен терең оқыту модельдері мәдени мұраны виртуалды кеңістікте қайта құрастыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді (Chen et al., 2025). М. Чжан бұл технологиялар тек талдауды жеңілдетіп қоймай, материалды түсіндіру тәсілін де өзгертіп жіберетінін айтады (Zhang et al., 2025). А. Антониу цифрлық нарративтер тарихи тәжірибені интерактивті формаға айналдыратынын сипаттайды, бірақ мұнда оқиға желісі кейде үзіліп, логикалық байланыс әлсірейді (Antoniou, 2025). П. Маццанти және әріптестері музейлік ортада ЖИ экспозицияны «жандандыратынын» көрсетеді (Mazzanti et al., 2025). Ал Ф.Мартушелло AR мен геймификация мәдени мұраны ойынға жақын форматқа ығыстыратынын атап өтеді. Сырттай қарағанда тек технологиялық жаңарту сияқты, бірақ ішкі деңгейде ол материалды жеткізу логикасын қайта құрады (Martusciello et al., 2025).

Зерттеулер қазіргі ЖИ технологиялары деректі сақтап қана қоймай, оны қайта құрастыратынын дәлелдейді. Архивтік мәтін цифрлық кейіпкерге айналған сәтте оны қабылдау тәсілі де ауысады. Кейде бір факт өзгермей қалуы мүмкін, бірақ оны ұсыну формасы өзгерсе, мағына

да сол фактімен бірге өзгеріп кетеді. Визуалды контенттерде деректің мазмұны оның бастапқы мағынасының толық сақталуына кепіл бола алмайтынын байқауға болады.

Алаш зиялылары ХХ ғасыр басында қазақ қоғамының саяси және ағартушылық бағытына тікелей әсер еткен. Ол кезеңдегі құжаттар мен оқулықтарда олардың рөлі нақты белгіленген, әсіресе Орталық мемлекеттік архив материалдарында бұл анық көрінеді. Бүгінде сол тарихи түлғаларды медиа кеңістікке сөйлетіп алып шығу үдерісі дамып келеді. Олар әлеуметтік желідегі қысқа видеоларда және ЖИ арқылы жасалған анимациялық форматта пайда болып отыр. Кей видеода олар «сөйлеп тұрғандай» әсер береді, бірақ мәтіннің қай дерекке сүйенгені әрдайым ашық емес.

Ғылыми деректер дипфейк, синтетикалық медиа және цифрлық мұра мәселелерін ұзақ уақыт талдап келеді. Бірақ Қазақстан контекстінде Алаш қайраткерлерін жасанды интеллект арқылы «сөйлету» жеке құбылыс ретінде жүйелі қарастырылмаған. Бұл жерде жай технология емес, тарихи мәтіннің қысқаруы мен қайта құрастырылу қатар жүреді. Кей жағдайда дерек сақталады, кей жағдайда тек әсер қалдыратын визуал қалады. Әсіресе, TikTok пен YouTube желісінде жарияланған Алаш қайраткерлерін ЖИ арқылы сөйлететін видеолар көп. Солардың ішінен бірнеше видео контентке сараптама жасауды жөн көрдік. Контент талдау кезінде тарихи мәтіннің дәлдігі, визуалдық бейненің сәйкестігі, дауыс пен интонацияның табиғилығы және берілген ақпараттың тарихи контекстпен байланысы сияқты бірнеше талаптармен видеоларды іріктеп алдық. Сол арқылы видео контенттің мазмұнына талдау жасай алдық.

Әдебиеттерге шолу

Жасанды интеллекті құбылысын тек жаңа технология деп қарастыруға болмайды. Қазіргі медиакеңістікте әлеуметтік инфрақұрылым сияқты қызмет атқарады. Ақпарат тарату, шешім қабылдау, тіпті мәдени мағынаны қалыптастыру процесіне араласады. Ғалымдар ЖИ қарапайым техникалық прогресс емес, жауапкершілік жүктейтін әлеуметтік жүйе ретінде сипаттайды. ЖИ жүйелері адам құқығына шектеу қоймауы керек. Алгоритм қалай шешім қабылдайды – соның бәрі ашық болуы қажет. Сонымен қатар есеп беру механизмі де нақты жұмыс істеуі тиіс (Floridi, 2019).

Отандық ғалымдар: «Бүгінгі күні жасанды интелектің ғылыми бағыты ХХ ғасырдың екінші жартысында пайда болды, жасанды интелектің бағыты басқару талдау, салыстыру, ақпаратты өңдеу, болжамды жасау, жорамалдың дұрыстығын дәлелдеу яғни, интеллектуалды қызметіне жататын операциялар болып келеді», – деген пікірді айтады (Кабылғазина, 2025).

Бекжігі Сердәлі ЖИ-ді адамның танымдық әрекеттерін имитациялайтын технологиялық кешен ретінде түсіндіреді, оның ішінде өзін-өзі үйрену және алдын ала жазылмаған алгоритмдер арқылы шешім іздеу бар (Сердәлі, 2025). Мұнда негізгі түйін – жүйенің бейімделуге икемділігі жоғары. Статикалық жүйе емес, ол үнемі өзгеріске ұшырап отырады. Бірақ дәл осы қасиет кейде бақылау мен түсіндіруді қиындатады.

Цифрлық мәдениет теориясы негізінде ЖИ арқылы жасалған визуалды форматтағы видеолар жаңа интерпретациялар тудыратынын айтады (Manovich, 2020).

Д. Маккуэйл медиакоммуникацияны желілік модельге ауысу құралы ретінде сипаттайды, онда ақпарат орталықтан бір бағытта тарамайды, керісінше көп нүктеден көп нүктеге қозғалады (McQuail, 2010). Осындай ортада әлеуметтік желілер тарихи нарративтердің негізгі таралу алаңына айналып отыр. TikTok немесе YouTube платформаларындағы бір видеолар сан мыңдаған қаралым жинайды. ЖИ арқылы жасалған тарихи репрезентациялар медиакеңістікте тек технологиялық құбылыс емес, мәдени және коммуникациялық деректердің жиынтығын құрап отыр.

Г. Чен нейрондық желілер арқылы жасалған визуалды деректердің тарихи дәлдігін сақтау мәселесі алдыңғы орынға шығарады. (Chen et al., 2025). Бірақ бұл үрдіс әрдайым құрылымдау емес, кейде толықтыру, визуалдау арқылы жүзеге асады.

Ф.Мартушелло генеративті ЖИ мен кеңейтілген шындықты біріктіру тарихи мұраны интерактивті форматта ұсынуға жол ашатынын сипаттайды (Martusciello et al., 2025). Мұнда көрермен тек бақылаушы емес, сценарийге қатысушыға айналады.

«Цифрлық түлға» ұғымы қазір тек теориялық метафора емес, нақты ғылыми айналымға енген ұғым (Morris & Brubaker, 2025; Lei et al., 2025). Бір тарихи кейіпкер әр платформада әртүрлі формада көрінуі қалыпты жағдайға айналды. TikTok желісіндегі нұсқасы мен YouTube-тегі визуализация бір-біріне ұқсамауы мүмкін. Брубейкер және әріптестері мұндай бейнелерді

цифрлық мұраның жалғасы ретінде қарастыруға болатынын айтады (Brubaker et al., 2024), бірақ жалғастық пен жаңа құрастыру арасындағы шекара түрақты емес, кейде бір кейіпкер бірнеше интерпретацияға бөлініп кетеді. Бұл тұрақсыздық цифрлық тарихтың негізгі мәселелерінің біріне айналып отыр. Десек те, тарихи тұлғаларды жаңа технологиялармен медиа кеңістікте ұсынудың этикалық, жауапкершілік мәселелері де бар.

Л. Флориди ЖИ жүйелерінде сенімділік, ашықтық және есеп берушілік принциптері сақталуы керек екенін айтады (Floridi 2019). ЮНЕСКО да мәдени мұра мен тарихи білімді цифрлық ортада тарату кезінде тарихи дәлдік пен қоғамдық жауапкершілік талаптарын күшейтеді (UNESCO, 2021; 2023). Ал Г. Спитале мен Ф. Джермани цифрлық «бет-бейне» технологиялары тарихи тұлғаны бұрмалап жіберу немесе оны жаңа контексте қайта құрастыру қаупін күшейтетінін көрсетеді (Spitale et al., 2025). Әсіресе қазіргі әлеуметтік желілер арқылы таралатын медиаконтетте анық сезіледі.

Л. Монович цифрлық мәдени деректерді талдау, өңдеу қазіргі медиамәдениетті зерттеудің жаңа әдістерін қалыптастыратынын айтады (Manovich, 2020). О. Мастромихалакис тарихи деректер цифрлық ортаға өткенде оны дұрыс интерпретациялау және ықтимал бұрмалауларды анықтау мәселесі алдыңғы қатарға шығатынын атап өтеді. Іс жүзінде қазіргі тарихи медиаконтент те тәуекел ету әрекеттері бар (Mastromichalakis et al., 2025).

Генеративті ЖИ арқылы жасалған цифрлық негізгі бейненің шынайылық шекарасының бұзылуына әкеледі. Зерттеушілер Г. Спитале мен Ф. Джермани технология тарихи тұлғаны қайта визуалды көрсетумен қатар, оның бейнесін бұрмалау немесе жаңа мағына жүктеу қаупін де тудыратынын айтады (Spitale, G., & Germani, F. 2025). Цифрлық ортада кейіпкер «сөйлей» бастаған сәтте, оның қай бөлігі тарихи дерек, қай бөлігі модель интерпретациясы екенін ажырату әрдайым мүмкін емес. Әсіресе қысқа, эмоцияға негізделген видеоларда олардың ара-жігін ажыратып отыру мүмкін емес.

Ғылыми зерттеулер ЖИ қолданылған видеоларда алгоритмдік, бейтараптық, дереккөздің сенімділігі және тарихи контекстің сақталуы маңызды екенін көрсетеді. ЖИ технологиясын қолдану мәдени мұраны цифрлық форматта ұсынудың кең тараған құралы. Десек те, оның нәтижесі әрдайым дерек пен интерпретация арасындағы тепе-теңдікке тәуелді.

Зерттеудің тұжырымдамалық моделі

Осы зерттеуде ЖИ көмегімен жасалған тарихи репрезентация үш қабатты медиалық құрылым ретінде қарастырылады. Олар: деректік қабат, синтетикалық қабат және платформалық-фреймдік қабат. Деректік қабат мәтіннің түпнұсқа дерекпен сәйкестігін, атрибуция мен тарихи мәнмәтіннің сақталуын қамтиды; синтетикалық қабат архивтік визуалдың, жасанды дауыстың және интонацияның шынайылық әсерін қалыптастыруын сипаттайды; платформалық-фреймдік қабат тарихи материалдың қысқа видео логикасына бейімделу барысында ағартушылық, ұлттық-патриоттық, өмірбаяндық, мотивациялық немесе әдеби фреймге қайта құрылуын көрсетеді. Аталған модель цифрлық мәдени деректердің қайта өңделу логикасын (Manovich, 2020), ЖИ жүйелеріндегі сенімділік пен есеп берушілік қағидаларын (Floridi, 2019) және тарихи тұлғаның цифрлық ортада қайта құрастырылуын сипаттайтын AI afterlife зерттеулерін бір аналитикалық өрісте тоғыстырады (Brubaker et al., 2024; Morris & Brubaker, 2025).

Осы модель аясында екі жұмыс ұғымы ажыратылды: деректік шынайылық және перцептивтік сенімділік. Деректік шынайылық түпнұсқа мәтінге, тарихи фактіге және нақты дереккөзге сәйкестік арқылы бағаланады. Перцептивтік сенімділік көрерменде тарихи тұлға өзі сөйлеп тұрғандай әсер туғызатын визуал, синтетикалық дауыс, монтаж және бірінші жақтағы баяндау белгілерінен қалыптасады. Осы екі деңгейдің сәйкес келмеуі синтетикалық тарихи медианың негізгі тәуекелін айқындайды. Яғни визуал мен дауыс сенімді көрінгенімен, атрибуция әлсіз немесе мәнмәтін қысқарған жағдайда әсерлік шынайылық деректік дәлдіктен басым түсуі ықтимал. Зерттеуде мұндай өзгеріс контекстік редукция және фреймдік қайта кодтау ұғымдары арқылы талданды.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысы әлеуметтік желілерде жарияланған жасанды интеллект көмегімен жасалған тарихи тұлғалардың цифрлық репрезентациясын талдауға бағытталған. Зерттеудің негізгі нысаны ретінде Алаш қозғалысы қайраткерлерінің бейнесін синтетикалық дауыс, анимация немесе жасанды интеллект негізіндегі визуалды технологиялар арқылы «сөйлетіп» көрсететін қысқа видеолар алынды.

Жинақталған видео материалдар мультимодальді контент-талдау әдісімен талданды. Себебі, ЖИ видеоларындағы мағыналық құрылым тек мәтінмен шектелмей, визуалды бейне мен синтетикалық дыбыстың, яғни аудио-визуалды қатардың интеграциясы арқылы жүзеге асады.

TikTok пен YouTube Shorts форматы ұзақ түсіндіру емес, бірден әсер ететін визуалдарға басымдық береді. 30-40 секундтық видеолар тарихи деректіліктен гөрі, визуалды қабылдауға көбірек мән береді. Нәтижесінде эмоциялық әсер күшейіп, тарихи тұлғаларға көзқарас өзгереді. Сонымен қатар, жастардың санасында ұлт зиялылары жасанды интеллект бейнесінде қалары сөзсіз.

Ашық қолжетімді дереккөздерден ЖИ арқылы сөйлейтін, анимацияланған видео форматтағы бірнеше материалдарға шолу жүргізілді. Тарихи деректілік, сілтемелердің болуына қарай 10 видео іріктеліп алынды. Видеолар TikTok, YouTube және Instagram әлеуметтік желілерінде жарияланған. Ұзақтығы 20 секундтан 1,5 минутқа дейінгі қысқа форматты видеолар. Бұл диапазон платформалардың алгоритмдік логикасымен тікелей байланысты: қысқа видео көбірек таралады, ұзақ мазмұн төменірек көрінеді.

Әр видео бірнеше өлшем арқылы қаралды. Бірінші өлшем – тарихи дерекпен сәйкес келуі, кей материал түпнұсқаға жақын, кейбірі тек идея деңгейінде қалған. Екінші – тарихи тұлға бейнесінің архив фотоларымен сәйкестігі. Үшінші – дауыс пен интонацияның қойылуы, синтетикалық дауыстың табиғилығы мен сөйлеу ырғағы. Төртінші – мазмұндық жағынан ағартушылық, патриоттық, мотивациялық фрейм түрғысынан қарастырылды. Бесінші – этикалық тәуекелдер түрғысынан, мәтіннің өзгеруі, авторлық атрибуцияның бұзылуы, деректің бұрмалануы. Осы индикаторларды ескере отырып, деректерді жоғары, орта, әлсіз деңгейлері мен сапалық көрсеткіштері жіктелді (1-кесте).

Кодтау бірлігі ретінде жеке видео алынды. Кодтау хаттамасы бес айнымалыдан құрылды: тарихи-мәтіндік дәлдік (TA: жоғары/орта/төмен), визуалдық сәйкестік (VA: жоғары/орта/төмен), аудиолық репрезентация (AU: табиғи/фонетикалық-тілдік ауытқу/интонациялық сәйкессіздік), доминантты мазмұндық фрейм (FR: ағартушылық/ұлттық-патриоттық /өмірбаяндық /мотивациялық /әдеби) және басым ауытқу түрі (ER: фонетикалық-тілдік, интонациялық, визуалдық, түпнұсқа мәтінді бұрмалау, мәтінді қысқарту). Әр материал осы белгілер бойынша кодталып, доминантты фрейм мен басым ауытқу санаттарының жиілігі есептелді. 1-кесте әр видеоны жеке аналитикалық профиль ретінде көрсетсе, 2 және 3-кестелердегі пайыздық үлестер осы кодтау нәтижесінен шығарылды. Мұндай кодтау мәтін, визуал және дыбысты бір өлшемге біріктірмей, әр қабаттың деректік және медиалық әсерін бөлек бағалауға мүмкіндік берді.

Тарихи дәлдік салыстырмалы талдау арқылы тексерілді. Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ» және «Шешенің балаларын сүюі» мәтіндері түпнұсқамен салыстырылды, Мағжан Жұмабаевтың кей идеялары «Педагогика» еңбегімен салыстырылып қаралды. Бір видеода мәтін толық сәйкес келді, екіншісінде тек негізгі ой сақталған, үшіншісінде қазіргі мотивациялық тілге ауысқан. Айырмашылық бірден көрінеді, бірақ ол әрдайым әдейі бұрмалау емес, кейде форматтың қысқалығы да өз әсерін тигізген болуы мүмкін. Кей видео да дерек өзгермейді, бірақ форма өзгереді.

Дыбысталу мен визуалды монтаж кейіпкерді жаңа қырынан танытады. Әлеуметтік желідегі ЖИ видеолардың тарихи мазмұны, деректердің дәлдігі, визуалдың шынайылығы, дауыс пен интонацияның берілу ерекшеліктері зерттеу маңызды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттелген кей видеоларда мәтін түпнұсқаға жақын қалпында берілген. М. Дулатұлының «Шешенің балаларын сүюі» сияқты өлеңдерде сөз өзгермейді, құрылым бұзылмайды. Қарапайым факт: 1 минуттық роликте толық өлең мәтіні оқылады. Дауыс синтезі бірқалыпты, үзілістер табиғи. Визуалды контент ретінде архивтік фотолармен сәйкестік бар. ЖИ жаңа мазмұн ойлап таппайды, бар мәтінді тек басқа формаға көшіреді. Цифрлық мұра (digital heritage) бойынша мұндай модельдер мұраны «қайта жазу» емес, «қайта ұсыну» ретінде сипатталады (Manovich, 2020).

А. Байтұрсынұлы немесе Ә. Бөкейхан туралы қысқа роликтерде тарихи мәтін сақталғанымен, оны беру тәсілі өзгерген. Бірінші жақтағы сөйлеу қосылған, «мен осылай ойлаймын» типіндегі құрылыммен жасалған. Эмоциялық әсері күшейтілген, TikTok логикасына ыңғайланған тәсіл десе болады. Синтетикалық дауыс қазақ тіліндегі кей морфологиялық формаларды дұрыс айтпайды. Сан есімдер мен жалғаулардың айтылуында қате қолданыстар бар. ЖИ қазақ ті-

ліндегі тілдік модельдерінің ілң де толық жетілмегенін көрсетеді. Шын мәнінде тарихи мазмұн бар, бірақ оның дыбыстық репрезентациясында айтарлықтай кемшін түстары бар.

Талдау барысында тарихи мәтіндердің бастапқы мәнмәтіннен ажырау анықталды. ЖИ генерациялаған контентте ағартушылық мазмұн мен платформаның коммерциялық және маркетингтік интерфейсі арасында гибридті баяндау үлгісі қалыптасқан. М. Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңін қазіргі жастар үйымдарын, кейде мемлекеттік немесе институционалдық бастамаларды сипаттайтын мәтінмен қатар берілуі жиі кездеседі. Мағына жоғалмайды, бірақ оның бағыты басқа арнаға ауысқан.

Өлеңнің әдеби өзегі толық бұзылмайды, бірақ қызметі өзгерген. Бір кезде поэтикалық мәтін болған сөз енді символдық белгі ретінде қызмет жасайды. Ғылымда бұл құбылысты *цифрлық кейінгі өмір* (digital afterlife) және *генеративті бейнелер* (generative ghosts) ұғымдарымен сипаттайды. Яғни тарихи тұлғалардың цифрлық деректерін ЖИ арқылы жасалған бейнесі арқылы өмір сүруін білдіреді. Аудитория түпнұсқа мәтін мен өңделген нұсқаны ажырата бермеуі мүмкін (Morris & Brubaker, 2025).

Тағы бір модель – бірнеше тарихи тұлғаны бір баяндауға біріктіру. А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхан, М. Дулатұлы бір видеода бірінен кейін бірі сөйлейтін сценарийге енгізіледі. Барлығы бір идеяны күшейту үшін құрастырылған. Монтаж сапасы жоғары, синтетикалық дауыс сенімді, кәсіби өнім дайындалған. Бірақ дереккөз көрсетілмеген, тарихи ойлар қысқа идеологиялық тезиске айналып кеткенін байқауға болады. Күрделі интеллектуалдық мазмұн 1 минуттық форматқа бейімделіп, ықшамдалады.

ЖИ-видеолар бір уақытта тарихи реконструкция мен қазіргі медиа баяндауды қатар құрастырады. Кейде визуал тарихи дәлдікке жақын, бірақ монтаж оны эмоциялық форматқа бұрады, кейде керісінше болады. 1-кестеде мәтін, визуал және синтетикалық дауыс жеке өлшемдер ретінде берілген.

1-кесте
Әлеуметтік желілерде жарияланған ЖИ видеолардың басты сипаттамалары

№	Тарихи тұлға	Платформа	Ұзақтығы	Мәтіннің тарихи дәлдігі	Визуал сапасы	Дыбыстық сипат	Мазмұндық бағыт
1	Ахмет Байтұрсынұлы	TikTok	0:51	Жоғары деңгейде сақталған	Жоғары сәйкестік	Табиғи, бұрмаланусыз	Ағартушылық мазмұн
2	Әлихан Бөкейхан	YouTube	1:32	Дәлдігі жоғары	Архивпен үйлеседі	Интонациялық ауытқу бар	Биографиялық сипат
3	Мағжан Жұмабаев	Instagram	0:40	Түпнұсқаға жақын	Визуал сәйкес	Табиғи дыбысталу	Ағартушылық бағыт
4	Ахмет Байтұрсынұлы	YouTube Shorts	0:20	Орташа деңгей	Жоғары сапа	Табиғи оқу	Биографиялық формат
5	Әлихан Бөкейхан	YouTube Shorts	0:30	Орташа дәлдік	Жоғары сәйкестік	Қалыпты интонация	Мотивациялық контекст
6	Мағжан Жұмабаев	TikTok	0:35	Орташа бұрмалану	Төмен сәйкестік	Табиғи, бірақ әлсіз	Патриоттық реңк
7	Міржақып Дулатұлы	TikTok	1:08	Жоғары дәлдік	Жоғары сәйкестік	Табиғи оқу	Әдеби мазмұн
8	Міржақып Дулатұлы	TikTok	0:49	Жоғары	Жоғары	Интонация әлсіреген	Әдеби бағыт
9	Міржақып Дулатұлы	TikTok	0:30	Төмен дәлдік	Орташа деңгей	Табиғи	Мотивациялық контент
10	Бірнеше Алаш қайраткерлері	TikTok	0:40	Орташа	Жоғары	Табиғи дыбыс	Патриоттық фрейм

Ескертпе: авторлар құрастырған

Фреймдік талдау нәтижесінде әлеуметтік желілердегі ЖИ контенттің мазмұны көбіне ағартушылық және патриоттық бағытта құрылатынын байқатты. Мұндай видеоларда тарихи тұлғалардың бейнесі жиі білім беру құралы немесе ұлттық бірегейлікті күшейтетін символдық ресурс ретінде пайдаланылған (2-кесте).

Фрейм – медиа зерттеулерде тек форма емес, мағынаны ұйымдастыру тәсілі. Дерек берілу формасы өзгерсе, оның қабылдануы да өзгереді. Қысқа видео форматта бұл әсер күшейеді. Тарихи тұлғалардың цифрлық бейнесінде мәтін, дауыс және монтаж бірігіп бір құрылым жасайды. Кейде тарихи дәйексөз TikTok-та мотивациялық мазмұнға айналып, бастапқы контекст жоғалады (3-кесте).

2-кесте
Видеоларда мазмұндық фреймдердің таралу құрылымы (авторлық талдау негізінде)

Мазмұндық фрейм	Бейне саны	Үлесі (%)
Ағартушылық бағыт	3	30%
Ұлттық–патриоттық мазмұн	2	20%
Өмірбаяндық формат	2	20%
Мотивациялық сипат	2	20%
Әдеби репрезентация	1	10%
Жалпы жиынтық	10	100%

Ескертпе: авторлар құрастырған

3-кесте
Жасанды интеллект негізінде жасалған тарихи репрезентациялардағы негізгі қателіктердің сипаттамасы (авторлық жинақ)

Қате түрі	Видео саны	Үлес (%)	Мысал
Фонетикалық және тілдік ауытқулар	3	30%	Реттік сан есімдердің дұрыс айтылмауы
Интонациялық сәйкессіздік	2	20%	Кідірістердің мағыналық орындарда дұрыс қойылмауы
Визуалдық сәйкессіздік	1	10%	Тарихи тұлға бейнесінің архивтік фотосуретпен толық сәйкес келмеуі
Түпнұсқа мәтіннің бұрмалануы	1	10%	«Шәкірт» өлеңі мәтінінің өзгертілген нұсқада берілуі
Мәтіннің қысқартылуы	3	30%	Тарихи мәтіннің ықшамдалып, мазмұндық бөлігі азаюы

Ескертпе: авторлар құрастырған

Үшінші кестеде жасанды интеллект көмегімен жасалған тарихи контент мазмұнындағы қателер бірнеше топқа бөліп қарастырылды. Әлеуметтік желілерде (TikTok, Instagram Reels форматтарындағы 2024-2025 жылдардағы жазбалар) жиі кездесетін мәселе – тілдік дәлсіздік пен мағынаның ығысуы.

1-видео – Ахмет Байтұрсынұлы туралы видео (TikTok, 2024).

Бейненің ішіндегі мәтін бірден цитата ретінде берілмейді, ол көбірек «түсіндірме сөйлеу» деңгейінде жасалған. «Мен қарапайым ұстазбын» деген тіркес дәл сол күйінде тарихи дерекқоздерде кездеспейді, бірақ Байтұрсынұлының 1913–1918 жылдары «Қазақ» газетін шығарған кезеңіндегі ағартушылық позициясына жақын идеяны қайталайды. Яғни нақты сөз емес, мағынаға жақындатылған қайта құрастыру бар.

TikTok форматында орташа видео ұзақтығы 20-40 секунд болғандықтан, мәтін де қысқарып, күрделі тарихи контекст жоғалады. А. Байтұрсынұлының ағартушылық қызметі нақты оқу реформаларына, әліпби түзету жұмыстарына және 1926 жылғы Баку түркітану құрылтайына дейінгі ғылыми дискуссияларға тіреледі. Видеода осы контекст жоқ, тек «ұстаз» бейнесі қалады. Іс жүзінде бұл толық бұрмалау емес, бірақ тарылтылған бейнені қалыптастырған.

Видеода қолданылған суреттер архивтік фотосуреттерге ұқсас стильде берілген, бұл қабылдауда сенімділік әсерін күшейтеді. Дегенмен цифрлық реконструкция нақты дерекпен тексерілмесе, визуалдық ұқсастықтың өзі жалған түсінік қалыптастыруы мүмкін. Дыбыстық қатарда синтетикалық дауыс бірқалыпты, паузалар жасанды түрде теңестірілген, сондықтан сөйлеу табиғи естіледі, бірақ эмоциялық вариация аз. 2024 жылы жасалған осындай генеративті видеоларда дәл осы параметр – интонацияның «тым тегістігі» – жиі кездесетін белгі ретінде тіркелген. Аудитория көп жағдайда тарихи дәлдікке емес, дыбыстың табиғилығына қарап сенім қалыптастырады. Сол себепті бұл бейне ақпараттық жағынан шектеулі болса да, әсер ету деңгейі жоғары.

2-видео – Әлихан Бөкейхан өмірбаяны (YouTube, 2024).

Видеода баяндау «бірінші жақта», яғни тарихи тұлғаның өзі сөйлеп тұрғандай әсер береді. Бұл тәсіл соңғы жылдары білім беру каналдарда көбейіп кетті, себебі 30-60 секундтық қысқа түсіндірме формат аудиторияны баурап алады. Мәтіннің ішіндегі негізгі фактілер – туған жері, оқу жолы, қоғамдық қызметі барлығы тарихи деректермен сәйкес келеді. Дауыстық қабатта қателер көбірек байқалады. Реттік сан есімдер толық айтылмайды, кей морфологиялық формалар ауысып кеткен – мысалы «алдым» орнына «аладым» сияқты қате айтылымдар тіркелген. Бұл жай техникалық ұсақтық емес, қазақ тілінің агглютинативті құрылымына байланысты күрделі жалғауларды тұрақты сақтай алмағаны байқалады. Нәтижесінде сөйлеу табиғи естіледі, бірақ грамматикалық «із» үзіліп тұрады.

Визуалдық қатар архивтік фотосуреттерге жақын стильде құрастырылған, сондықтан тарихи сенімділік сезімі жоғары. Бірақ дыбыс пен сурет бір деңгейде жұмыс емес. Визуал шынайы көрінеді, ал дауыс жасанды болғандықтан оқиға тізбектерінен қалып қояды. Медиазерттеулерде мұндай жағдай «тарихи тосын жағдай» (uncanny historical effect) ретінде сипатталады. Демек көз сенеді, құлақ күмәнданады. Аудиторияның бір бөлігі мұны байқамайды да, тек жалпы әсерге сүйенеді. Сондықтан бейне мазмұны ақпараттық жағынан дұрыс бағытта тұрғанымен, цифрлық репрезентация деңгейінде толық тұрақтылықты дей алмаймыз.

3-видео – Мағжан Жұмабаев қазір болса... (Instagram, 2026).

Инстаграм әлеуметтік желісінде рилс форматында Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінен алынған үзінді беріледі. 1920 жылдары жазылған мәтін. Сол жерде төрт бағыт қатар аталады: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, эстетикалық тәрбие, мінез тәрбиесі. Қарапайым көрінгенімен, бұл Мағжан жүйесінің өзегі. Видеода осы төрттік сақталған, мәтін түпнұсқаға жақын. Бірақ жалғасы бірден басқа арнаға ауысады – әлеуметтік желі интерфейсінде платформа атауы мен шақыру элементтері пайда болады. Бір кадрда педагогикалық мәтін оқылып жатыр, келесі кадрда сол мәтіннің үстінен «Shyraq.ai» стиліндегі интерфейс пен жарнамалық бағыт қосылады. Видеоматериалдарды талдау барысында сәйкессіздіктер анықталды. 15-20 секундтық видеода тарихи мазмұнды коммерциялық элемент ығыстырып жібергендей әсер қалдырады.

Мағжанның тәрбие туралы жүйесі оқу–тәрбие процесіне бағытталған болса, видеода ол қысқа мотивациялық блок ретінде берілген. Білім беру логикасына маркетингтік жарнама ілеседі. Осы екі бағыттың қатар жүруі гибридті баяндау туғызады. Тарихи мәтін сақталады, бірақ оның айналасындағы мағына басқа мақсатқа бейімделеді. Визуалдық жағынан қарағанда, вертикальді формат, қысқа титрлар, жылдам ауысатын кадрлар стандартты Instagram интерфейсіне бейімделген.

4-видео – Ахмет Байтұрсынұлы туралы қысқа биографиялық видео (YouTube Shorts, 2024).

Ахмет Байтұрсынұлы туралы мәлімет бірнеше негізгі дерекке сүйенген. Оның 1872 жылы туғаны, Алаш қозғалысына қатысуы және қазақ тіл білімін жүйелеудегі рөлін фактологиялық тұрғыдан айқындайды. Бірақ баяндау тәсілі толық архивтік мәтінге сүйенбейді. Керісінше қысқартылған реконструкцияға жақындатып береді. Тарихи деректер бір сөйлемдік блоктарға жинақталып, бірінші жаққа ұқсас баяндау стилінде беріледі. 20 секундтық уақыт шектеуі контексті қысқартуға мәжбүр еткен, сондықтан Алаш қозғалысының ішкі саяси динамикасы мен тіл реформасына қатысты кең ғылыми негіздер мүлде көрінбейді. Нәтижесінде ақпарат толық дерек емес, іріктелген ықшам нұсқа деңгейінде қалады.

5-видео – Әлихан Бөкейханның нақыл сөздері (YouTube Shorts, 2024).

Видео Ә. Бөкейханға телінетін қысқа афоризмдер ретінде құрастырылған, бірақ олардың нақты қай еңбектен алынғаны көрсетілмейді. Мазмұн ұлттық жауапкершілік, қоғамдық сана, азаматтық мінез сияқты тақырыптарға сүйенеді. Ә. Бөкейханның 1910–1920 жылдардағы публи-

цистикалық еңбектеріндегі идеялық бағытпен жалпы деңгейде сәйкес келеді, алайда мәтін түпнұсқа цитата емес, идеяны қысқартылған формада қайта құрастыруға жақын. 20-30 секундтық Shorts форматы контексті кең ашуға мүмкіндік бермейді, сондықтан күрделі тарихи ой бір-екі сөйлемге сыйғызылып, тек әсер қалдыратын деңгейде беріледі. Дерек пен интерпретация арасындағы шекара көмескіленіп, контент афоризм мен реконструкцияның аралық формасында қалады.

6-видео – Магжан Жұмабаев «Мен жастарға сенемін» (TikTok, 2024).

Видео 2024 жылы Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңіне негізделген мотивациялық контент ретінде жарияланған. Өлең мәтіні тарихи нұсқасымен сәйкес келеді және XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясындағы жастарға бағытталған ағартушылық идеялардың бірін көрсетеді. Видео қазіргі жастар үйымдарын таныстыруға немесе насихаттауға жақын мәтінмен жалғасады. Әдеби мәтіннің бастапқы контексі сақталғанымен, оның функциясы өзгеріп, поэтикалық мазмұн институционалдық және мотивациялық коммуникацияға ығыстырылған. Соңғы жылдары тарихи өлеңдер қысқа әлеуметтік үндеулерге бейімделіп берілу тәсілдері көп кездеседі

7-видео – Міржақып Дулатұлы «Шешенің балаларын сүюі» (TikTok, 2024).

М. Дулатұлының «Шешенің балаларын сүюі» өлеңін толық мәтін күйінде аудио-визуал форматта ұсынған. Өлеңнің құрылымы мен сөздік қабаты өзгертілмеген, редакциялық қысқарту жоқ, тарихи-әдеби тұрғыдан мәтін түпнұсқаға сәйкес келеді. М. Дулатұлы поэзиясындағы аналық махаббат пен моральдік тәрбие тақырыбы сақталған, бірақ оны жеткізу тәсілі TikTok-тағы қысқа аудио форматына бейімделген. Дикция мен интонация мағыналық паузалармен бөлінген, ырғақ баяу, арасында жылдам оқылады. Поэзияның ішкі динамикасын аудиторияға сенімді жеткізуге ұмтылған. Визуалдық қатар архивтік фотосуреттермен берілген, деректік сәйкестік сақталған. Мәтін енді классикалық оқу тәжірибесі емес, цифрлық медиа өнім ретінде қабылданады.

8-видео – Міржақып Дулатұлы – «Оян, қазақ» өлеңі (TikTok, 2024).

Видеода «Оян, қазақ» шығармасынан алынған мәтін беріледі, мазмұны түпнұсқа дерекпен сәйкес келеді. 1909 жылы жарық көрген нұсқадағы негізгі идеялық құрылымнан ауытқымайды, бірақ орындау кезінде өлеңнің интонациялық қабаты толық ашылмай қалған. Сөздер дұрыс оқылғанымен, мағыналық екпіндер мен паузалар бірқалыпты беріліп, өлеңнің ішкі ырғақтық динамикасы тегістеліп кеткен. Нәтижесінде мәтін өзгермесе де, оны қабылдау деңгейі әлсірейді, себебі поэзиядағы негізгі әсер беруші элементтердің бірі – интонация. Техникалық тұрғыда толық жеткізілмеген, синтетикалық дауыс жүйелеріне тән шектеу бар. Фонетикалық дәлдік сақталғанымен, эмоционалдық тұрғыдан аудиторияны өзіне сендіре алмайды.

9-видео – Міржақып Дулатұлы «Шәкірт» атты видео (TikTok, 2024).

Видео «Шәкірт» өлеңіне арналған, бірақ экрандағы мәтін Міржақып Дулатұлының түпнұсқа өлеңімен толық сәйкес келмейді. 1910-1915 жылдар аралығында қалыптасқан «шәкірт, ғылым, кедейлік» желісі орнына жалпы мотивациялық сипаттағы бейтарап мәтін берілген, сондықтан авторлық атрибуция сақталғанымен, мазмұндық сәйкестік бұзылған. Нақты өлеңде шәкірттің әлеуметтік жағдайы мен білім жолындағы күрделі шынайылық бар, ал видеода орнына әмбебап мотивациялық үндеу қалған. Іс жүзінде мұндай ығысу көрерменнің тарихи мәтінді нақты тануына кедергі келтіреді, ал мәтін кең тараған сайын әдеби мұра туралы қате түсінік қалыптасу қаупі күшейеді. Мотивациялық бейімдеу мен мәтіндік бұрмалау арасындағы шекара әрдайым анық ажыратылмайды.

10-видео – Алаш қайраткерлері туралы видео (TikTok, 2024).

Видеода бірнеше Алаш қайраткері кезекпен сөйлейді. Кадр сапасы жақсы, тарихи тұлғалардың бейнелері архивтік фотосуреттермен сәйкес келеді. Кей жерлерде әртүрлі жылдардағы визуал материалдар аралас қолданылады. Дауыс жазбасы анық, интонациясы бірқалыпты берілген.

4. Халықаралық салыстырмалы дискурстың ерекшеліктері. Салыстырмалы талдау Ясауи мұрасының халықаралық медиада түркі-ислам өркениетінің бөлігі ретінде, ал отандық медиада ұлттық руханият пен мәдени кодтың негізгі элементі ретінде түсіндірілетінін көрсетті. Бұл екі деңгей бірін-бірі толықтыратын қосарлы имидждік құрылым қалыптастырады. Осылайша, зерттеу Ясауи мұрасының туристік имиджі медиа кеңістікте жүйелі түрде репрезентацияланатынын және оның мазмұны тарихи аспектілермен шектелмей, рухани және символикалық деңгейде кеңейетінін көрсетеді. Бұл үдеріс мәдени мұраны цифрлық медиада бейнелеу, туристік имидж қалыптастыру және рухани туризм коммуникациясы салаларындағы жаңа ғылыми тәсілдердің қалыптасуына негіз болады.

Авторлардың үлесі

Бельдибекова А.Т. – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, теориялық деректерді жинақтау, мәтінді жазу және редакциялау.

Әбдіхалық О.М. – эмпирикалық деректерді жинау, талдау жүргізу, мәтінді өңдеу және зерттеу үдерісін ұйымдастыру.

Байсеит С.Е. – ғылыми деректерді жинақтау және өңдеу, зерттеу жүргізу, дереккөздермен жұмыс істеу.

Әдебиеттер

Ахметова, Л. С., & Ахметов, С. С. (2023). Территориальный брендинг города Алматы и области в формировании туристического имиджа Республики Казахстан. *Herald of Journalism*, *69*(3), 27–40. https://doi.org/10.26577/HJ.2023.v69.i3.03

Anholt, S. (2007). *Competitive identity: The new brand management for nations, cities and regions*. Palgrave Macmillan. ISBN-13: 978-0-230-50028-0

Baloglu, S., McCleary, K. W. (1999). A model of destination image formation. *Annals of Tourism Research*, *26*(4), 868–897. https://doi.org/10.1016/S0160-7383(99)00030-4

Blain, C., Levy, S. E., & Ritchie, J. R. B. (2005). Destination branding: Insights and practices from destination management organizations. *Journal of Destination Marketing & Management*, *1*(4), 328–338.

Cai, L. A. (2002). Cooperative branding for rural destinations. *Journal of Travel Research*, *40*(3), 235–243. https://doi.org/10.1177/0047287502040003006

Crompton, J. L. (1979). An assessment of the image of Mexico as a vacation destination. *Journal of Travel Research*, *18*(4), 18–23. https://doi.org/10.1177/004728757901800404

Echtner, C. M., & Ritchie, J. R. B. (1991). The meaning and measurement of destination image. *Journal of Travel Research*, *31*(4), 3–13. https://doi.org/10.1177/004728759303100402

Jacobsen, J. K. S. (2014). Tourist experience and destination image. *Tourism Geographies*, *16*(4), 546–564.

Kavaratzis, M. (2008). From city marketing to city branding: An interdisciplinary analysis. *Journal of Place Management and Development*, *1*(1), 58–73.

Kavaratzis, M. & Hatch M. (2013). The dynamics of place brands: An identity-based approach to place branding theory. Marketing Theory, 13(1), 69–86. https://doi.org/10.1177/1470593112467261

Кожамкулова, Ж.Т. (2017). Маркетинг туристических зон для создания привлекательного имиджа региона. *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің хабаршысы. Экономика сериясы*, №2 (120). 115-120 бб.

Көлбаева, М. & Нақыпбекова, С. (2025). Түркістан қаласының туристік бренд әлеуетін SWOT-талдау негізінде бағалау // *Халықаралық туризм және меймандостық университетінің ғылыми журналы*. №3(9). 350–364 б. DOI: https://doi.org/10.62867/3007-0848.2025-3.09

Luong, T. H., & Rudolf, A. (2022). Destination image and digital communication. *Journal of Destination Marketing & Management*, *23*, 100678. https://doi.org/10.1016/j.jdmm.2022.100678

Morgan, N., Pritchard, A., & Pride, R. (2011). *Destination brands: Managing place reputation*. Routledge.

Pike, S. (2002). Destination image analysis: A review of 142 papers from 1973 to 2000. *Tourism Management*, *23*(5), 541–549. https://doi.org/10.1016/S0261-5177(02)00030-5

Pine, B. J., & Gilmore, J. H. (1999). *The experience economy: Work is theatre & every business a stage*. Harvard Business School Press.

Ruiz-Real, J. L., Uribe-Toril, J., Gázquez-Abad, J. C., & De Pablo Valenciano, J. (2020). Destination branding and tourism image: A bibliometric analysis. *Sustainability*, *12*(15), 6207. https://doi.org/10.3390/su12156207

Smykova, M. (2015). Қазақстанның туристік бренді: Экономикалық және маркетингтік аспектілер. *International Economic and Economic Cooperation Analysis Journal*.

Stepchenkova, S., & Mills, J. E. (2010). Destination image: A meta-analysis of image measurement studies. *Journal of Travel Research*, *49*(2), 243–256. https://doi.org/10.1177/0047287509336479

Тлеубердинова, А.Т., Шаекина, Ж.М., Салауатова, Д.М., Торжанова, Д.А. (2017). Қазақстанды туристік бағыт ретінде қабылдау. Вестник Карагандинского университета. Серия «Экономика». №1(85)/2017, 27-36.

Turgambekova, Z. E., & Agybetova, R. E. (2023). Scientific approaches to defining the concept of «destination branding». *Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Экономика сериясы*, №4/2020, 203-214 бб. DOI: https://doi.org/10.32523/2079-620X-2020-4-203-214

Xiang, Z., & Gretzel, U. (2010). Role of social media in online travel information search. *Tourism Management*, *31*(2), 179–188. https://doi.org/10.1016/j.tourman.2009.02.016

Электронды ресурстар:

Government of Kazakhstan. (2024). *Tourism and culture in Turkistan region*. https://www.gov.kz/memleket/entities/tourism/press/news/details/725851

Kazakh Tourism. (n.d.). *Kazakhstan. Very nice!* https://www.kazakh-tourism.kz/

Lonely Planet. (n.d.). *Konya travel guide*. https://www.lonelyplanet.com/turkey/konya

National Geographic. (n.d.). *Environment: Ganges River*. https://www.nationalgeographic.com/environment/article/ganges-river-india-pollution

National Geographic. (n.d.). *Travel: Kazakhstan*. https://www.nationalgeographic.com/travel/article/kazakhstan

SilkWay TV. (2024). *Over 235,000 tourists visit Turkistan region since beginning of year*. https://silkwaytv.kz/en/over-235-000-tourists-visit-turkistan-region-since-beginning-of-year_47475

TRT Avaz. (n.d.). *Yesevi Sohbetleri [Yesevi Conversations]*. https://www.trtavaz.com.tr/program/yesevi-sohbetleri/82993

Türkiye Diyanet Vakfı İslâm Ansiklopedisi. (n.d.). *Ahmed Yesevi*. https://islamansiklopedisi.org.tr/ahmed-yesevi

UNESCO World Heritage Centre. (n.d.). *Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi*. https://whc.unesco.org/en/list/700

UNESCO World Heritage Centre. (n.d.). *Old City of Jerusalem and its Walls*. https://whc.unesco.org/en/list/148

UNESCO World Heritage Centre. (n.d.). *World Heritage List*. https://whc.unesco.org/en/list/1103/

Visit Turkistan. (n.d.). *Official tourism platform of Turkistan region*. https://www.visitturkistan.kz/

References

Akhmetova, L. S., & Akhmetov, S. S. (2023). Territoriial'nyi brending goroda Almaty i oblasti v formirovanii turisticheskogo imidzha Respubliki Kazakhstan [Territorial branding of Almaty city and region in forming the tourist image of the Republic of Kazakhstan]. *Herald of Journalism*, 69(3), 27–40. https://doi.org/10.26577/HJ.2023.v69.i3.03

Anholt, S. (2007). *Competitive identity: The new brand management for nations, cities and regions*. Palgrave Macmillan.

Baloglu, S., & McCleary, K. W. (1999). A model of destination image formation. *Annals of Tourism Research*, 26(4), 868–897. https://doi.org/10.1016/S0160-7383(99)00030-4

Blain, C., Levy, S. E., & Ritchie, J. R. B. (2005). Destination branding: Insights and practices from destination management organizations. *Journal of Travel Research*, 43(4), 328–338. https://doi.org/10.1177/0047287505274646

Cai, L. A. (2002). Cooperative branding for rural destinations. *Journal of Travel Research*, 40(3), 235–243. https://doi.org/10.1177/0047287502040003006

Crompton, J. L. (1979). An assessment of the image of Mexico as a vacation destination. *Journal of Travel Research*, 18(4), 18–23. https://doi.org/10.1177/004728757901800404

Echtner, C. M., & Ritchie, J. R. B. (1991). The meaning and measurement of destination image. *Journal of Travel Research*, 31(4), 3–13. https://doi.org/10.1177/004728759303100402

Jacobsen, J. K. S. (2014). Tourist experience and destination image. *Tourism Geographies*, 16(4), 546–564. https://doi.org/10.1080/14616688.2014.932829

Kavaratzis, M. (2008). From city marketing to city branding: An interdisciplinary analysis. *Journal of Place Management and Development*, 1(1), 58–73. https://doi.org/10.1108/17538330810865337

Kavaratzis, M., & Hatch, M. J. (2013). The dynamics of place brands: An identity-based approach to place branding theory. *Marketing Theory*, 13(1), 69–86. https://doi.org/10.1177/1470593112467261

Kolbaeva, M., & Nakypbekova, S. (2025). Turkistan qalasynyn turistik brend aeleuetin SWOT-taldau negizinde bagalau [Assessment of the tourism brand potential of Turkestan city based on SWOT analysis]. *Scientific Journal of the International University of Tourism and Hospitality*, 3(9), 350–364. https://doi.org/10.62867/3007-0848.2025-3.09

Kozhamkulova, Zh. T. (2017). Marketing turisticheskikh zon dlya sozdaniya privlekatel'nogo imidzha regiona [Marketing of tourist areas to create an attractive image of the region]. *Bulletin of KazNU. Economic Series*, 2(120), 115–120.

Luong, T. H., & Rudolf, A. (2022). Destination image and digital communication. *Journal of Destination Marketing & Management*, 23, Article 100678. https://doi.org/10.1016/j.jdmm.2022.100678

Morgan, N., Pritchard, A., & Pride, R. (Eds.). (2011). *Destination brands: Managing place reputation* (3rd ed.). Routledge.

Pike, S. (2002). Destination image analysis: A review of 142 papers from 1973 to 2000. *Tourism Management*, 23(5), 541–549. https://doi.org/10.1016/S0261-5177(02)00030-5

Pine, B. J., & Gilmore, J. H. (1999). *The experience economy: Work is theatre & every business a stage*. Harvard Business School Press.

Ruiz-Real, J. L., Uribe-Toril, J., Gázquez-Abad, J. C., & De Pablo Valenciano, J. (2020). Destination branding and tourism image: A bibliometric analysis. *Sustainability*, 12(15), Article 6207. https://doi.org/10.3390/su12156207

Smykova, M. (2015). Qazaqstannyn turistik brendi: Ekonomikalyq zhane mekeingtik aspektiler [Tourist brand of Kazakhstan: Economic and marketing aspects]. *International Economic and Economic Cooperation Analysis Journal*, 4(12), 45–52.

Stepchenkova, S., & Mills, J. E. (2010). Destination image: A meta-analysis of image measurement studies. *Journal of Travel Research*, 49(2), 243–256. https://doi.org/10.1177/0047287509336479

Tleuberdinova, A. T., Shayekina, Zh. M., Salauatova, D. M., & Torzhanova, D. A. (2017). Qazaqstandy turistik bagyt retinde qabyldau [Perception of Kazakhstan as a tourist destination]. *Bulletin of the Karaganda University. Economy Series*, 1(85), 27–36.

Turgambekova, Z. E., & Agybetova, R. E. (2020). Scientific approaches to defining the concept of "destination branding". *Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Economic Series*, 4, 203–214. https://doi.org/10.32523/2079-620X-2020-4-203-214

Xiang, Z., & Gretzel, U. (2010). Role of social media in online travel information search. *Tourism Management*, 31(2), 179–188. https://doi.org/10.1016/j.tourman.2009.02.016

Electronic Resources

Government of Kazakhstan. (2024). *Tourism and culture in Turkistan region*. https://www.gov.kz/memleket/entities/tourism/press/news/details/725851

Kazakh Tourism. (n.d.). *Kazakhstan. Very nice!* https://www.kazakh-tourism.kz/

Lonely Planet. (n.d.). *Konya travel guide*. https://www.lonelyplanet.com/turkey/konya

National Geographic. (n.d.). *Environment: Ganges River*. https://www.nationalgeographic.com/environment/article/ganges-river-india-pollution

National Geographic. (n.d.). *Travel: Kazakhstan*. https://www.nationalgeographic.com/travel/article/kazakhstan

SilkWay TV. (2024). *Over 235,000 tourists visit Turkistan region since beginning of year*. https://silkwaytv.kz/en/over-235-000-tourists-visit-turkistan-region-since-beginning-of-year_47475

TRT Avaz. (n.d.). *Yesevi Sohbetleri [Yesevi Conversations]*. https://www.trtavaz.com.tr/program/yesevi-sohbetleri/82993

Türkiye Diyanet Vakfı İslâm Ansiklopedisi. (n.d.). *Ahmed Yesevi*. https://islamansiklopedisi.org.tr/ahmed-yesevi

UNESCO World Heritage Centre. (n.d.). *Mausoleum of Khoja Ahmed Yasawi*. https://whc.unesco.org/en/list/700

UNESCO World Heritage Centre. (n.d.). *Old City of Jerusalem and its Walls*. https://whc.unesco.org/en/list/148

UNESCO World Heritage Centre. (n.d.). *World Heritage List*. https://whc.unesco.org/en/list/1103/

Visit Turkistan. (n.d.). *Official tourism platform of Turkistan region*. https://www.visitturkistan.kz/

Авторлар туралы мәлімет:

А.Т. Бельдибекова (корреспонденттік автор) – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы Ясауитану ғылыми орталығының ғылыми қызметкері (Түркістан, Казахстан, e-mail: aliyabeldibekova@gmail.com).

О.М. Әбдіхалық – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті журналистика факультеті PhD-докторанты (Алматы, Қазақстан, эл.поштасы: oljas9906@gmail.com).

С.Е. Байсеит – діntану магистрі, «Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы Ясауитану ғылыми орталығының ғылыми қызметкері. (Түркістан, Казахстан, e-mail: baiseit.s@gmail.com).

Information about the authors:

A.T. Beldibekova (corresponding author) – candidate of philological sciences, associate professor, senior researcher of the Scientific Center Yasauitanu of the National Historical and Cultural Museum-Reserve «Aziret-Sultan» (Туркестан, Казахстан, e-mail: aliyabeldibekova@gmail.com).

O.M. Abdikhalyk – PhD student at the Faculty of Journalism of Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: oljas9906@gmail.com).

S.E. Baiseit – Master of Religious Studies, Researcher at the Yasauitanu Research Center of the «Azret Sultan» National Historical and Cultural Museum-Reserve (Turkistan, Kazakhstan, e-mail: Baiseit.s@gmail.com).

Сведения об авторах:

А.Т. Бельдибекова (автор для корреспонденции) – кандидат филологических наук, доцент, старший научный сотрудник Научного центра Ясауитану Национального историко-культурного музея-заповедника «Әзірет Сұлтан» (Туркестан, Казахстан, e-mail: aliyabeldibekova@gmail.com).

О.М. Әбдіхалық – PhD-докторант факультета журналистики Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: oljas9906@gmail.com).

С.Е. Байсеит – магистр религиоведения, научный сотрудник Научного центра Ясауитану Национального историко-культурного музея-заповедника «Әзірет Сұлтан» (Туркестан, Казахстан, e-mail: Baiseit.s@gmail.com).

Келіп түсті: 14 қаңтар 2026 жыл
Қабылданды: 18 шілде 2026 жыл

ҒТАМР 19.21.11 https://doi.org/10.26577/HJ81320268

Ж.Т. Әлміш*, А.Б. Акынбекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail: zalmish@mail.ru

ЖУРНАЛИСТИКАҒА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЫҚПАЛЫ: SWOT-АНАЛИЗ АРҚЫЛЫ ТАЛДАУ

Зерттеу жұмысы жасанды интеллекттің журналистика саласына ықпалын кешенді түрде талдауға бағытталған. Қазіргі уақытта жасанды интеллект технологиялары қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларына кеңінен еніп, журналистиканың кәсіби тәжірибесіне де елеулі өзгерістер енгізуде. Оларды медиа өндірісінде қолдану ақпаратты жинау, өңдеу және тарату үдерістерін жеделдетіп, бірқатар операцияларды автоматтандыруға және журналистік қызметтің жаңа формаларының қалыптасуына мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеуде жасанды интеллекттің журналистикадағы трансформациялық рөлі, оның медиа индустриясының дамуына ықпалы және оны қолдану барысында туындайтын ықтимал тәуекелдер қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты – жасанды интеллект технологияларының журналистика саласының дамуына әсерін, кәсіби журналистік тәжірибелердің өзгеруін және олардың медиа өндірісінде қолданылу ерекшеліктерін анықтау. Осы мақсатқа сәйкес конвергентті журналистиканың эволюциясы, жасанды интеллектті қолданудың халықаралық тәжірибесі және оның редакциялық үдерістерге ықпалы талданады. Сонымен қатар автоматтандырылған журналистика, деректерге негізделген жаңалық өндіру және медиаконтентті тарату үдерістері SWOT-талдау әдісі арқылы бағаланады. Зерттеу барысында аталған технологияларды қолданудың журналистік этика қағидаттары мен кәсіби стандарттарға сәйкестігі де сараланады.

Зерттеу нәтижелері жасанды интеллекттің журналистерді толық алмастыратын технологиядан гөрі олардың кәсіби қызметінің тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін құрал ретінде қарастырылатынын көрсетті. Жасанды интеллект ақпаратты жинау, өңдеу және тарату үдерістерін оңтайландыруға жағдай жасағанымен, шығармашылық ойлау, сыни талдау және этикалық шешім қабылдау сияқты журналистік қызметтің маңызды құрамдас бөліктері адам факторымен тығыз байланысты болып қала береді. Сонымен қатар медиа ұйымдардағы еңбек нарығының трансформациясы, журналист маманының кәсіби функцияларының өзгеруі және аудиториямен өзара іс-қимыл жасау тәсілдерінің жаңаруы айқындалды. Зерттеу қорытындысында адам мен жасанды интеллекттің контенттік өзгеруіндегі рөлдерінің ерекшеліктері анықталып, жасанды интеллектінің журналистикадағы даму перспективалары ғылыми тұрғыдан негізделді.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, журналистика, автоматтандырылған журналистика, медиа технологиялар, этика, цифрлы трансформация.

Zh. Almish*, A. Akynbekova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: zalmish@mail.ru

Analyzing the Impact of Artificial Intelligence on Journalism: A SWOT Analysis

This study examines the role of artificial intelligence (AI) in the development of contemporary journalism and its growing influence on professional journalistic practices. As AI-based technologies become increasingly integrated into different areas of society, their use in the media sector is changing the way news is produced, processed, and distributed. These changes have contributed to greater automation of media production, faster processing of information, and the development of new approaches to journalistic work. In this context, the study focuses on the ways in which AI is reshaping journalism, its contribution to the development of the media industry, and the challenges and risks that may arise from its use.

The purpose of the study is to examine how AI technologies affect the development of journalism, professional practices, and media production processes. Particular attention is given to the development of convergent journalism and international experience in applying AI within news organizations. The study also considers the use of automated journalism, data-driven approaches to news production, and digital content distribution. A SWOT analysis is used to identify the main strengths, weaknesses, opportunities, and potential threats associated with these practices. In addition, the study considers the extent

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

to which the use of AI in journalism corresponds to established professional standards and principles of journalistic ethics.

The finding indicates that AI is perceived not as a technology capable of replacing journalists entirely, but rather as a tool that enhances the effectiveness of their professional activities. Although AI optimizes information gathering, processing, and dissemination. The core functions of journalism – including creative thinking, critical analysis, and ethical decision-making – remain fundamentally dependent on human expertise. The study also identifies transformations in the media labor market, changes in the professional roles of journalists, and the evolution of audience engagement practices. Finally, the research defines the distinctive roles of humans and AI in media content production and provides a scientific assessment of the future prospects of AI in journalism.

Keywords: artificial intelligence, journalism, automated journalism, media technologies, ethics, digital transformation.

Ж.Т. Альмиш*, А.Б. Акынбекова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: zalmish@mail.ru

Влияние искусственного интеллекта на журналистику: анализ с использованием SWOT-метода

Настоящее исследование посвящено комплексному анализу влияния технологий искусственного интеллекта (ИИ) на трансформацию журналистской практики. Интеграция ИИ в медиасферу оказывает определяющее воздействие на профессиональную деятельность журналистов, способствуя автоматизации медиапроизводства, оптимизации скорости обработки и дистрибуции информации, а также формированию новых гибридных форм медиакоммуникации. В данной связи в работе рассматриваются трансформирующая роль искусственного интеллекта в журнальном и новостном производстве, его вклад в эволюцию медиасистемы, а также потенциальные риски и ограничения его применения.

Цель исследования заключается в концептуализации влияния технологий искусственного интеллекта на развитие журналистики, трансформацию профессиональных функций и специфику их имплементации в редакционные процессы. В статье прослежены основные этапы эволюции конвергентной журналистики и проанализирован международный опыт внедрения ИИ-инструментов в деятельность современных редакций. Особый акцент сделан на изменении алгоритмов подготовки и создания новостного контента, процессах автоматизации рутинных журналистских задач, работе с большими данными и каналах таргетированной дистрибуции медиапродукта. Для выявления преимуществ, ограничений и рисков данных процессов применен метод SWOT-анализа. Полученные результаты сопоставлены с действующими институциональными стандартами и фундаментальными принципами журналистской этики.

Результаты исследования демонстрируют, что искусственный интеллект выступает не субститутом человека в профессии, а высокоэффективным когнитивно-технологическим инструментом, расширяющим потенциал журналиста. Несмотря на высокий уровень оптимизации процессов сбора, первичной обработки и верификации данных, смыслообразующие функции – творческое и критическое мышление, глубокий аналитический синтез и принятие этически ответственных решений – сохраняют эксклюзивную привязку к человеческому фактору. Вместе с тем зафиксированы структурные сдвиги на рынке труда медиаиндустрии, трансформационные изменения профессионального инструментария и каналов коммуникации с аудиторией. В заключении дифференцированы роли человека и искусственного интеллекта в процессе медиапроизводства, а также научно обоснованы перспективные векторы дальнейшей конвергенции ИИ и журналистики.

Ключевые слова: искусственный интеллект, автоматизированная журналистика, цифровая трансформация, медиатехнологии, дата-журналистика, журналистская этика, медиапроизводство.

Кіріспе

Бүгінгі таңда ақпарат тарату мүмкіндігі заманауи технологияның арқасында қарқынды дамып келе жатқаны рас. Бұған себеп, жасанды интеллект журналистика саласына елеулі өзгерістер енгізе бастады. Бұл кәсіби қызметтің жаңа формаларын қалыптастыруда өзгерістерге әкелді. Қазіргі таңда журналистикатану саласы тек журналистің жазу машығына ғана емес, сонымен бірге оның технологиялық құралдарды игере алу қабілетімен де бағаланады. Дәл осы үдеріс журналистикадағы конвергенция мәселесіне баса мән беріп, медиаконтенттің сапа-

сының жоғары болуына әкелді. Сонымен бірге халықаралық медиа ұйымдарда журналистерге жасанды интеллектіні толық игеруге де міндеттелді. Бұл үрдіс тек шет елдік медиада ғана емес, барша әлемге тарап, журналистиканың жаңа бір деңгейге көтеруге әкелді.

Бүгінгі таңда журналистика саласында қызмет етуші мамандарды жасанды интеллект ығыстыра ала ма деген секілді көптеген сұрақтар бар екені жасырын емес. Ақпараттың қоғам пікірін қалыптастыруға барынша тырысып баққанымен де, технологияның қарқынды дамуы кейбір кәсіби топтар үшін қол қусырып қарап отыруына әкелді. Бұндай жағдайда аудиторияның ақпарат пен деректі қабылдау процесстерінде сараптамадан гөрі автоматтандырылған контентке сену мүмкіндігі артары хақ. Дегенмен де таяқтың екі ұшы бар секілді журналистика шығармашылықты талап ететін сала болғандықтан да, ол адам еңбегін толық алмастыра алмайтыны бесенеден белгілі. Жасанды интеллект журналистің технологиялық құралының бірі болып қана есептелуі де ғажап емес.

Дәл осы феноменнің қалыптасуына ақпараттық технологиялардың ықпалы айқын. Қазіргі кезеңде ақпаратты өндіру мен тарату үдерістері елеулі трансформациясына ұшырауда десек қателеспейміз. Мұндай өзгерістер, тек отандық зерттеушілердің ғана емес, халықаралық ғылыми қауымдастықтың да назарынан тыс қалмасы анық. Сол себепті де жасанды интеллект көмегімен жасалған мәтіндерді адам тарапынан ажырату барған сайын күрделене түсуде. Осы жағдай оқырмандардың медиа мәтінді қабылдауда сыни ойлау дағдыларының маңызын арттыра түседі.

Мақалада жасанды интеллектінің қазіргі медиакеңістіктегі рөлін айқындайды. Ол деректерді өңдеу мен мәтін жазу үдерістерін жеделдеткенімен де адамға тән шығармашылық пайым мен жауапкершілікті толық алмастыра алмайды. Мақалада жасанды интеллектің қазіргі заман талаптарына сай журналист қызметін толық алмастырмай, көмекші құрал ретінде ғылыми тұрғыдан негізделеді. Жасанды интеллектке жақсы промптар бергенімен де, адамға тән шығармашылық, жауапкершілік және этикалық пайымдау қабілеттерін толық деңгейде асыра алмайды. Осыған байланысты оның қолданылуының этикалық шегі мен кәсіби ерекшеліктері талданады. Аталған мәселеге қатысты жасанды интеллектің журналистикадағы орнын теориялық әрі практикалық тұрғыдан бағамдауға мүмкіндік береді.

Әдебиетке шолу

Жасанды интеллектіні журналистикатану саласына қосатын 3 түрлі пайдасы бар. Оның қатарында – ақпаратты автоматтандыру, контент өндірудегі жаңашылдық және технология саласындағы эволюция. Бұл туралы шетелдік ғалымдардың еңбектерінен де жиі байқай аламыз (Masengo Wa Umba et al., 2022). Дегенмен де контент өндіру жылдамдығы артқанымен де, журналистік көзқарас пен кәсіби қабілеттердің орнын алмастыра алмайтыны ақиқат.

Журналистикаға жасанды интеллектпен бітіскелі бері, жаңалық тарату және оны тексеру мүмкіндігі артары анық. Қазіргі таңда медиа зерттеушілердің басты тақырыбы – ақпарат таратудағы жасанды интеллект мүмкіндіктері. Оны анықтауда жалған ақпаратпен күресіп, деректің ақ-қарасын анықтауда Америка құрлығы көш басында тұр. Себебі, медиа зерттеулерге көп мүмкіндік қарастырылған. Дегенмен де, қазіргі технологияның қарқынды дамуы күн сайын жаңа фейк ақпараттардың да тарауына мүмкіндік беріп жатқанын да естен шығармауымыз қажет.

Жасанды интеллектінің медиағы үлесін бағамдау үшін ғалымдар Африкадағы төрт мемлекетке журналистер арасында зерттеу жасаған. Аталған зерттеуде фотожурналистердің пікірі ерекше назар аудартып, жасанды интеллект жаңа технологияға деген қолжетімділік мәселесіне байланысты қиындықтар бар екенін бағамдаған (Umejei et al., 2025). Бұл жалпы жасанды интеллект көмегімен жасалған фотосуреттерде ерекшеліктер болғанымен де, оның нақты айтар ойы мен ішкі толғаныс мәселесі тұрғысынан ақсап жатқанын аңғарған. Мысалы, Танзания мемлекетінде орналасқан редакцияны зерттеу барысында жасанды интеллектіні тек аударма мәселесіне ғана қатыстыруға шешім шығарған. Себебі, медиа халықаралық репортаждарды қаржыландыру мүмкіндіктерінің аз екенін ескеріп, осындай шешімге келген (Gondwe, 2025). Бұл өзге де мемлекеттегі редакциялар да байқап, олар да дәл осындай шешім қабылдай бастаған. Дегенмен де аударманың жылдам жасалғанымен де, оның қауіпі де болуы мүмкін екенін естен шығармаған жөн. Себебі, аударма сапалы болғанымен де, контексттің негізі қалай боларын, журналистер берген ақпараттағы сенім көзі қалай екеніне баса мән бермеуі де мүмкін (Ибрайымов et al., 2026).

Шет елдік ғалымдар медианы зерттеуде адам қолымен жасалған контент пен жасанды интеллект жасаған зерттеулер арасында айырмашылықтардың бар екенін аңғарған. Мысалы, фотографияны қарастыратын болсақ, Бодрийярдың симулякр теориясын адам қолымен жасалған бейнеде басшылыққа алатын болса, жасанды интеллект бірінші кезекте котент өндіріп, артынша дәл сол теорияны сұрау бойынша қызмет жасайтынын анықтаған. Дәл осы түста таяқтың екі ұшы бар секілді визуалды контентке жасанды интеллект кірген уақытта оның объективтілік және түпнұсқалық сияқты қағидаттарына қауіп төндіретінін көрсетеді. Сонымен бірге зерттеушілер жергілікті журналистиканың да әлсіреп, ірі қалаларда жұмыс жасайтын журналистер арасында ірі айырмашылықтар болуы мүмкін екенін де алға тартады.

Журналистикатану саласына жасанды интеллект бір сәтте топ ете қалмағаны анық. Бұл ұзақ жылдар бойы адамзаттың арманы мен мақсаты негізінде жинақталды десек қателеспейміз (Bailenson et al., 2026). Бұл медиа мамандары үшін ең бірінші өнімділік көрсеткіштерін арттыруға бағытталған технология десек қателеспейміз. Себебі, өте көп ақпаратты жинап, талдау журналистер үшін әлі де таусылмас үлкен жұмыс екені бесенеден белгілі. Бұл журналистің уақыты мен жеке өміріне деген қызығушылықтың төмендеуіне әкелуі де ғажап емес (Beg & Verma, 2023).

Жасанды интеллектінің медиа мамандардан бір артықшылығы жылдамдық мәселесі бойынша алдына жан салмай келеді. Себебі, журналистер ресми органдардан ақпарат күтіп отырғанда, жасанды интеллект дәл сол тақырыпқа бірнеше анализ мақаласын дайындап қоюы ғажап емес. Дегенмен мұның барлығы да адам қолымен жасалады. Контенттің жылдам таралғанымен де оның мазмұны мен сапасы жағынан кім жауап береді деген сұраққа әлі де нақты жауап табу қиын болып қалары анық (Biswas, 2023). Бұл сұрақтың жауабы түбі журналист-адамға бағытталатыны да белгілі жайт. Өйткені жасанды интеллекттің жазған мәтіні мен өндірген контентінің үстінен тексеріп, жариялауға да келісім беретін бір тұлғаның қажет болары анық.

Журналистикаға жасанды интеллектінің кіргенінің бір қорқынышты тұсы – ақпаратты бір жақты бағалауға мүмкіндік беруі де ғажап емес (Dima & Vlăduțescu, 2012). Дәл осындай жағдайдың жиі қайталануы журналистикаға деген сенімнің күрт төмендеуіне әкеліп, қоғам алдындағы беделіне нұқсан келуі де болжанып отыр. Бұндай қауіптің біріншісі жаңалықты жылдап тарату мен өндіру барысында болуы жиілеуі мүмкін. Бұл жаңалық таратушы мамандардың бейтараптылығы, жинған қабілеттері мен алған біліміне де қоғам тарапынан күмәнмен қарап, оларға талап өте жоғары болу ықтималдығы да бар (Qureshi & Tekin, 2020).

Жасанды интеллект тек журналистикада мәтін жазу ғана емес, сонымен бірге деректер журналистикасына да дендеп ене бастады. Себебі, Big Data-мен жұмыс жасау үшін медиа мамандар өте көп уақыт жоғалтып, деректерді талдауда қателіктер жіберіп жататын еді. Қазіргі уақытта жасанды интеллект аталған жұмысты жылдамдатып, деректерді талдауды қарқынды түрде жүзеге асыра бастады. Бұл журналистер үшін уақыт үнемдеуге таптырмас құралға айналды десек қателеспейміз (Kim et al., 2023). Бұл әрине дата журналистикадағы бәсекелестікті арттырмаса, төмендетпек емес.

Дәл осы призмадан қарастыратын болсақ, жасанды интеллектіні шығармашылық сала саналатын журналистикада пайдаланғанның өзінде де, адами құндылықтардан әлі де ажырай қоймасын көрсетеді. Бұл журналистиканың қарыштап дамуы мен технология арасындағы көпір болып қалары анық.

Бүгінгі заманауи медиа индустрия бірсарынды емес, қарқынды серпіліктер негізінде жүзеге асып келеді. Оның барлығы да өзге салалардың деформаицялануына да әкелді десек қателеспейміз (Wang, 2021). Замануи журналистика конвергентті журналистикаға айналып, барлық саланы барынша өзіне жақындатуға тырысып келеді. Оған қосымша деректерді жинау мен өңдеу қабілеттері қосылған жасанды интеллект қосылған болса, онда оның жаңаша келбеті қарқынды түрде дамиды. Дегенмен де жасанды интеллектіні редакцияның ішіне кіргізу оны толық басшы қызметінде емес, журналистерге қосымша құрал ретінде қарастыруды есімізге салатындай. Себебі, журналистика – жазу машығына бағытталған сала. Оған эмоциямен қатар, журналистің өзіндік қолтаңбасы да қажет. Бұл оқырман тарапынан сенімділік, жауапкершілік және ашықтық принциптеріне жақын екенін көрсетеді.

Жасанды интеллектіні журналистикадан бас тартуға мәжбүрлей алмаймыз. Дегенмен де, оның өз қауіптіліктері де бар екенін естен шығармауымыз қажет. Мысалы, ақпарат таратуда ашықтық пен адалдық (Әуесбай & Сақ, 2025). Бұл екі қасиет журналистикада тағандап тура

алса ғана, оқырман тарапынан сенім болады. Егер дәл осы екі қасиеттен айырылып қалатын болсақ, онда журналистикадағы кез келген өнім оқырман мен көрермен үшін пайдасыз һәм қызықсыз болып қалуы да ғажап емес. Медиа маман егер контентті дайындауда жасанды интеллектіні қолданған болса, оны өз оқырмандары үшін дисклеймер арқылы беру қажет. Сонда қоғам тарапынан адасулар мен шатасудан ада болады.

Жаңалықтар бөліміндегі жасанды интеллект барлық оқырман үшін қызық әрі іштартарлық болуы да мүмкін. Бұл өз кезегінде ақпарат таратуда шешімдерге ықпал ату деңгейін анықтауға мүмкіндік береді (Lewis et al., 2025). Жасанды интеллектіні мақсатты түрде пайдаланып қана қоймай, оқырман санасына фактілерді беруде сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруға да күш салу қажет. Сонда ғана медиа институттың өнімділігін арттырады. Ашықтықтық болмауы, керісінше, ақпараттық манипуляция туралы күмән туғызып, қоғамдық сенімнің әлсіреуіне алып келеді.

Жасанды интеллектіні қолдану журналистикада есеп беру мәселесін күрделендіретін уақыттары да ғажап емес. Бұл әсіресе дәстүрлі журналистикада жарияланған материалдың мазмұны үшін нақты бір журналист не редактор жауапты болатынын білеміз. Ал алгоритмдік жүйелері қатысқан жағдайда жауапкершілік субъектісін анықтауға қиындық туғызады. Жасанды интеллект негізінде дайындалған контентте қателік жіберу немесе біржақтылық анықталған кезде жауапкершілік кімге жүктелу қажет екені туралы сұрақ тауары анық.

Бұл жағдайда жауапкершілік бірнеше тарапқа бөлінуі мүмкін. Алгоритмді әзірлеушілерге оны пайдаланған журналистерге немесе редакциялық саясатты бекіткен медиада жауапқа тартырулы ғажап емес. Сондықтан да жаңалықтар редакциясында жасанды интеллектті қолдану бойынша нақты ішкі регламенттер мен этикалық кодекстер әзірлеуіге мәжбүр болады (**Қанашева** et al., **2024**). Мұндай ішкі құжаттарға жасанды интеллект жасаған не өңделген контентті тексеру қажет әрі оған түзетулер мен толықтыруларды да қажет етеді. Дәл осындай жасанды интеллектінің көмегіне жүгінген контенттің жауапкершілігі де бір түлғаға артылуы тиіс.

Қазіргі уақытта жасанды интеллектінің алғашқы нәтижелері бірнеше жыл бұрын экономика мен бизнесте жиі байқалды (Ibraiymov & Aidarbekov, 2023). Қазірші уақытта оның кейбірі процестерді жақсартып, жетілде алады. Бұл кей компаниялардың кірістері мен тәуекелшіліктерін тиімді түрде басқаруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта БАҚ саласының өнімді тұтынушылары қатарында телевизия саласындағы мамандардың өздері маркетингтік құралдар мен телеарнаның техникалық мүмкіндіктерін ілгерлету мақсатында да жасанды интеллектіні қолдана бастаған еді.

Бүгінгі мединаның әр салаға жақындап, бірігуге тырысқкан уақытта «медиатизация» термині белең ала бастады. Осылайша жаңа технология мен қоғам арасындағы қатынастарда бір-бірінен ажырамас құралға айналып, бірізді түрде жұмыс істеуге әсер етеді (Aidarbekov et al, 2025). Технологияның дамыған уақытында қоғаммен біте қайнасып кету үшін де өте көп уақытты қажет етеді десек қателеспейміз. Себебі, цифрлы медиада жылдам ақпаратты жеткізу мүмкіндігімен қатар оның да қауіптері болатынын ұмытпауымыз қажет. Бұл әрине тек журналистика саласында ғана емес, шығармашылықты талап ететін кез келген салаға байланысты десек қателеспейміз (Aidarbekov et al, 2025). Бүгінгі таңда технология мен қоғам арасындағы байланыс өте маңызды. Қазіргі зерттеулер көрсеткендей технологияны жасаушы да адам, қоғамды құрушы да адам. Осы екі қызметтің барлығының басын ұстап тұру бір материаның қолында десек қателеспейміз. Қазақстан үшін жасанды интеллект енді ғана белең алып, тәжірибе жинап жатыр. Бұл өз кезегінде әлеуметтік аспектілермен қатар, әлемдік медианың өзіне де адами факторды бірінші орынға қою қажет екенін аңғартты.

Жасанды интеллект жүйесінің бірінші мәселесі – бейтараптық. Жасанды интеллект талдау жасау барысында бұрыңғы фактілер мен өз күшін жойған нормативтік құқықтық-актілерді де қарастыру бек мүмкін. Осының барлығын қарастырған уақытта кейбір оқырмандар тарапынан сұрақтар пайда болып, редакцияға хейт пікірлер келуі де ғажап емес (Morosoli at al, 2025). Редакцияның жіберген олқылығын кім өз мойнына алады немесе оқырман жіберген хейт пікірге нендей жауап беріледі деген дилемма пайда болады. Егер де редакция басшылығы жауап бермесе, қоғамдық пікірге әсер етіп, өз тұтынушыларынан айырылып қалуы да ғажап емес.

Бүгінгі таңда журналистің объективлілік қағидатына күмәнмен қараушылар саны арта бастады. Оған себеп – жасанды интеллектіні журналистер қолданғанда ескертусіз беруі жиілеп кетті. Бұл қоғам мен журналист арасында түсі-

ніспеушіліктер пайда болып, өзара ақпараттық тартысқа әкелді. Себебі, журналистер ақпарат таратуда жылдамдық пен деректердің дұрыс берілуі десе, оқырмандар үшін эмоция мен талқылауға болатын тақырыптардың жиі жазылғанын жиі қалауы мүмкін.

Жасанды интеллект журналистикадағы жалпы редакциялық жұмысқа да өзгерістер енгізе бастады. Себебі, қазіргі уақытта жасанды интеллект бірнеше жұмыс орынының қызметін бір өзі атқара алатын жағдайға жетті. Журналистикатану саласындағы қызметтердің көп болуы, оның көп қырлы болуына әкеледі (Stenbom et al., 2023). Бұл жалпы адамның бірнеше қызметті қатар атқара алу қабілетін игергенімен де, жұмыс сапасының төмендеуі мүмкін.

Контент дайындау барысында ұсынып отырған материал сапасына ғана емес, сонымен бірге оның мазмұндық ерекшеліктеріне баса мән беру қажет. Себебі, контент мазмұны қоғамдық пікірді қалыптастыруға, олардың білімі мен біліктерінің артуына күш салады. Қазіргі уақытта журналистиканың міндеті тек ақпарат тарату ғана емес, сонымен бірге қайтарымды байланыс орната алу да үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Осылайша журналистикадағы жаңалық жазу және тарату қабілеттері де заман талабына сай өзгеріп отырады.

Медиа саласының дамуы да жасанды интеллект араласқалы көптеген трансформацияға түсе бастады. Қарапайым мәтін жазудан бастап, үлген кинокартикадағы монтаж, визуализация секілді тақырыптарды да оңай игере бастады (Секей et al., 2025). Осының барлығы да журналистикадағы өте күрделі, көп уақытты талап ететін шығармашылық һәм техникалық мүмкіндіктерді оңай игеруге мүмкіндік беріп келеді.

Зерттеу жұмысын дайындау барысында шет елдің көптеген ғалымдардың жасанды интеллект және медиа тақырыбына қатысты көптеген тақырыптарды қозғай бастады. Ол журналистиік еңбектерді дайындауда «Жасанды интеллект адам орынын баса ала ма?»-деген сұрақтарда жиі талқылана бастады. Осы орайда ғалымдар көптеген зерттеулер жасап, жасанды интеллект адам орынын баса алмайды деген шешімге келген. Себебі, жасанды интеллект дайындаған мәтіннің үстінен тексеріп, оның ақ-қарасын анықтауға адам қолы қажет екенін дәлелдеген (Lischka, 2025).

Технологияның қарқынды түрде даму кезеңінде Қазақстан мысалында қарастырып көрсек, бірінші кезекте географиялық аумақ пен тілдік ерекшеліктері басшылыққа алу қажет. Одан бөлек әр аймақтың өзіндік мәдениеті мен құндылықтарын да басшылыққа алуға тиіс. Дәл осындай факторларды қарастыратын болсақ, қазақ тілін технологияда дамыту мәселесі әлі де өзектілігін жоймақ емес. Әрине, тілді дамыту, көркейту тек тіл мамандарына тиісті шаруа ғана емес, қоғамды ағартушылыққа бағыттайтын педагогтер, журналистердің де мойынында.

Бүгінгі таңда Қазақстан контексті үшін медиа сауатты дамыту мәселесі әлі де өзектілігін жоймай келеді. Себебі, контент өндіруде жасанды интеллект көмегімен өндірген материалды оқырмандар әлі де ажырата алмауы мүмкін. Осылайша журналистика өнімдерінің сапасын ғана емес, сонымен бірге қоғамның ақпараттық қауіпсіздігіне де баса мән беруге мүмкіндігі бар.

Жасанды интеллект журналистикаға жаңа мүмкіндіктер ғана емес, бірқатар этикалық мәселелерді де басшылыққа алу қажет екенін аңғартты. Оның қатарында ашықтықты қамтамасыз ету, жауапкершілікті нығайту, алгоритмдік бейтараптықты сақтау және сапасы төмен контенттің алдын алуға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект журналстиканың болашағын айқындайтын маңызды құрал болғанымен де, ол журналистің кәсіби және этикалық рөлін алмастыра алмайды. Сол себепті де жасанды интеллект пен адам журналистің үйлесімді симбизы ғана сапалы, сенімді және қоғамдық маңызы бар контент өндіріп, сапалы түрде қоғамға әсер етуге мүмкіндігі бар.

Методология

Дәл осы ғылыми зерттеу жұмысын орындау барысында біз жасанды интеллектіні медиа контент өндіруде өздеріне серік еткен ақпарат агенттіктеріне SWOT анализ жасау арқылы талданды. Өйткені бұл зерттеуде жасанды интеллект технологияларының қазіргі медиа кеңістіктегі қолдану ерекшеліктерін, оның журналистік қызметке тигізетін әсерін, сонымен қатар болашақ мүмкіндіктері мен қауіптерін жүйелі түрде сарапталады.

Зерттеу барысында халықаралық және отандық ғылыми еңбектерге, салалық баяндамаларға және медиа үйымдардың тәжірибесіне сүйене отырып, жасанды интеллектің журналистикадағы функционалды рөлін анықтайды. Атап айтар болсақ, қазіргі медиадағы жаңалық өндіру, деректерді өңдеу және аудиториямен өзара байланыс орнату және контентті жекелендірудегі жасанды интеллект құралдарының тиімділігі

талданады. Сонымен бірге, алгоритмдік редакциялау, автоматтандырылған мәтін генерациясы мен деректерге негізделген журналистік үлгілерді қарастыруға мүмкіндік береді.

Біз өз зерттеу жұмысымызда SWOT анализ арқылы журналистикадағы жасанды интеллект табиғатына баға беруге тырыстық. Қазіргі уақытта жасанды интеллектінің қарқынды дамуымен қатар, ақпаратты жедел өңдеу мүмкіндіктерін күшті жақтары ретінде қарастыра аламыз. Дегенмен де контентті өндіру барысында алгоритмнің біржақтылығы мен контентті толық аша алмауы жасанды интеллектің әлсіз тұстары қатарында. Ал медиадағы инновацияның дамуы мен адам шығармашылығын толыққанды жасай алуы жасанды интеллектің мүмкіндіктері ретінде қарастыра аламыз десек қателеспейміз. Ал қауіптер қатарына этикалық мәселелер, сенімділік және журналистік жауапкершілік әлсіреуі де ғажап емес.

Зерттеудің гипотезасы ретінде жасанды интеллект журналистиканың орынын алмастыра алмайды. Керісінше, оны толықтыратын және кәсіби қызметтің тиімділігін арттыратын құрал ретінде қалыптасады дегне түжырым ұсынылды. Осы әдіснамалық тәсіл жасанды интеллектің журналистикадағы рөлін теориялық және практикалық тұрғыдан бағалауға мүміндік берді.

Зерттеу нәтижесі және талқылау

XXI ғасырда цифрлы технологияның қарқынды даумуы – журналистика саласына да ерекше серпіліс әкелді. Бұл журналистикадағы контент өндіру тәсілдеріне және кәсіби стандартарына да елеуі ықпал етіп, оған қойылатын талаптарды күшейте түсті. Соның ішінде жасанды ннтеллектінің медиа индустрияға дәстүрлі ақпарат алу парадигмасының заман ағымына қарай қарастыруға негіз болды. Қазіргі кезеңде жасанды интеллект журналистиканың жекелеген функцияларын автоматтандырумен қатар, репортаж жасау, деректерді өңдеу, талдау және визуализациялау сияқты күрделі процестерді оңтайландыруға мүмкіндік беріп отыр. Бұл үдеріс халықаралық ірі медиа құрылымдардың тәжірибесінде айқын көрініс табуға мүмкіндік берді.

Жасанды интеллект журналистикаға алғаш енген уақытта шетелдік медиада контент өндіру тәжірибесінде кеңнен зерттеу жасап бастады. Осылайша шет елдік медиада Associated Press (AP) алғаш болып қаржы саласындағы есептерді автоматты түрде дайындау мақсатында жасанды интеллектке негізделген Automated Insights компаниясымен бірге Wordsmith платформасын дайындады. Бұл шешім агенттіктің ақпарат өндіру көлемін біршама арттыруға мүмкіндік берді. Associated Press агенттігінде 3 айда 300-ге жуық қаржы тақырыбында барлығын адам көмегімен талдау жасаса, қазіргі таңда жасанды интеллект арқылы бұл көрсеткіш 3700-ден астам есепке талдау жасай алды. Бұндай деректі өндіру мен талдауға жылдамдық пен өнімділік тұрғысынан ғана қарастырмай, оның дәлдігіне де баса назар аудару қажет.

Агенттік тәжірибесіне сүйенер болсақ, жасанды интеллект журналистерді толық алмастыра алмайтындығына көзіміз жетеді. Жасанды интеллект медиада қызмет ететін маманның кәсіби қызметін толықтырушы құрал екенін аңғара аламыз *(1-суретте)*. Автоматтандырылған жүйелер – фактілерге негізделген стандартты мәтіндерді дайындауды өз мойынына алғанымен де, олар аналитикалық ойлай мен терең контекстпен жұмыс жасауда қиындықтар бар екенін аңғара аламыз. Осылайша ЖИ көмегімен дайындалған контентте оқырмандар үшін жалған ақпарат таратып, тіпті тақырыптың маңызы төмен болуы да ғажап емес. Ал дәл осындай жағдайлардың қайталанбауы үшін журналистік қолтаңба да қажет болатынын ұмытпауымыз қажет. Бұл өз кезегінде журналистік еңбектің сапалық сипаттамасын арттыруға мүмкіндік береді. Жасанды интеллект журналистер үшін өте көп уақыт талап ететін тапсырмаларды жеңілдетіп, медиа маманға шығармашылық және зерттеушілік әлеуетін тиімді пайдалануға жағдай жасай алуға қабілетті.

Reuters агенттігінің тәжірибесі де жасанды интеллектің журналистикадағы мүмкіндіктерін айқын пайдалануға барынша күш салуда. Reuters редакциясы Lynx Insight деп аталатын инновациялық құралды енгізу арықылы деректер журналистикасының жаңа деңгейге көтеруге күш салуда. Lynx Insight қосымшасы үлкен көлемдегі деректерді талдауға арналған жасанды интеллект жүйесі. Ол қаржылық есептерді, әлеуметтік желідегі трендтер мен ресми статистикалық мәліметтерді және ашық дереккөздерді өңдеу арқылы жаңалық сюжеттерін анықтауға мүмкіндік бере алатын қасиетке ие.

1-сурет
Associated Press басылымының ЖИ негізіндегі жаңалықтар

Ескертпе: авторлар құрастырған

Бұл жасанды интеллектінің басты ерекшелігі деректер арасындағы жасырын байланыстарды табу және журналист назарынан тыс қалуы мүмкін тақырыптарды ұсына білу қабілетін. Lynx Insight деректерді автоматты түрде интерпретациялап, журналистерге нақты аналитика жасауға бағытталған сұрақтар мен бағыттарды ұсына алады. Осы арқылы журналистік зерттеуде тереңдей түсуге мүмкіндік беріп, материалдың фактологиялық негізін күшейте түседі. Reuters агенттігінің тәжірибесіне жасанды интеллектіні журналистикадағы рөлін кеңейтіп қана қоймай, редакциялық шешім қабылдау процесін жылдамдататын құралға айналғанының айқын көрінісі бола алады *(2-суретте)*.

Жасанды интеллектінің журналистикаға ықпалы тек ақпаратты жылдам таратып, оны өнімді түрде тарата алу ғана емес. Бұл мәселеде журналистикадағы кәсіби этика, бейтараптық, жауапкершілік және аудитория сенімі сияқты іргелі мәселелерді де қайта қарастыруды талап етеді. Себебі, автоматтандырылған жүйелер арқылы жасалған мәтіндердің дереккөздері, алгоритмдік шешімдердің ашықтығы мен қателік жасау ықтипалдығы журналстерге деген сенім деңгейінің төмендеуіне немесе керісінше әсер етуіне ықпал етеді. Сондықтан да көптеген ғалымдар жасанды интеллектіні енгізу барысында human-in-the-loop секілді қағиданы сақтауға барынша күш салады. Бұл қағида бойынша, соңғы редакциялық бақылау мен мазмұнға жауапкершілік әдетте адамның құзырында қалуы тиіс деген шешімге келеді. Бұл әрине дұрыс шешім, себебі, жалған ақпарат тарату секілді мәселе болған жағдайда технологияны жауапқа тарта алмаймыз. Одан бөлек адам секілді жауапкершілік мәселесі де қалай жүзеге асатыны туралы нақтылық жоқ екенін айта кеткеніміз жөн.

2-сурет
Reuters редакциясындағы Lynx Insight SWOT-талдау



Ескертпе: авторлар құрастырған

Сонымен бірге жасанды интеллектің журналистикадағы қолданысы кәсіби мамандықтың қызметкерлеріне трансформациясына әкеліп отыр. Журналист тек ақпарат жеткізуші ғана емес, деректерді анализ жасап, оның нәтижесін оқырмандарға түсіндіріп, контекстті толық ашуға мүмкіндік береді. Бұл журналтстикадағы ағартушылық деген бағытқа сай келеді. Қазіргі уақытта журналистика факультеттерінде зерттеу журналистикасы, медианы зерттеу, жасанды интеллект және контент өндіру секілді көптеген пәндер енгізілуде десек қателеспейміз. Қазіргі уақытта журналистика мамандығы әр саламен пәнаралық байланысы бар екенін аңғартады десек қателеспейміз. Әрі журналист аталған саладан да хабардар болуы қажет екенін ескерсек, қазіргі уақытта журналистерге қойылатын талап өте жоғары.

Жасанды интеллект журналистиканың деформациялануына себеп болып қана қоймай, жаһандық медиа нарықтағы бәсекелестің де күшеюіне әкелді. Қазіргі таңда ақпарат көз ілеспес жылдамдықпен таратылған сайын, оның өзектілі мен дәлдігі де басты тақырыпқа айналып үлгерді. Ал жасанды интеллектке негізделген құралдар редакцияларға жедел әрі нақты ақпарат ұсынуға мүмкіндік бере алатын қабілетті толығымен игерген десек қателеспейміз. Себебі, қаржы, спорт және ауа-райы секілді деректерге негізделген ақпараттық салаларды айқын бағамдай аламыз. Дегенмен де таяқтың екі ұшы бар секілді технологиялардың жауапсыз пайдалану жалған ақпараттың тарауына не техникалық қателіктерге әкелуі де ғажап емес. Осы себепті редакцияның саясатында жасанды интеллектті қолданудың нақты стандарттары мен ережелері қалыптастып, оған жауапты етіп бір адамды белгілейтіні де сондықтан.

Жоғарыда біз мысал еткен екі медиада жасанды интеллектінің журналистикадағы трансформациялық әлеуетін анық көрсетуге мүмкіндік береді *(3-суретте)*. Дәл осы екі екі медиаға SWOT-анализ арқылы зерттеу жасағанда, олардың редакцияның ішкі саясаты мен жазатын тақырыптарының жақындағы басшылыққа алынды. Себебі, зерттеу жасау барысында екі медианың жасанды интеллектіні қолдану принциптері өте ұқсас, әрі тақырыптары жағынан да жақын екенін аңғара аламыз. Біздің байқағанымыздай, дәстүрлі медиа өз

құндылықтарын жоймай, керісінше оларды жаңа деңгейде көтеріп, адам үшін қызмет етуге бағытталғанын анықтай аламыз. Жасанды интеллект адамның орынын алмастыра алмайды десек те, оның кәсіби қызметін тиімді, жүйелі және деректерге дәл етіп бере алуға қабілетті. Осы тұрғыдан алғанда жасанды интеллект журналистиканың болашағын айқын стратегиялық ресурс ретінде қарастыра аламыз десек қателеспейміз.

3-сурет
Associated Press және Reuters басылымдарын салыстыру



Ескертпе: авторлар құрастырған

Жалпы жасанды интеллектінің интеграциясы жалпы медиа индустрияға серпіліс әкеліп қана қоймай, оның негізгі драйверіне айналып үлгерді. Оған халықаралық тәжірибені қарастырып көрсек, бұл технология журналистиканың сапасын арттырып қана қоймай, аудиториямен өзара байланысты нығайтады. Болашақта жасанды интеллект пен адам журналист арасында бірлік нығайып, қоғам сұранысына жауап беретін тиімді модель ретінде қалыптасуы да ғажап емес.

Қорытынды

Қорытындылай келе, жасанды интеллектің журналистикатану саласындағы интеграциясы қазіргі уақытттағы медиа индустриядағы функционалды өзгерістердің негізі ретінде айқындалып отыр десек қателеспейміз. Оның ішінде халықаралық тәжірибиеге сүйенер болсақ, әсіресе Associated Press және Reuters секілді ірі медиа агенттіктердің тәжірибесін қарастыра отырып, жасанды интеллектінің жаңалық өндіру үдерісінің тиімділігі артпаса кемімегенін аңара аламыз. Бұл жалпы ақпарат игеруде деректерді өңдеу, ақпаратты сұрыптау ерекшеліктеріне де баса мән беру қажет екенін аңғарамыз. Бұл әсіресе журналист қызметінде бірнеше уақыт алаын аналитика, зерттеу және түсіндірмелі мақалалады жазуда уақыт үнемдеп, жұмыстың сапасының артуына ықпал етеді.

Сондай-ақ жасанды интеллектіні журналистикаға енгізу сапалық мазмұнның ілгерлеуімен қатар, аудиторияға бағытталған ақпаратты дәл анықтауға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе деректерге негізделген журналистикада трендтерді болжау және жедел ақпарат тарату мүмкіндіктері арқылы медиадағы бәсекелестікке жол ашады. Дегенмен де бұл үрдісті тек жақсы деп бағамдай алмаймыз. Себебі, оның этикалық мүмкіндіктері мен алгоримдердің берген ақпараттың бейтараптығы, адами фактордың сақталуы секілді елеулі мәселелердің де бас көтеретіні бар. Осының барлығына да толыққанды жауап берген уақытта ғана жасанды интеллектке иек артуға болады деп санаймыз.

Осылайша біз жасанды интеллект журналисті толық алмастыра алмайды деген шешімге келе аламыз. Тек, жасанды интеллект журналистің қызметін толықтыратын және қолдайтын технология ретінде ғана бағаланады. Болашақта адам журналист пен жасанды интеллект арасында тиімді симбиоз болып, ақпаратты таратуда қоғам сұранысына жауап беретін, орнықты модель бола алады. Дәл осындай модель журналистиканы әлеуметтік жауапкершілігін сақтай отырып, оның технологиялық мүмкіндіктерінің дамуына жол ашады.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың үлесі

Әлміш Ж.Т. – хат-хабар авторы, концепция әзірлеу, зерттеу мақсаты мен міндеттерін, әдістемесін таңдау, мате-риалдар жинап, ғылыми деректерді талдау, зерттеу нәтижелерін интерпретациялау, мақала мәтінін жазу, мәліметтерді талдау және визуализациялау, мәтіндік контентті генерациялау және аналитикалық өңдеу.

Ақынбекова А.Б. – гипотезаны нақтылау, зерттеу компоненттерін безендіру, мәтіндік контентті генерациялау және аналитикалық өңдеу, дереккөздер базасын талдау және зерттеу траекториясын үйлестіру, ғылыми және медиаматериалдарды контент талдау,

Әдебиеттер

Aidarbekov, A., Ibraiymov, A., Murzabekova, G., Aidarbekova, A., & Temirbolat, A. (2025). Film business processes and audio engineering principles in the construction of animated media. *Bulletin of D. Serikbayev East Kazakhstan Technical University, 1(3)*, 142–156. https://doi.org/10.51885/1561-4212_2025_3_142

Aidarbekov, A., Ibraiymov, A., Murzabekova, G., Aidarbekova, A., & Shakhimova, R. (2025). Automation of digital art: Artificial intelligence in filmmaking control systems and media production. *Trudy Universiteta, 4*(101), 420–426. https://doi.org/10.52209/1609-1825_2025_4_420

Әуесбай, Қ., & Сақ, Қ. (2025). Жасанды интеллектінің баспасөз менеджменті мен маркетингтегі рөлі. *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы*, *150*(1), 42–56. Retrieved from https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/657

Bailenson, J. N., Yee, N., Merget, D., & Schroeder, R. (2006). The effect of behavioral realism and form realism of real-time avatar faces on verbal disclosure, nonverbal disclosure, emotion recognition, and co-presence in dyadic interaction. Presence: Teleoperators and Virtual Environments, 15(4), 359–372. https://doi.org/10.1162/pres.15.4.359

Beg, M. J., & Verma, M. K. (2023). The mind and the machine: An introduction to artificial intelligence. Amazon International.

Biswas, S.S. (2023). Potential Use of Chat GPT in Global Warming. *Ann Biomed Eng* **51**, 1126–1127 https://doi.org/10.1007/s10439-023-03171-8

Dima, I. C., & Vlăduțescu, Ş. (2012). Persuasive communication in logistic negotiation. International Journal of Economical Research, 3(2), 101–108.

Gondwe, G. (2025). AI in African Newsrooms: Evaluating Translation Accuracy, Reliability, and Cultural Sensitivity in Tanzanian Media. *Journalism Practice*, *19*(10), 2445–2464. https://doi.org/10.1080/17512786.2025.2507091

Ибрайымов, А., Камзин, К., Слөмғажы, А., & Козбакова, А. (2026). Цифрлы медиадағы дипфейк кейсі: фокус-топ арқылы зерттеу. *Журналистика сериясы*, *80*(2), 112-125. https://doi.org/10.26577/HJ80220269

Ibraiymov, A., & Aidarbekov, A. (2023). Representation of artificial intelligence (AI) in film and media. Herald of Journalism, 70(4), 94–106. https://doi.org/10.26577/HJ.2023.v70.i4.10

Kim, D. Y., Lee, H. K., & Chung, K. (2023). Avatar-mediated experience in the metaverse: The impact of avatar realism on user–avatar relationship. Journal of Retailing and Consumer Services, 73. https://doi.org/10.1016/j.jretconser.2023.103382

Қанашева , Ш., Дүйсенғазы, С., & Сейтжанова, Ж. . (2024). Журналистикадағы жасанды интеллект: шетел тәжірибесі. *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ЖУРНАЛИСТИКА сериясы*, *148*(3), 7–19. https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-3-148-7-19

Lewis, S. C., Zamith, R., & Bunquin, J. B. A. (2025). Technological Hype and AI in Journalism: Five Functions and Why They Matter. *Digital Journalism*, 1–12. https://doi.org/10.1080/21670811.2025.2557994

Lischka, J. A. (2025). National Conditions for AI Innovation in Journalism: How innovation capacity, media systems, and professional roles predict AI award recognition across 25 countries. *Journal of Media Economics*, *38*(2), 23–38. https://doi.org/10.1080/08997764.2025.2566700

Masengo Wa Umba, S., Abu-Mahfouz, A. M., & Ramotsoela, D. (2022). Artificial Intelligence-Driven Intrusion Detection in Software-Defined Wireless Sensor Networks: Towards Secure IoT-Enabled Healthcare Systems. *International journal of environmental research and public health*, *19*(9), 5367. https://doi.org/10.3390/ijerph19095367

Morosoli, S., Resendez, V., Naudts, L., Helberger, N., & de Vreese, C. (2026). "I Resist". A Study of Individual Attitudes Towards Generative AI in Journalism and Acts of Resistance, Risk Perceptions, Trust and Credibility. *Digital Journalism*, *14*(5), 771–790. https://doi.org/10.1080/21670811.2024.2435579

Qureshi, M. A., & Tekin, C. (2020). Fast learning for dynamic resource allocation in AI-enabled radio networks. *IEEE Transactions on Cognitive Communications and Networking, 6*(1), 95–110. doi: https://doi.org/10.1109/TCCN.2019.2953607

Секей, Ж., Хибадуллина, А. С., & Сағындыққызы, Г. (2025). Ақпараттық кеңістіктегі нейрондық желілер: медиалық мүмкіндіктер, мәселелері мен болашағы. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Журналистика сериясы, 151(2), 162–175. https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-151-2-162-175

Stenbom, A., Wiggberg, M., & Norlund, T. (2023). Exploring communicative AI: Reflections from a Swedish newsroom. Digital Journalism, 11(9), 1622–1640.

Wang C.L. (2021). New frontiers and future directions in interactive marketing: Inaugural Editorial. *Journal of Research in Interactive Marketing*, 15(1), 1–9, https://doi.org/10.1108/JRIM-03-2021-270

Umejei, E., Ayisi, A., Phiri, M., & Tallam, E. (2025). Artificial Intelligence and Journalism in Four African Countries: Optimists, Pessimists, and Pragmatists. *Journalism Practice*, *19*(10), 2249–2265. https://doi.org/10.1080/17512786.2025.2489590

References

Aidarbekov, A., Ibraiymov, A., Murzabekova, G., Aidarbekova, A., & Temirbolat, A. (2025). Film business processes and audio engineering principles in the construction of animated media. *Bulletin of D. Serikbayev East Kazakhstan Technical University, 1(3)*, 142–156. https://doi.org/10.51885/1561-4212_2025_3_142

Aidarbekov, A., Ibraiymov, A., Murzabekova, G., Aidarbekova, A., & Shakhimova, R. (2025). Automation of digital art: Artificial intelligence in filmmaking control systems and media production. *Trudy Universiteta, 4*(101), 420–426. https://doi.org/10.52209/1609-1825_2025_4_420

Әuesbaj, Қ., & Sақ, Қ. (2025). ZHasandy intellektinің baspasөz menedzhmenti men marketingtegi rөli. [The Role of Artificial Intelligence in Press Management and Marketing] L. N. Gumilev atyndarы Euraziya ülttyқ universitetinің Habarshysy. ZHurnalistika seriyasy, 150(1), 42–56. https://buljourn.enu.kz/index.php/main/article/view/657

Bailenson, J. N., Yee, N., Merget, D., & Schroeder, R. (2006). The effect of behavioral realism and form realism of real-time avatar faces on verbal disclosure, nonverbal disclosure, emotion recognition, and co-presence in dyadic interaction. Presence: Teleoperators and Virtual Environments, 15(4), 359–372. https://doi.org/10.1162/pres.15.4.359

Beg, M. J., & Verma, M. K. (2023). The mind and the machine: An introduction to artificial intelligence. Amazon International.

Biswas, S.S. (2023). Potential Use of Chat GPT in Global Warming. *Ann Biomed Eng* **51**, 1126–1127 https://doi.org/10.1007/s10439-023-03171-8

Dima, I. C., & Vlăduțescu, Ş. (2012). Persuasive communication in logistic negotiation. International Journal of Economical Research, 3(2), 101–108.

Gondwe, G. (2025). AI in African Newsrooms: Evaluating Translation Accuracy, Reliability, and Cultural Sensitivity in Tanzanian Media. *Journalism Practice*, *19*(10), 2445–2464. https://doi.org/10.1080/17512786.2025.2507091

Ibrajymov, A., Kamzin, K., Slөmғazhy, A., & Kozbakova, A. (2026). Cifrly mediadarы dipfejk kejsi: fokus-top arқyly zertteu. [Deepfake case in digital media: a focus group study] ZHurnalistika seriyasy, 80(2), 112-125. https://doi.org/10.26577/HJ80220269

Ibraiymov, A., & Aidarbekov, A. (2023). Representation of artificial intelligence (AI) in film and media. Herald of Journalism, 70(4), 94–106. https://doi.org/10.26577/HJ.2023.v70.i4.10

Kim, D. Y., Lee, H. K., & Chung, K. (2023). Avatar-mediated experience in the metaverse: The impact of avatar realism on user–avatar relationship. Journal of Retailing and Consumer Services, 73. https://doi.org/10.1016/j.jretconser.2023.103382

Қanasheva, SH., Dүjsenғazy, S., & Sejtzhanova, ZH. (2024). ZHurnalistikadaғy zhasandy intellekt: shetel təzhiribesi. [Artificial intelligence in journalism: foreign experience] L. N. Gumilev atyndaғy Euraziya үlttyқ universitetiniң Habarshysy. ZHurnalistika seriyasy, 148(3), 7–19. https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-3-148-7-19

Lewis, S. C., Zamith, R., & Bunquin, J. B. A. (2025). Technological Hype and AI in Journalism: Five Functions and Why They Matter. *Digital Journalism*, 1–12. https://doi.org/10.1080/21670811.2025.2557994

Lischka, J. A. (2025). National Conditions for AI Innovation in Journalism: How innovation capacity, media systems, and professional roles predict AI award recognition across 25 countries. *Journal of Media Economics*, *38*(2), 23–38. https://doi.org/10.1080/08997764.2025.2566700

Masengo Wa Umba, S., Abu-Mahfouz, A. M., & Ramotsoela, D. (2022). Artificial Intelligence-Driven Intrusion Detection in Software-Defined Wireless Sensor Networks: Towards Secure IoT-Enabled Healthcare Systems. *International journal of environmental research and public health*, *19*(9), 5367. https://doi.org/10.3390/ijerph19095367

Morosoli, S., Resendez, V., Naudts, L., Helberger, N., & de Vreese, C. (2026). "I Resist". A Study of Individual Attitudes Towards Generative AI in Journalism and Acts of Resistance, Risk Perceptions, Trust and Credibility. *Digital Journalism*, *14*(5), 771–790. https://doi.org/10.1080/21670811.2024.2435579

Qureshi, M. A., & Tekin, C. (2020). Fast learning for dynamic resource allocation in AI-enabled radio networks. *IEEE Transactions on Cognitive Communications and Networking, 6*(1), 95–110. doi: https://doi.org/10.1109/TCCN.2019.2953607

Sekej, ZH., Hibadullina, A. S., & Saғyndyққyzy, G. (2025). Aқparattyқ keңistiktegi nejrondyқ zheliler: medialyқ mүmkindikter, məseleleri men bolashaғy. [Neural networks in the information space: opportunities, challenges and perspectives for media] L. N. Gumilev atyndaғy Euraziya үlttyқ universitetiniң Habarshysy. ZHurnalistika seriyasy, 151(2), 162–175. https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-151-2-162-175

Stenbom, A., Wiggberg, M., & Norlund, T. (2023). Exploring communicative AI: Reflections from a Swedish newsroom. Digital Journalism, 11(9), 1622–1640.

Wang C.L. (2021). New frontiers and future directions in interactive marketing: Inaugural Editorial. *Journal of Research in Interactive Marketing*, 15(1), 1–9, https://doi.org/10.1108/JRIM-03-2021-270

Umejei, E., Ayisi, A., Phiri, M., & Tallam, E. (2025). Artificial Intelligence and Journalism in Four African Countries: Optimists, Pessimists, and Pragmatists. *Journalism Practice*, *19*(10), 2249–2265. https://doi.org/10.1080/17512786.2025.2489590

Авторлар туралы мәлімет:

Әлміш Жадыра Талғатқызы (корреспонденттік автор) – докторант, Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасы, Журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, (Алматы, Қазақстан, e-mail: zalmish@mail.ru).

Акынбекова Алтын Бакашовна – PhD, доцент, Ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі деканның орынбасары, Журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, (Алматы, Қазақстан, e-mail: akynbek75@gmail.com).

Information about the authors:

Almish Zhadyra (corresponding author) – PhD student, Department of Press and Electronic Media, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University, (Almaty, Kazakhstan, e-mail: zalmish@mail.ru).

Akynbekova Altyn (co-author) – PhD, Associate Professor, Vice Dean for Research, Innovation, and International Relations, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan; e-mail: akynbek75@gmail.com).

Сведения об авторах:

Альмиш Жадыра Талгаткызы (автор для корреспонденции) – докторант, кафедра печати и электронных СМИ факультета журналистики Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: zalmish@mail.ru).

Акынбекова Алтын Бакашовна – PhD, доцент, заместитель декана по научно-инновационной работе и международным связям факультета журналистики Казахского национального университета им. аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: akynbek75@gmail.com).

Келіп түсті: 24 мамыр 2026 жыл
Қабылданды: 25 тамыз 2026 жыл

ҒТАМР 19.19.31 https://doi.org/10.26577/HJ81320269

Б.Н. Елтаева[1]*, Д.С. Боранбай[1],
А.Қ. Қыдырбек[1], А.А. Бейсенкулов[2]

[1] Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
[2] Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail: bifat.eltaeva@gmail.com

ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ ӨЗГЕРУ ДИНАМИКАСЫНА ЖАҢА МЕДИААРНАЛАРДЫҢ ЫҚПАЛЫ

Әлеуметтік желілер қоғамдық пікірді, құндылықтық бағдарларды және қоғамдық күн тәртібін қалыптастырудың негізгі арналарының біріне айналды. Платформаланған жаңалық тұтыну жағдайында редакциялық сүзгі әлсіреп, алгоритмдік ұсынымдар, инфлюенсерлік делдалдық және генеративті жасанды интеллект негізіндегі синтетикалық контент қоғамдық қабылдау механизмдеріне тікелей ықпал етеді. Мақаланың мақсаты – Қазақстан жағдайында жаңа медианың қоғамдық сананың өзгеру динамикасына әсерін түсіндіретін концептуалдық модель ұсыну және оны кейінгі эмпирикалық тексеруге жарамды гипотезалар мен өлшеу индикаторларын нақтылау. Зерттеу құжаттық талдау, салыстырмалы талдау және халықаралық екінші реттік деректерді жүйелеу әдістеріне сүйенеді. DataReportal, Reuters Institute, Pew Research Center және UNESCO/MediaNet материалдарын талдау негізінде ықпалдың төрт блогы айқындалды: контент көздері, платформалық медиаторлар, қабылдау механизмдері және қоғамдық санадағы нәтижелер. Нәтижесінде алгоритмдік тәуелділік, эмоциялық фреймдерге ұшырау, инфлюенсерлер арқылы жаңалық тұтыну, ЖИ-синтетикалық контент экспозициясы, медиасауаттылық және AI-сауаттылық айнымалылары бойынша H1–H6 гипотезалары мен операционалдық индикаторлар ұсынылды. Қорытындыда Қазақстандағы жоғары цифрлық қамту жағдайында медиасауаттылықты, фактчекинг мәдениетін және платформалық ашықтықты күшейту қоғамдық сананы манипуляциялық ықпалдан қорғаудың негізгі шарты екені тұжырымдалады.

Түйін сөздер: жаңа медиа, әлеуметтік желілер, қоғамдық сана, алгоритмдік ұсынымдар, инфлюенсерлер, генеративті жасанды интеллект, медиасауаттылық.

B.N. Yeltayeva[1]*, D. S. Boranbai[1],
A. K. Kydyrbek[1], A. A. Beisenkulov[2]

[1] Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
[2] International Information Technologies University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: bifat.eltaeva@gmail.com

The Impact of New Media on the Dynamics of Changes in Public Consciousness

Social networks have become one of the key channels for shaping public opinion, value orientations, and the public agenda. In platformised news consumption, editorial gatekeeping weakens, while algorithmic recommendations, influencer mediation, and synthetic content produced with generative artificial intelligence directly affect mechanisms of public perception. The aim of this article is to propose a conceptual model explaining the influence of new media on the dynamics of changes in public consciousness in Kazakhstan and to refine hypotheses and measurement indicators suitable for subsequent empirical testing. The study relies on desk research, comparative analysis, and the systematisation of international secondary data. Based on materials from DataReportal, the Reuters Institute, Pew Research Center, and UNESCO/MediaNet, four blocks of influence are identified: content sources, platform mediators, reception mechanisms, and outcomes in public consciousness. As a result, hypotheses H1–H6 and operational indicators are proposed for variables related to algorithmic dependence, exposure to emotional frames, news consumption through influencers, exposure to AI-synthetic content, media literacy, and AI literacy. The conclusion argues that under Kazakhstan's high level of digital penetration, strengthening media literacy, fact-checking culture, and platform transparency is a key condition for protecting public consciousness from manipulative influence.

Keywords: new media, social networks, public consciousness, algorithmic recommendations, influencers, generative artificial intelligence, media literacy.

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

Б.Н. Елтаева[1*], Д.С. Боранбай[1],
А.Қ. Қыдырбек[1], А.А. Бейсенкулов[2]
[1]Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
[2]Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан
*e-mail: bifat.eltaeva@gmail.com

Влияние новых медиа на динамику изменений в общественном сознании

Социальные сети стали одним из ключевых каналов формирования общественного мнения, ценностных ориентаций и общественной повестки. В условиях платформизированного потребления новостей редакционный фильтр ослабевает, а алгоритмические рекомендации, инфлюенсерское посредничество и синтетический контент на основе генеративного искусственного интеллекта напрямую воздействуют на механизмы общественного восприятия. Цель статьи – предложить концептуальную модель, объясняющую влияние новых медиа на динамику изменений общественного сознания в условиях Казахстана, и уточнить гипотезы и измерительные индикаторы, пригодные для последующей эмпирической проверки. Исследование опирается на документальный анализ, сравнительный анализ и систематизацию международных вторичных данных. На основе анализа материалов DataReportal, Reuters Institute, Pew Research Center и UNESCO/MediaNet выделены четыре блока влияния: источники контента, платформенные медиаторы, механизмы восприятия и результаты в общественном сознании. В результате предложены гипотезы H1–H6 и операциональные индикаторы для переменных, связанных с алгоритмической зависимостью, экспозицией к эмоциональным фреймам, потреблением новостей через инфлюенсеров, экспозицией к AI-синтетическому контенту, медиаграмотностью и AI-грамотностью. В заключении обосновывается, что в условиях высокого цифрового охвата Казахстана укрепление медиаграмотности, культуры фактчекинга и платформенной прозрачности является ключевым условием защиты общественного сознания от манипулятивного воздействия.

Ключевые слова: новые медиа, социальные сети, общественное сознание, алгоритмические рекомендации, инфлюенсеры, генеративный искусственный интеллект, медиаграмотность.

Кіріспе

Соңғы онжылдықта әлеуметтік желілер ақпарат өндіру, тарату және қабылдау логикасын түбегейлі өзгертті: аудитория тек тұтынушы емес, сонымен бірге контент жасаушы, пікір қалыптастырушы және қоғамдық дискурстың тікелей қатысушысына айналды. Мұндай ортада медиа ықпалы классикалық «біржақты хабар тарату» моделінен алыстап, көпорталықты, желілік және алгоритмдер арқылы басқарылатын коммуникацияға ұласады. Нәтижесінде әлеуметтік желілердегі медиа қоғамдық сананың (қоғамдық пікір, құндылық бағдарлары, саяси-әлеуметтік ұстанымдар, мінез-құлық стереотиптері) қалыптасуына ықпал ететін негізгі алаңдардың бірі ретінде көрініп отыр. Жаһандық цифрлық трендтер интернет қамтуының тарихи межелерге жеткенін және әлеуметтік медиа аудиториясы «көпшілік супер-көпшілік» деңгейіне көтерілгенін көрсетеді (DataReportal, 2025a).

Әлемдік деңгейде бұл құбылыстың ауқымы статистикадан-ақ байқалады. DataReportal есептері әлемде де, Қазақстанда да әлеуметтік желі аудиториясының жаппай қамту деңгейіне жеткенін көрсетеді (DataReportal, 2025a; DataReportal, 2025b). Осы цифрлық экожүйеде әлеуметтік желілердің орны ерекше: әлем бойынша 5,66 млрд «әлеуметтік желі қолданушы идентификациясы» тіркеліп, бұл әлем халқының 68,7%-ына тең. Әлеуметтік желіні пайдаланудың себептері әртүрлі болғанымен, жаңалық оқу оның маңызды мотивтерінің бірі болып қалып отыр: халықаралық деректерде белсенді әлеуметтік желі қолданушыларының 35,4%-ы «жаңалық оқуды» әлеуметтік желідегі негізгі әрекеттердің қатарында атайды. Демек, әлеуметтік желі – тек көңіл көтеру алаңы емес, қоғамдық маңызы бар ақпарат пен интерпретацияның күнделікті «ағынына» айналған медиакеңістік.

Қазақстанда интернет және әлеуметтік желі қамтуының жоғары болуы қоғамдық пікірдің платформаларда қалыптасуын жылдамдатады (DataReportal, 2025b). Халықаралық зерттеулер әлеуметтік желілердің қоғамдық санаға әсерін күшейткен тағы бір үрдісті көрсетеді: дәстүрлі жаңалық көздерімен (теледидар, баспа, жаңалық сайттары) тұрақты байланыс әлсіреп, әлеуметтік желі, видео-платформалар және агрегаторларға тәуелділік өсіп келеді. Reuters Institute-тің Digital News Report 2025 есебінде соңғы жылдарда дәстүрлі медиамен байланыс төмендеп, әлеуметтік

желі мен видео-платформаларға тәуелділік үлғайғаны атап өтіледі. Бұл өзгеріс ақпаратты қабылдаудың «медиатәртібін» де өзгертеді: редакциялық сүзгі әлсіреп, алгоритмдік іріктеу, жеке лента логикасы және түлғалық ықпал (инфлюенсерлер, блогерлер, подкастерлер) күшейеді. Аталған есепте жалған немесе адастырушы ақпараттың негізгі көздері ретінде онлайн-инфлюенсерлер мен түлғалардың, сондай-ақ ұлттық саясаткерлердің аталу тенденциясы көрсетілген. Сондай-ақ респонденттердің жартысынан көбі (58%) жаңалық контентінде «онлайн шын мен жалғанды ажырату қиындап барады» деген алаңдаушылық білдірген. Бұған қоса, генеративті жасанды интеллект пен дипфейк технологиялары ақпараттық манипуляция тәуекелін арттырып, халықаралық ұйымдар мен реттеушілердің назарын күшейтті (мысалы, БҰҰ/ITU алаңында дипфейктерді анықтау және контенттің шығу тегін растау құралдарын дамыту қажеттігі жиі көтеріледі). Reuters Institute Digital News Report 2025 деректері жалған немесе адастыратын ақпараттың ықтимал көздері ретінде ұлттық саясаткерлермен бірге онлайн инфлюенсерлердің аталуын және аудиторияның жас топтарында жасанды интеллект чат-боттарын жаңалық көзі ретінде қолдану үрдісінің пайда болғанын көрсетеді (Newman et al., 2025).

Қазақстандағы платформалық жаңалық тұтыну жағдайында (әсіресе қысқа видео форматында) үш фактор бір мезетте әсерді күшейтіп отыр: (1) редакциялық емес, алгоритмдік іріктеу арқылы күн тәртібінің құрылуы; (2) инфлюенсерлердің жаңалық делдалына айналып, верификация стандарттарының әркелкі болуы; (3) генеративті ЖИ арқылы жасалатын синтетикалық контенттің (deepfake/AI-generated) артуы. Нәтижесінде сенім эрозиясы, аффективті поляризация және өзін-өзі цензуралау тәуекелі өседі, ал Қазақстан контексінде бұл механизмдердің ықпалы бір модель ішінде өлшеніп, нақты индикаторлармен тексерілген зерттеулер жеткіліксіз.

Платформаланған жаңалық тұтынудың қоғамға ықпалын түсінуде ірі деректерге негізделген сауалнамалар маңызды. Pew Research Center-дің 2025 жылғы News Platform Fact Sheet материалында АҚШ ересектерінің 86%-ы жаңалықты кем дегенде кейде цифрлық құрылғылар арқылы алатыны, ал 21%-ы жаңалықты әлеуметтік желіден жиі тұтынатыны көрсетілген (Pew Research Center, 2025). Мұндай статистика әлеуметтік желілердің қоғамдық пікірге әсерін өлшеудің әмбебап индикаторларын әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда ақпараттық қауіпсіздік пен қоғамдық келісім тұрғысынан медиасауаттылық (media and information literacy) мәселесі өзекті бола түсті. UNESCO және MediaNet жүргізген зерттеу еліміздегі MIL экожүйесіне алғашқы кешенді талдау жасалып, мемлекет, ҮЕҰ және білім беру секторы деңгейіндегі қолданыстағы бастамалар мен негізгі олқылықтар айқындалғанын атап өтеді (MediaNet International Center for Journalism Public Foundation, 2025). Осы тұрғыда әлеуметтік желідегі медианың қоғамдық санаға әсерін түсіндіретін теориялық модельдерді Қазақстан тәжірибесімен байланыстыра талдау ғылыми да, қолданбалы да мәнге ие.

Зерттеудің мақсаты – Қазақстандағы әлеуметтік желілерде (әсіресе қысқа видео-платформаларда) алгоритмдік ұсынымға тәуелділік, инфлюенсерлік делдалдық және ЖИ-синтетикалық контент экспозициясы қоғамдық сананың негізгі индикаторларына (тақырып өзектілігі, жаңалыққа сенім, аффективті поляризация, өзін-өзі цензуралау) қалай ықпал ететінін түсіндіретін концептуалдық модельді әзірлеу және оны эмпирикалық тексеруге жарамды гипотезалар мен өлшеу индикаторларын ұсыну.

Зерттеу сұрақтары (RQ): RQ1: Алгоритмдік «Ұсыныстар/For You» лентасына тәуелділік Қазақстан аудиториясында жеке күн тәртібін (issue salience) қалай өзгертеді? RQ2: ЖИ-синтетикалық контентке ұшырау (deepfake/AI-generated) және оны тану дағдысы жаңалыққа сенім мен дезинформацияға сенуге қалай әсер етеді? RQ3: Медиасауаттылық пен фактчекинг (және AI-сауаттылық) бұл тәуекелдерді қандай деңгейде әлсіретеді?

Негізгі міндеттер: 1) классикалық және заманауи теорияларды (күн тәртібі, фрейминг, «үнсіздік спиралі», екісатылы коммуникация, коннективті әрекет, платформалану) әлеуметтік желі контексінде қайта түсіндіру; 2) алгоритмдік іріктеу, эмоциялық жұқтыру, әлеуметтік боттар мен дезинформацияның қоғамдық санаға ықпалын сипаттау; 3) Қазақстан жағдайында медиасауаттылық пен фактчекингті күшейту бойынша ұсынымдар ұсыну. Осылайша зерттеу нәтижелері журналистика тәжірибесінде, медиа білім беру бағдарламаларында және ақпараттық қауіпсіздік бағытындағы талдауларда қолдануға болатын тұжырымдар ұсынуға бағытталады.

Бұл жұмыстың ғылыми жаңалығы: (1) әлеуметтік желідегі медианың қоғамдық санаға ықпал

етуін төрт блокқа (контент көздері – платформалық медиаторлар – қабылдау механизмдері – қоғамдық сана нәтижелері) біріктіретін модельді генеративті ЖИ-синтетикалық контент факторымен кеңейтуімен; (2) Қазақстан аудиториясында эмпирикалық тексеруге болатын H1-H6 гипотезаларын (алгоритмге сүйену, эмоциялық фрейм, инфлюенсерлік делдалдық, эхо-камера қабылдауы және ЖИ-синтетика әсерлері) ұсынуымен; (3) медиасауаттылық-фактчекингпен қатар AI-сауаттылықты (deepfake тану, контенттің шығу тегін тексеру) ықпалды әлсірететін «буфер» ретінде дәрежелеуімен сипатталады.

Әдебиетке шолу

Әлеуметтік желілердің қоғамдық санаға ықпалын түсіндіруде классикалық медиаэффект теориялары әлі де өзекті. Мәселен, күн тәртібін белгілеу (agenda-setting) тұжырымы бұқаралық ақпарат құралдары белгілі бір тақырыптарды жиі және басым көрсету арқылы қоғамның назарын сол мәселелерге «бағыттайтынын» дәлелдеді (McCombs & Shaw, 1972).

Фрейминг теориясы оқиға мен мәселенің қалай ұсынылатыны (кадрлануы) қабылдауды өзгертіп, себеп-салдарды түсіндіру мен бағалау өлшемін қалыптастыратынын айтады (Entman, 1993). «Үнсіздік спиралі» концепциясы қоғамда басым пікірге қарсы көзқарас иелері оқшауланудан қорқып, өз пікірін жария айтуға құлықсыз болатынын көрсетеді (Noelle-Neumann, 1974). Платформалардағы топтық поляризация, «линч мәдениеті» және комментарийдегі агрессия осы механизмді күшейтіп, қоғамдық дискурсты біржақты етуі мүмкін.

Екісатылы коммуникация моделі ақпараттың аудиторияға жетуінде пікір көшбасшыларының рөлі зор екенін алға тартады (Katz, 1957). Қазіргі әлеуметтік медиада бұл функцияны блогерлер, инфлюенсерлер, әкімші-редакторлар, тіпті алгоритмдік «ықпал етушілер» атқара алады. Желі дәуіріндегі ұжымдық әрекетті түсіндіретін «коннективті әрекет» (connective action) тұжырымы әлеуметтік платформалардың мобилизация құралы ретінде жұмыс істейтінін, ал қатысушылардың саяси талаптары жекелендірілген мазмұн арқылы бір ортақ наративке бірігетінін көрсетеді (Bennett & Segerberg, 2012).

Платформалану (platformization) және мәдени өндірістің платформалық логикасы туралы еңбектер медиа нарықтың институционалдық шекаралары өзгеріп, контент өндірісі, таратылымы және монетизациясы платформалардың ережелерімен реттелетінін сипаттайды (Nieborg & Poell, 2018). Бұл қоғамдық санаға әсер етудің тетіктерін де қайта конфигурациялайды: аудитория «көретін» контент редакциядан гөрі ұсыным жүйесіне тәуелді болады.

Алгоритмдік іріктеу мен жаңалық тұтынудың сегменттелуі «фильтр көпіршігі» (filter bubble) және «жаңғырық бөлмесі» (echo chamber) мәселесін күшейтуі мүмкін. Онлайн жаңалық тұтынудың ірі массивтері негізінде жүргізілген зерттеулер саяси тұрғыдан ұқсас контенттің жинақталуы мен ықпалын эмпирикалық түрде талдауға мүмкіндік берді (Flaxman et al., 2016; Bakshy et al., 2015).

Әлеуметтік желілердегі эмоциялық динамика да қоғамдық санаға тікелей әсер етеді. Жаппай аудиториямен жүргізілген эксперимент нәтижелері эмоциялық жұқтыру (emotional contagion) феноменінің платформа ішінде орын алатынын көрсетіп, позитив/негатив контенттің үлесі қолданушылардың кейінгі жазбаларына ықпал етуі мүмкін екенін дәлелдеді (Kramer et al., 2014).

Дезинформация проблематикасы әлеуметтік желілердің қоғамдық санаға ықпалын талдаудың орталық бағытына айналды. 2016 жылғы АҚШ сайлауы контексіндегі жалған жаңалықтар туралы экономикалық талдау және кейінгі шолулар жалған ақпараттың таралу арналары мен мотивтерін жүйеледі (Allcott & Gentzkow, 2017; Lazer et al., 2018). Сонымен бірге жалған жаңалықтың шын жаңалыққа қарағанда тез әрі кең таралуы әлеуметтік желідегі ақпараттық тәуекелдердің күрделілігін көрсетті (Vosoughi et al., 2018). Әлеуметтік боттардың (social bots) ақпараттық күн тәртібін манипуляциялаудағы рөлі де бұл бағыттағы маңызды мәселе ретінде қарастырылады (Ferrara et al., 2016). Қазақстан зерттеушілері де әлеуметтік желілердің ақпараттық күн тәртібін қалыптастырудағы үлесін және аудиториямен ықпалдасу ерекшеліктерін зерделеуде. Азаматтық журналистика мәселесіне арналған зерттеу әлеуметтік желінің жеделдігі мен интерактивтілігі қоғамдық пікірдің түзілуіне әсер ететінін атап өтеді (Тоқтарбай & Жақсылық, 2022). «ЕҰУ Хабаршысы» журналистика сериясында жарияланған еңбектердің бірінде әлеуметтік желілердің қоғамдық санаға әсері отандық ақпараттық кеңістік мысалында қарастырылып, ықпал ету факторлары мен аудитория реакциялары талданады (Әшірбекова және т.б.,

2024). Сонымен бірге отандық ғылыми әдебиеттерде цифрлық ортада журналистика жанрлары мен пішіндерінің өзгеруі, мультимедиалық форматтардың кеңеюі және аудиториямен өзара әрекеттесудің жаңа тәсілдері талданады (Шиндалиева, 2025). Жастар аудиториясы бойынша жүргізілген салыстырмалы зерттеу әлеуметтік желілердің онлайн саяси қатысу мен пікір білдіру белсенділігіне ықпалын көрсетіп, қоғамдық сананың өзгеру динамикасын түсіндіруге мүмкіндік береді (Tolen et al., 2023).

Генеративті ЖИ контент өндіруді жеңілдетіп, синтетикалық фото/видео/аудионың (deepfake) таралуын жеделдетті. Бұл қоғамдық санаға ықпал ету механизмдерін жаңа деңгейде күшейтеді: біріншіден, «көрнекі дәлел» әсері арқылы фреймнің сенімді қабылдануы артады; екіншіден, алгоритмдік лентада синтетикалық контент кәдімгі контентпен бірдей таратылған жағдайда верификацияға «үйкеліс» аз болады; үшіншіден, AI чатботтарының жаңалықты түсіндіруші/делдал ретінде қолданылуы дереккөз ашықтығы әлсіз жаңа түтыну сценарийін қалыптастыруы мүмкін(Newman et al., 2025). Сондықтан зерттеуде ЖИ-синтетикалық контент экспозициясы және AI-сауаттылық бөлек айнымалылар ретінде енгізіледі.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу жұмысы негізінен құжаттық (desk research) және қайталама деректерді талдау тәсілдеріне сүйенеді. Бұл тәсіл әлеуметтік желілердің қоғамдық санаға әсерін сипаттауда халықаралық есептер мен ғылыми әдебиеттерді біріктіріп қарастыруға мүмкіндік береді. Дереккөздер төрт блокқа топтастырылды: 1) жаһандық және ұлттық цифрлық көрсеткіштер (интернет қамтуы, әлеуметтік желі аудиториясы, платформалар бойынша қолдану құрылымы) – (DataReportal, 2025a; DataReportal, 2025b); 2) жаңалық түтыну және сенім индикаторлары – (Newman et al., 2025; Pew Research Center, 2025); 3) медиасауаттылық пен ақпараттық қауіпсіздік саласындағы институционалдық талдау материалдары – (MediaNet International Center for Journalism Public Foundation, 2025); 4) медиаэффект теориялары мен әлеуметтік желіге қатысты эмпирикалық зерттеулер – (McCombs & Shaw, 1972; Entman, 1993; Noelle-Neumann, 1974; Katz, 1957; Bennett & Segerberg, 2012; Nieborg & Poell, 2018; Flaxman et al., 2016; Bakshy et al., 2015; Kramer et al., 2014; Allcott & Gentzkow, 2017; Lazer et al., 2018; Vosoughi et al., 2018; Ferrara et al., 2016), сондай-ақ Қазақстан контексіндегі жарияланымдар – (Әшірбекова және т.б., 2024; Тоқтарбай & Жақсылық, 2022; Шиндалиева, 2025; Tolen et al., 2023).

Бұл жұмыс шолу сипатымен шектелмейді: халықаралық есептер мен әдебиеттер проблеманың ауқымын сипаттауға қызмет етеді, ал негізгі ғылыми нәтиже ретінде Қазақстан жағдайында эмпирикалық тексеруге болатын модель, гипотезалар және өлшеу индикаторлары пакеті ұсынылады. Осыған байланысты өлшеу құралдары қатарына ЖИ-синтетикалық контент экспозициясы (deepfake/AI-generated видео-аудио) және AI-сауаттылық (синтетиканы тану, контенттің шығу тегін тексеру) индикаторлары енгізіледі.

Ескертпе (метрикалардың салыстырмалылығы туралы). Халықаралық цифрлық есептерде қолданылатын көрсеткіштер бірдей емес: DataReportal материалдарындағы «user identities» көбіне әлеуметтік желілердегі тіркелген аккаунттар/идентификациялар санын білдіреді және бір адамның бірнеше аккаунт қолдануы мүмкін болғандықтан бірегей пайдаланушы санымен толық сәйкес келе бермейді. DataReportal материалдарындағы «user identities» бірегей адам санымен толық сәйкес келмеуі мүмкін (көпаккаунттылық). «Ad reach» көрсеткіші сауалнамадағы «апталық қолдану» метрикасына тікелей тең емес. Сондықтан салыстырулар трендті сипаттайды және эмпирикалық тексеруде қосымша өлшеуді талап етеді.

Талдау үш кезеңде жүргізілді. Бірінші кезеңде аталған есептерден негізгі көрсеткіштер іріктеліп, «пайдаланушы саны», «платформалық қамту», «жаңалыққа сенім», «жалған ақпарат қаупі» секілді индикаторлар бойынша салыстырмалы кестелік жүйелеу жасалды. Екінші кезеңде әдебиеттерге шолу әдісі арқылы қоғамдық санаға ықпал етудің концептуалдық механизмдері (күн тәртібі, фрейминг, үнсіздік спиралі, екісатылы коммуникация, платформалану, алгоритмдік іріктеу, эмоциялық жұқтыру) жіктелді. Үшінші кезеңде алынған нәтижелер Қазақстандағы медиасауаттылық экожүйесі және отандық ғылыми жарияланымдар контексінде интерпретацияланып, қолданбалы ұсынымдар қалыптастырылды.

Әлеуметтік желілердің аудиториясы «аккаунт» немесе «жарнамалық қамту» түрінде өлшенген жағдайда бір адамның бірнеше аккаунт қолдануы мүмкін екені ескеріледі.

Нәтижелер мен талқылау

Қайталама деректер Қазақстанда интернет пен әлеуметтік желі қамтуы жаһандық орташа деңгейден жоғары екенін көрсетеді (Кесте 1), бұл қоғамдық пікірдің платформаларда жылдам қалыптасуына құрылымдық алғышарт жасайды (DataReportal, 2025a; DataReportal, 2025b). Қазақстан контексінде цифрлық инфрақұрылымның салыстырмалы жоғары деңгейі байқалады: 2025 жылдың соңында интернет қолданушылар саны 19,5 млн (93,4%), әлеуметтік желі қолданушылары 16,9 млн (80,8%) болды (DataReportal, 2025b). Демек, Қазақстандағы интернет қамтуы жаһандық орташа деңгейден шамамен 20,2 т.п., ал әлеуметтік желі қамтуы 12,1 т.п. жоғары. Бұл айырмашылық әлеуметтік желідегі контенттің қоғамдық пікірге ықпалын бағалауда Қазақстан аудиториясының «толық қамтылған» (near-universal) сипатқа жақындағанын білдіреді (1-кесте, 1-сурет).

1-кесте деректері Қазақстандағы цифрлық қамтудың жаһандық орташа көрсеткіштен жоғары екенін көрсетеді; осы айырмашылық төмендегі суретте көрнекі түрде берілді.

1-кесте
Әлем және Қазақстан бойынша негізгі цифрлық көрсеткіштер (2025, % және млн/млрд)

Көрсеткіш	Әлем	Қазақстан
Халық саны	8.25 млрд	20.9 млн
Интернет қолданушылары	6.04 млрд	19.5 млн
Интернет қамтуы	73.2%	93.4%
Әлеуметтік желі қолданушылары (user identities)	5.66 млрд	16.9 млн
Әлеуметтік желі қамтуы	68.7%	80.8%

Ескертпе: DataReportal (2025a, 2025b) деректері негізінде авторлар құрастырған.

1-сурет
Интернет және әлеуметтік желі қамтуы: әлем және Қазақстан



Ескертпе: DataReportal (2025a, 2025b) деректері негізінде авторлар құрастырған

Халықаралық деңгейде жаңалыққа сенім және жаңалықты әлеуметтік ортада тарату (шеринг) көрсеткіштері платформалардың қоғамдық санаға әсер ету «жылдамдығын» және ықпал ету тәуекелдерін түсіндіретін маңызды индикаторлар. Салыстыру үшін медиажүйелері мен платформалық басымдығы әртүрлі төрт ел (АҚШ, Германия, Түркия, Оңтүстік Корея) таңдалып, сенім деңгейі мен жаңалық тұтынудың платформалық құрылымы контраст ретінде қарастырылды. Reuters Institute Digital News Report 2025 материалдары бойынша

«жаңалыққа жалпы сенім» (most news most of the time) таңдалған елдер арасында айқын айырмаланады: Германияда 45%, Түркияда 33%, Оңтүстік Кореяда 31%, АҚШ-та 30% болып тіркелген (Newman et al., 2025). Сонымен бірге жаңалықты әлеуметтік желі/мессенджер/e-mail арқылы бөлісу үлесі Түркияда 36%, АҚШ-та 31%, Оңтүстік Кореяда 23%, Германияда 20% деңгейінде. Аталған салыстырмалы деректер Кесте 2-де көрсетілді (Newman et al., 2025).

Платформалық ландшафт та елдер бойынша біркелкі емес: жаңалық үшін жетекші арна Түркияда Instagram (40%), Оңтүстік Кореяда YouTube (50%) және KakaoTalk (15%), АҚШ-та Facebook (32%), Германияда YouTube (18%) және WhatsApp (15%) болып көрінеді (Newman et al., 2025). Бұл айырмашылықтар видеоға негізделген платформалардың (YouTube, TikTok, Instagram) жаңалық таратудағы үлесі артқанын және мессенджерлердің (WhatsApp, KakaoTalk) «жабық» дискурс кеңістігін қалыптастырып, қоғамдық пікірдің сегменттелуін күшейте алатынын аңғартады. Сенім деңгейінің елдер бойынша айырмашылығы Сурет 2-де, ал жаңалық үшін жетекші платформа үлесінің салыстырмасы Сурет 3-те визуалданды.

2-кестеде жинақталған айырмашылықтар елдер бойынша жаңалыққа сенім мен платформалық басымдықтың біркелкі емес екенін көрсетеді; бұл контраст төмендегі визуализацияларда айқын көрінеді.

2-кесте
Reuters Institute Digital News Report 2025 деректері бойынша елдердегі сенім және әлеуметтік ортадағы жаңалық экожүйесі

Ел	Интернет қамтуы	Жаңалыққа жалпы сенім	Жаңалықты бөлісу	Жаңалық үшін топ-3 платформа
АҚШ	96%	30%	31%	Facebook – 32%; YouTube – 30%; X – 23%
Германия	97%	45%	20%	YouTube – 18%; WhatsApp – 15%; Facebook – 15%
Түркия	87%	33%	36%	Instagram – 40%; YouTube – 35%; WhatsApp – 23%
Оңтүстік Корея	97%	31%	23%	YouTube – 50%; KakaoTalk – 15%; Instagram – 11%

Ескертпе: Newman et al. (2025) негізінде авторлар құрастырған

2-сурет
Жаңалыққа жалпы сенім деңгейі (таңдалған елдер, %)



Ескертпе: Newman et al. (2025) негізінде авторлар құрастырған

3-сурет
Елдер бойынша жаңалық үшін №1 платформа үлесі (апталық қолдану, %)



Ескертпе: Newman et al. (2025) негізінде авторлар құрастырған

Теориялық тұрғыдан бұл эмпирикалық айырмашылықтарды бірнеше механизм арқылы түсіндіруге болады. Біріншіден, әлеуметтік желілердегі күн тәртібі редакциялық таңдаудан бөлек, алгоритмдік іріктеу мен трендтік динамика арқылы қалыптасады, бұл agenda-setting әсерін «платформалық» деңгейде күшейтеді (McCombs & Shaw, 1972; Nieborg & Poell, 2018). Екіншіден, фреймдер мен интерпретациялар инфлюенсерлер, қауымдастықтар және қысқа форматтағы видео арқылы жылдам таралып, эмоциялық жұқтыру құбылысын ұлғайта алады (Entman, 1993; Kramer et al., 2014). Үшіншіден, пікір көпшілігі туралы елес пайда болып, «үнсіздік спиралі» әсері арқылы альтернатив пікірлердің көрінуі әлсіреуі ықтимал (Noelle-Neumann, 1974). Төртіншіден, генеративті ЖИ арқылы жасалған синтетикалық материалдар (deepfake/AI-voice) платформа лентасында кәдімгі контентпен бірдей таралған жағдайда «көрнекі дәлел» әсерін күшейтіп, эмоциялық-экстремалды фреймдердің сенімді қабылдануына және қайта бөлісуге итермелеуі мүмкін; бұл сенім эрозиясы мен поляризация тәуекелін ұлғайтады (Newman et al., 2025). Осы факторлар дезинформация және боттық белсенділікпен ұштасқанда қоғамдық пікір поляризациясының тәуекелі артады (Lazer et al., 2018; Vosoughi et al., 2018; Ferrara et al., 2016).

4-суретте ұсынылған концептуалдық модель әлеуметтік желідегі медианың қоғамдық санаға әсерін төрт өзара байланысты блок арқылы сипаттайды: (1) контент көздері мен өндірісі (БАҚ, инфлюенсер, қауымдастық, пайдаланушы контенті); (2) платформалық медиаторлар (алгоритмдік ұсыным, модерация, рейтинг/тренд механикасы); (3) қабылдау және әлеуметтік-психологиялық механизмдер (күн тәртібі, фрейминг, эмоциялық жұқтыру, әлеуметтік дәлел, топтық қысым); (4) нәтижелер (тақырыптың өзектенуі, сенім, поляризация, ұжымдық әрекет, пікір айту белсенділігі/өзін-өзі цензуралау). Бұл тізбекте медиасауаттылық пен фактчекинг ықпалды әлсірететін «буфер», ал орталықтандырылған дезинформация мен әлеуметтік боттар ықпал ету тәуекелін күшейтетін факторлар ретінде қарастырылады. Осы модельге сүйене отырып, төменде эмпирикалық тексеруге арналған H1-H6 гипотезалары ұсынылады.

4-сурет

Әлеуметтік желілердегі медианың қоғамдық санаға әсер етуінің концептуалдық моделі



Ескертпе: теориялық әдебиеттер негізінде авторлар ұсынған модель (McCombs & Shaw, 1972; Entman, 1993; Katz, 1957; Nieborg & Poell, 2018)

H1: Әлеуметтік желі арқылы жаңалық/қоғамдық-саяси контентке жиі ұшырау (экспозиция) және «ұсыныстар лентасын» (For You/Рекомендации) көбірек қолдану қоғамдық күн тәртібіндегі тақырыптардың жеке деңгейде маңызды деп қабылдануын (issue salience) арттырады. Негіздеме: күн тәртібін белгілеу логикасы (McCombs & Shaw, 1972) және платформалану жағдайындағы ықпалдың платформалық медиаторлар арқылы күшеюі (Nieborg & Poell, 2018).

H2: Әлеуметтік желі контентіндегі эмоциялық-экстремалды фреймдерге (ашу, қорқыныш, айыптау, «қауіп-қатер» риторикасы) ұшырау деңгейі артқан сайын: (a) жаңалыққа сенім төмендейді, (b) аффективті поляризация (қарсы көзқарас иелеріне негативті эмоциялық қатынас) күшейеді. Негіздеме: фрейминг ықпалы (Entman, 1993) және эмоциялық жұқтыру/аффект динамикасы (Kramer et al., 2014) платформалық дискурста рационал дәлелден гөрі эмоцияны күшейте алады.

H3: Жаңалықты негізінен инфлюенсерлер/блогерлер арқылы түтыну үлесі артқан сайын верификацияланбаған мәлімдемелерге сену (misinformation belief) деңгейі жоғарылайды және жаңалыққа институционал сенім төмендейді; бұл байланыс медиасауаттылық жоғары болғанда әлсірейді (модерация әсері). Негіздеме: екісатылы коммуникация логикасы (Katz, 1957), инфлюенсерлік экожүйенің ақпарат сапасына әсері туралы халықаралық бақылаулар (Newman et al., 2025), ал медиасауаттылық «буфер» рөлін атқаратыны (MediaNet International Center for Journalism Public Foundation, 2025). Дезинформация феномені мен таралу логикасы туралы зерттеулер (Allcott & Gentzkow, 2017; Lazer et al., 2018; Vosoughi et al., 2018).

H4: «Менің лентамдағы пікірлер көбіне маған ұқсас» (эхо-камера/гомофилия) деген қабылдау күшейген сайын және «көпшілік пікірі маған қарсы» деген қоғамдық пікір климаты сезілген сайын: (a) әлеуметтік желіде қоғамдық тақырыпта пікір айтуға дайындық төмендейді (self-censorship өседі), (b) поляризация күшейеді. Негіздеме: үнсіздік спиралі (Noelle-Neumann, 1974) және онлайн жаңалық түтынудағы сегменттелу/эхо-камера құбылысы туралы эмпирикалық деректер (Flaxman et al., 2016; Bakshy et al., 2015).

H5: ЖИ-синтетикалық контентке (deepfake, AI-generated видео/аудио) ұшырау жиілігі артқан сайын: (a) верификацияланбаған мәлімдемелерге сену (MED1) өседі, (b) әлеуметтік желідегі жаңалыққа сенім (DV2) төмендейді; бұл байланыс медиасауаттылық/фактчекинг және AI-сауаттылық жоғары болғанда әлсірейді. Негіздеме: инфлюенсерлердің дезинформация көзі ретінде аталуы, «шын-өтірікті» ажыратудың қиындауы және ЖИ-дың жаңалық экожүйесіне енуі туралы халықаралық бақылаулар (Newman et al., 2025).

H6: Жаңалықты AI құралдары (чатбот, генеративті іздеу/жинақтау) арқылы түтыну жиілігі артқан сайын медиасауаттылық және AI-сауат-

тылық төмен болған жағдайда (a) қате ақпаратқа осалдық (MED1) өседі және (b) институционал жаңалыққа сенім (DV2) төмендейді; бұл әсер медиасауаттылық пен AI-сауаттылық жоғары болғанда әлсірейді (Newman et al., 2025).

Төмендегі операционализация үлгісі Қазақстандағы аудиторияны қамтитын онлайн сауалнама + қажет жағдайда контент-талдау (TikTok/Instagram/YouTube-тағы резонансты тақырыптар) арқылы тексеруге ыңғайланған.

3-кесте
Айнымалыларды дәрежелеу (айнымалы-индикатор-өлшеу тәсілі)

Түрі	Айнымалы (код)	Операционалдық анықтама	Негізгі индикаторлар	Өлшеу тәсілі (шкала/дерек)
Тәуелсіз	ЖИ-синтетикалық контент экспозициясы (IV5)	Deepfake/ AI-generated видео-аудио/аватар контентімен ұшырасу жиілігі	1) «Соңғы 7 күнде AI дауысты/ AI-аватар видеоларын көрдім»2) «Бұл контенттің жасанды болуы мүмкін» деп күмәндану жиілігі3) AI контентті қайта бөлісу/ көрсетілім	Сауалнама: Лайкерт 1-5Optional: қысқа стимул-тапсырма (таңбаланған/ таңбаланбаған үлгіге сенім және бөлісу ниеті)
Тәуелсіз	AI-чатбот/ генеративті ЖИ арқылы жаңалық түтыну (IV6)	Жаңалықты чатбот/ AI-құрал арқылы іздеу немесе жинақтап оқу жиілігі	1) «Аптасына/күніне AI-құралдан жаңалық сұраймын»2) AI-жауапқа сену деңгейі3) AI-жауапты кемінде 1-2 дереккөзбен салыстырып тексеру	Сауалнама: жиілік (1-5) + Лайкерт 1-5Optional: қысқа тапсырма (AI-жауаптағы дереккөз айқындылығын/ дәйектілігін бағалау)
Модератор	AI-сауаттылық (MOD2)	Синтетикалық контентті тану және тексеру дағдысы	1) Deepfake белгілерін тану (қысқа тест)2) Контенттің шығу тегін (source/provenance) тексеру жиілігі3) «AI-generated» таңбасын дұрыс интерпретациялау	Тест (0-10 балл) + сауалнама (Лайкерт 1-5) Индекстік ұпай (MOD2 composite score)

Ескертпе: авторлар құрастырған

4-кесте
Гипотезалар мен айнымалылар сәйкестігі (қысқа карта)

Гипотеза	Тәуелсіз айнымалылар	Делдал/модератор	Тәуелді айнымалылар	Күтілетін бағыт
H1	IV1, IV2	-	DV1	(+)
H2	IV3	(қажет болса) эмоция индексі	DV2, DV3	DV2 (−), DV3 (+)
H3	IV4	MOD1 (медиасауаттылық), MED1	DV2, MED1	MED1 (+), DV2 (−), MOD1 әсерді әлсіретеді
H4	MED2 (эхо-камера), пікір климаты	-	DV4, DV3	DV4 (+), DV3 (+)

Ескертпе: авторлар құрастырған

Кесте 1-де көрсетілгендей, Қазақстанда интернет пен әлеуметтік желі қамтуы әлемдік орташа деңгейден жоғары, сондықтан қоғамдық пікірдің елеулі бөлігі платформаларда қалыптасады (DataReportal, 2025a), (DataReportal, 2025b). Кесте 2 және Сурет 2-3 халықаралық деңгейде сенім мен жаңалықты тарату үлесінің әркелкі екенін әрі инфлюенсерлік арналардың салмағы артқанын көрсетеді (Newman et al., 2025). Сурет 4-ке сәйкес, ықпалдың негізгі тетігі алгоритмдік іріктеу мен эмоцияға негізделген фреймдердің вирустық таралуы болып табылады (McCombs

& Shaw, 1972), (Entman, 1993), (Nieborg & Poell, 2018), (Kramer et al., 2014). Сенім эрозиясы мен дезинформация қаупін азайту үшін редакциялар қысқа форматта да дереккөз ашықтығын сақтап, фактчекингті күнделікті практикаға айналдыруы керек (Lazer et al., 2018; Vosoughi et al., 2018; Ferrara et al., 2016). Мемлекеттік және қоғамдық институттар дағдарыс коммуникациясын жеделдетіп, жалған ақпаратқа алдын ала түсіндіру (prebunking) форматтарын күшейткен жағдайда манипуляциялық әсер төмендейді (Newman et al., 2025). Білім беру саласында медиасауаттылықты жүйелеу және қазақ тіліндегі MIL ресурстарын кеңейту – ұзақ мерзімді тұрақты шешім (MediaNet International Center for Journalism Public Foundation, 2025).

Қорытынды

Қазақстанда әлеуметтік желі қамтуының жоғары болуы қоғамдық пікірдің платформаларда тез қалыптасуына құрылымдық алғышарт жасайтынын көрсетті (DataReportal, 2025a; DataReportal, 2025b). Платформалық ортада классикалық медиа-әсер механизмдері (күн тәртібі, фрейминг, пікір көшбасшылары) сақталғанымен, олар алгоритмдік ұсыным, инфлюенсерлік делдалдық және эмоциялық вирустық динамика арқылы күшейеді (McCombs & Shaw, 1972; Entman, 1993; Katz, 1957; Nieborg & Poell, 2018; Kramer et al., 2014). Бұған генеративті ЖИ арқылы жасалатын синтетикалық контенттің (deepfake/AI-generated) артуы қосылып, шынайылықты бағалау мен верификацияны күрделендіреді және сенім эрозиясы мен поляризация тәуекелін өсіреді (Newman et al., 2025).

Зерттеудің ғылыми үлесі – әлеуметтік желідегі ықпал етудің 4 блокты моделін ЖИ-синтетикалық контент факторымен кеңейтіп, Қазақстан аудиториясында эмпирикалық тексеруге болатын гипотезалар мен операционализацияланған индикаторлар жүйесін ұсынуында. Бұл жүйе алгоритмге сүйену, эмоциялық фрейм экспозициясы, инфлюенсерге тәуелділік және ЖИ-экспозицияның қоғамдық сана нәтижелерімен (сенім, поляризация, өзін-өзі цензуралау) байланысын өлшеуге мүмкіндік береді.

Практикалық тұрғыдан манипуляция тәуекелін төмендетудің негізгі бағыты – медиасауаттылық пен фактчекингті (соның ішінде AI-сауаттылықты) «буфер» ретінде күшейту және платформалық ашықтықты арттыру. Зерттеудің шектеуі – пайдаланылған халықаралық есептердің әдістемелері әркелкі және «user identities/ad reach» метрикалары бірегей адам санымен толық сәйкес келмеуі мүмкін (DataReportal, 2025a; DataReportal, 2025b). Болашақта ұсынылған модельді Қазақстанда онлайн сауалнама, қысқа форматты контент-талдау және қажет болса стимул-эксперимент арқылы тексеру ұсынылады.

Практикалық ұсынымдар

Журналистика және редакциялар үшін. Алгоритмдік ортаға бейімделген, бірақ фактке негізделген өндіріс: қысқа форматқа (reels/shorts) лайықталған түсіндірмелі контентті көбейтіп, әр материалда дереккөзді айқын көрсету және қажет болса түзетуді ашық жариялау (сенім капиталын сақтау) (Newman et al., 2025; Шиндалиева, 2025). Фрейминтгің жауапкершілігі: эмоциялық-экстремалды фреймдерді (қорқыныш/ашу) «клик үшін» қолдану поляризация тәуекелін арттыруы мүмкін; сондықтан теңгерімді кадрлау, контекст беру және қарсы позицияны әділ көрсету маңызды (Entman, 1993; Newman et al., 2025). Инфлюенсерлермен жұмыс қағидасы: инфлюенсерлік арналар арқылы таралатын ақпарат сапасының әркелкілігі ескеріліп, коллаборацияда фактчекинг, дисклеймер және дереккөз ашықтығы сияқты редакциялық стандарттарды бекіту (Newman et al., 2025; Katz, 1957). Дезинформацияға қарсы «алдын ала түсіндіру» (prebunking): резонансты тақырыптарда жалған ақпараттың ықтимал формаларын алдын ала түсіндіретін қысқа нұсқаулықтар, Q&A, «не белгілі/не белгісіз» форматтарын енгізу (Lazer et al., 2018; Vosoughi et al., 2018).

Платформалар және модерация саясаты үшін. Орталықтандырылған манипуляцияны шектеу: боттық белсенділікті анықтау, күмәнді желілерге тарату «үйкелісін» (мысалы, қайта бөлісу алдында ескерту) арттыру (Ferrara et al., 2016). Ұсыным жүйесінің ашықтығы: пайдаланушыға «неге бұл контент ұсынылды?» деген түсініктемелерді кеңейту және контент provenance/шығу тегін белгілеу тәжірибесін дамыту (сенімділікке ықпал) (Newman et al., 2025; Nieborg & Poell, 2018).

Білім беру және қоғам үшін. Медиасауаттылықты жүйелеу: мектеп/ЖОО бағдарламаларында MIL модульдерін күшейту; қазақ тіліндегі практикалық материалдарды көбейту; фактчекинг мәдениетін тұрақты дағдыға айналдыру (MediaNet International Center for Journalism Public Foundation, 2025). Қоғамдық коммуни-

кацияның тұрақты арнасы: ресми институттар әлеуметтік желідегі жедел түсіндіруді (дағдарыс коммуникациясы, мифтерді жоққа шығару) күшейтуі тиіс, себебі аудиторияның елеулі бөлігі жаңалықты дәл осы платформалардан алады (DataReportal, 2025b; Newman et al., 2025).

Бұл жұмыстың шектеуі – талдаудың қайталама деректерге сүйенуі және платформалар бойынша аудитория көрсеткіштерінің (user identities, ad reach) бірегей адам санын толық дәл бермеуі мүмкіндігі (DataReportal, 2025a; DataReportal, 2025b). Халықаралық есептердің әдістемелері де біркелкі емес болғандықтан, елдер арасындағы салыстыруда контекст факторларын ескеру қажет(Newman et al., 2025; Pew Research Center, 2025).

Болашақ зерттеулер үшін Қазақстан контексінде платформа-бағытталған контент талдауы (фреймдер, эмоциялық тон), аудиториялық күнделік/панельдік дизайн және желілік талдау (тарату траекториясы, инфлюенсер-кластерлер) сияқты тәсілдерді қолдану ұсынылады. Бұл әлеуметтік желілердің қоғамдық санаға әсерін тек сипаттау деңгейінде емес, механизмдерін нақтылырақ өлшеуге мүмкіндік береді (Flaxman et al., 2016; Bakshy et al., 2015; Kramer et al., 2014; Әшірбекова және т.б., 2024; MediaNet International Center for Journalism Public Foundation, 2025).

Авторлардың қосқан үлесі

Елтаева Б. Н. – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, мәтінді бастапқы жазу, материалдарды жинақтау және талдау.

Боранбай Д. С. – дереккөздерді іріктеу, салыстырмалы талдау жүргізу және мәтінді редакциялау.

Қыдырбек А. Қ. – ғылыми әдебиеттерді жүйелеу, кестелер мен индикаторларды рәсімдеу.

Бейсенкулов А. А. – ғылыми кеңес беру, мәтінді сыни қайта қарау және мақаланың соңғы нұсқасын бекіту.

Әдебиеттер

Allcott, H., & Gentzkow, M. (2017). Social media and fake news in the 2016 election. Journal of Economic Perspectives, 31(2), 211–236. https://doi.org/10.1257/jep.31.2.211

Ashirbekova, G. Sh., Berekotova, A. S., & Zhaksylyk, A. S. (2024). Aleumettik zhelilerdin kogamdyk sanaga aseri [The impact of social networks on public consciousness]. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism Series, 2(147), 8–24. https://doi.org/10.32523/2616-7174-2024-147-2-8-24

Bakshy, E., Messing, S., & Adamic, L. A. (2015). Exposure to ideologically diverse news and opinion on Facebook. Science, 348(6239), 1130–1132. https://doi.org/10.1126/science.aaa1160

Bennett, W. L., & Segerberg, A. (2012). The logic of connective action: Digital media and the personalization of contentious politics. Information, Communication & Society, 15(5), 739–768. https://doi.org/10.1080/1369118X.2012.670661

DataReportal. (2025a). Digital 2026: Global overview report. https://datareportal.com/reports/digital-2026-global-overview-report

DataReportal. (2025b). Digital 2026: Kazakhstan. https://datareportal.com/reports/digital-2026-kazakhstan

Entman, R. M. (1993). Framing: Toward clarification of a fractured paradigm. Journal of Communication, 43(4), 51–58. https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1993.tb01304.x

Ferrara, E., Varol, O., Davis, C., Menczer, F., & Flammini, A. (2016). The rise of social bots. Communications of the ACM, 59(7), 96–104. https://doi.org/10.1145/2818717

Flaxman, S., Goel, S., & Rao, J. M. (2016). Filter bubbles, echo chambers, and online news consumption. Public Opinion Quarterly, 80(S1), 298–320. https://doi.org/10.1093/poq/nfw006

Katz, E. (1957). The two-step flow of communication: An up-to-date report on an hypothesis. Public Opinion Quarterly, 21(1), 61–78. https://doi.org/10.1086/266687

Kramer, A. D. I., Guillory, J. E., & Hancock, J. T. (2014). Experimental evidence of massive-scale emotional contagion through social networks. Proceedings of the National Academy of Sciences, 111(24), 8788–8790. https://doi.org/10.1073/pnas.1320040111

Lazer, D. M. J., Baum, M. A., Benkler, Y., Berinsky, A. J., Greenhill, K. M., Menczer, F., et al. (2018). The science of fake news. Science, 359(6380), 1094–1096. https://doi.org/10.1126/science.aao2998

McCombs, M. E., & Shaw, D. L. (1972). The agenda-setting function of mass media. Public Opinion Quarterly, 36(2), 176–187. https://doi.org/10.1086/267990

MediaNet International Center for Journalism Public Foundation. (2025). Media and information literacy in Kazakhstan: Mapping report. UNESCO Regional Office in Almaty. https://articles.unesco.org/sites/default/files/medias/fichiers/2025/09/Mapping-MIL-Report-Eng.pdf

Newman, N., Ross Arguedas, A., Robertson, C. T., Nielsen, R. K., & Fletcher, R. (2025). Reuters Institute digital news report 2025. Reuters Institute for the Study of Journalism. https://doi.org/10.60625/risj-8qqf-jt36

Nieborg, D. B., & Poell, T. (2018). The platformization of cultural production: Theorizing the contingent cultural commodity. New Media & Society, 20(11), 4275–4292. https://doi.org/10.1177/1461444818769694

Noelle-Neumann, E. (1974). The spiral of silence: A theory of public opinion. Journal of Communication, 24(2), 43–51. https://doi.org/10.1111/j.1460-2466.1974.tb00367.x

Pew Research Center. (2025, September 25). News platform fact sheet. https://www.pewresearch.org/journalism/fact-sheet/news-platform-fact-sheet/

Shindalieva, M. B. (2025). Zhurnalistika zhanrlary men pishinderinin ozgeru urdisi: Multimedialyk aspektileri [Trends in changes of journalism genres and formats: Multimedia aspects]. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism Series, 1(150), 130–148. https://doi.org/10.32523/2616-7174-2025-150-1-130-148

Toktarbai, B., & Zhaksylyk, A. (2022). Kazakhstandagy azamattyk zhurnalistikanyn aleumettik zhelidegi parmdendiligi [Effectiveness of citizen journalism on social networks in Kazakhstan]. Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Journalism Series, 2(139), 79–87. https://doi.org/10.32523/2616-7174-2022-139-2-79-87

Tolen, Z., Aitymbetov, N., Ismagambetov, T., Toktarov, Y., & Alisherova, A. (2023). The impact of digitalization on political engagement among Kazakhstani youth: A comparative study before and after "Qandy Qantar" (Sanguinary January) of 2022. Journal of Social Studies Education Research, 14(3), 97–116. https://www.jsser.org/index.php/jsser/article/download/5132/627

Vosoughi, S., Roy, D., & Aral, S. (2018). The spread of true and false news online. Science, 359(6380), 1146–1151. https://doi.org/10.1126/science.aap9559

Авторлар туралы мәлімет:

Елтаева Бифат (корреспонденттік автор) – баспагерлік-редакторлық іс және өнер кафедрасының магистранты, журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: bifat.eltaeva@gmail.com).

Боранбай Динара – баспагерлік-редакторлық іс және өнер кафедрасының магистранты, журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, dinara.boranbay@mail.ru).

Қыдырбек Ақбота – баспагерлік-редакторлық іс және өнер кафедрасының магистранты, журналистика факультеті, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, akbotashym@gmail.com).

Бейсенкулов Аязби – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, бизнес, медиа және басқару факультеті, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті (Алматы, Қазақстан, a.beisenkulov@iitu.edu.kz).

Information about the authors:

Bifat Yeltayeva (corresponding author) – Master's student, Department of Publishing, Editing and Art, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: bifat.eltaeva@gmail.com).

Dinara Boranbay – Master's student, Department of Publishing, Editing and Art, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: dinara.boranbay@mail.ru).

Akbota Kydyrbek – Master's student, Department of Publishing, Editing and Art, Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: akbotashym@gmail.com).

Ayazbi Beisenkulov – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Faculty of Business, Media and Management, International Information Technology University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: a.beisenkulov@iitu.edu.kz).

Сведения об авторах:

Елтаева Бифат (автор для корреспонденции) – магистрант кафедры издательско-редакторского дела и искусства факультета журналистики Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: bifat.eltaeva@gmail.com).

Боранбай Динара – магистрант кафедры издательско-редакторского дела и искусства факультета журналистики Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: dinara.boranbay@mail.ru).

Кыдырбек Акбота – магистрант кафедры издательско-редакторского дела и искусства факультета журналистики Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: akbotashym@gmail.com).

Бейсенкулов Аязби – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор факультета бизнеса, медиа и управления Международного университета информационных технологий (Алматы, Казахстан, e-mail: a.beisenkulov@iitu.edu.kz).

Келіп түсті: 22 ақпан 2026 жыл
Қабылданды: 7 шілде 2026 жыл

ҒТАМР 19.01.11 https://doi.org/10.26577/HJ813202610

Е. Кәп*, Ж. Нұрыш-Смағұл

SDU University, Қаскелең, Қазақстан
*e-mail: yessengul.kap@sdu.edu.kz

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨҢІРЛІК МЕДИАСЫНДА ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ҚҰРАЛДАРЫН ҚОЛДАНУ: ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ЭТИКА НОРМАЛАРЫ (Оңтүстік өңірінің медиасы негізінде)

Мақалада Қазақстанның өңірлік медиасында жасанды интеллект (ЖИ) құралдарын қолдану тәжірибесі мен этикалық нормалар қарастырылады. Қазақтілді өңірлік редакциялардың күнделікті ЖИ тәжірибесі, тілдік қиындықтары және этикалық шешімдері қолда бар еңбектерде салыстырмалы түрде аз қамтылған, бұл зерттеудің өзектілігін айқындайды. Зерттеудің мақсаты – Қазақстанның оңтүстік өңірі медиасында ЖИ құралдарын қолдану тәжірибесін және осы практикада басшылыққа алынатын кәсіби, редакциялық және этикалық нормаларды анықтау. Сапалық зерттеу дизайны аясында оңтүстік өңірдегі тоғыз медиа ұйымның он өкілімен тереңдетілген сұхбат жүргізілді; қатысушылар қолайлы және мақсатты іріктеу әдістерімен таңдалып, деректер сапалық контент-талдау арқылы өңделді. Нәтижелерге сәйкес, он респонденттің тоғызы, яғни сегіз медиа ұйымның өкілдері, редакция жұмысына ЖИ құралдарын қолданады. Басым бағыттар – аударма, мәтін өңдеу, визуал мен бейне жасау, дауыс синтезі және ақпарат іздеу; құралдар уақыт пен ресурсты үнемдеуге мүмкіндік береді. ЖИ-ді игеру деңгейі ұйымдар арасында әркелкі, ал енгізу көбіне жеке бастамаға, оқытуға және басшы шешіміне тәуелді. Респонденттер фактіні тексеру, адам жауапкершілігі, контентті таңбалау, мәтіннің түпнұсқалығы және қазақ тілі мен ұлттық-мәдени сәйкестікті сақтау сияқты ортақ этикалық ұстанымдарды бөліседі; алайда зерттелген ұйымдардың ешқайсысында жазбаша ішкі ЖИ саясаты жоқ. Нәтижелер Инновацияларды тарату теориясы мен Баспасөздің әлеуметтік жауапкершілік теориясы негізінде түсіндіріліп, өңірлік редакцияларға жазбаша ЖИ саясатын, таңбалау тәртібін, адам бақылауын және қолжетімді оқытуды дамыту қажеттігі көрсетіледі. ЖИ-дің өңірлік медиадағы әсері технологияның өзінен ғана емес, редакцияның ресурсына, дайындығына және кәсіби жауапкершілік ұстанымына тәуелді.

Түйін сөздер: журналистикадағы жасанды интеллект, өңірлік медиа, медиаэтика, редакция саясаты, инновацияларды тарату.

Y. Kap*, Zh. Nurysh-Smagul

SDU University, Kaskelen, Kazakhstan
*e-mail: yessengul.kap@sdu.edu.kz

The Use of Artificial Intelligence Tools in Kazakhstan's Regional Media: Practice and Ethical Norms (Based on the Media of the Southern Region)

This article examines the use of artificial intelligence (AI) tools and the ethical norms governing their application in Kazakhstan's regional media. The everyday AI practices of Kazakh-language regional newsrooms, the language-related challenges they encounter, and the ethical decisions they make remain comparatively underexplored in the existing literature, which establishes the relevance of this study. The study aims to identify AI use practices in regional media in southern Kazakhstan and the professional, editorial, and ethical norms guiding this use. Following a qualitative research design, in-depth interviews were conducted with ten representatives of nine media organizations in southern Kazakhstan; participants were selected through purposive sampling, and the data were analyzed using qualitative content analysis. The findings show that nine of the ten respondents, representing eight media organizations, use AI tools in editorial work. The primary uses include translation, text editing, visual and video production, speech synthesis, and information search, with these tools enabling savings in time and resources. AI adoption varies across organizations, and implementation often depends on personal initiative, access to training, and the stance of newsroom leadership. Respondents share common ethical principles, including fact-checking, human responsibility, content labeling, text originality, and the preservation of the Kazakh language and national and cultural identity; nevertheless, none of the organizations studied has a written internal AI policy. The findings are interpreted through Diffusion of Innovations theory and

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

Social Responsibility Theory of the Press and highlight the need for written AI policies, clear labeling procedures, human oversight, and accessible training for regional newsrooms. The impact of AI on regional media depends not only on the technology itself but also on newsroom resources, preparedness, and principles of professional responsibility.

Keywords: artificial intelligence in journalism, regional media, media ethics, editorial policy, diffusion of innovations.

Е. Кап*, Ж. Нурыш-Смагул
SDU University, Каскелен, Казахстан
*e-mail: yessengul.kap@sdu.edu.kz

Использование инструментов искусственного интеллекта в региональных медиа Казахстана: практика и этические нормы (на материале медиа Южного региона)

В статье рассматриваются практика применения инструментов искусственного интеллекта (ИИ) и этические нормы их использования в региональных медиа Казахстана. Повседневный опыт работы казахоязычных региональных редакций с технологиями ИИ, языковые барьеры и редакционные этические решения слабо освещены в научной литературе, что определяет актуальность данной работы. Цель исследования – выявить специфику применения инструментов ИИ в региональных медиа юга Казахстана, а также профессиональные и этические нормы, которыми руководствуются журналисты.

В рамках качественного исследовательского дизайна проведены глубинные интервью с 10 представителями 9 медиаорганизаций Южного региона (участники отобраны методом целевой выборки); полученные эмпирические данные обработаны посредством качественного контент-анализа. Результаты показали, что 9 из 10 респондентов, представляющих 8 медиаорганизаций, регулярно используют инструменты ИИ в редакционной деятельности. Ключевые направления применения включают перевод, редактирование текстов, генерацию визуального и видеоконтента, синтез речи и поиск информации, что позволяет существенно оптимизировать временные и ресурсные затраты.

Степень внедрения технологий варьируется в зависимости от личной инициативы сотрудников, доступности обучающих программ и позиции руководства. Респонденты разделяют базовые этические принципы: необходимость верификации фактов, приоритет человеческого контроля, маркировку сгенерированного контента, сохранение оригинальности текста, а также защиту казахского языка и национально-культурной идентичности. При этом ни в одной из исследованных организаций нет зафиксированной письменной редакционной политики в отношении ИИ. Результаты интерпретируются сквозь призму теории диффузии инноваций и теории социальной ответственности прессы. Обоснована необходимость разработки локальных регламентов использования ИИ, стандартов маркировки контента и обучающих модулей для региональных журналистов.

Ключевые слова: искусственный интеллект в журналистике, региональные медиа, медиаэтика, редакционная политика, диффузия инноваций.

Кіріспе

Жасанды интеллект (ЖИ) құралдары ақпарат жинау, мәтін өңдеу, аударма, визуал және аудиобейненің генерациясын жасау секілді жұмыстарды атқару арқылы, журналистикаға біртіндеп еніп келеді (Beckett, 2019; Diakopoulos, 2019). Генеративті ЖИ-дің табиғи тілдегі сұраныс арқылы мәтін, сурет пен аудио өндіру мүмкіндігі бұл үдерісті жеделдетіп, редакциялар үшін технологияны қандай міндеттерге және қандай кәсіби шектеулермен қолдану керек деген мәселені алға шығарды (Beckett & Yaseen, 2023; Ioscote et al., 2024). Бұл мәселе ресурсы, кадрлық құрамы және тілдік ортасы әркелкі өңірлік редакциялар үшін айрықша маңызды.

Жаһандық салалық зерттеулер ЖИ-ге қызығушылықпен қатар этикалық алаңдаушылықтың да жоғары екенін көрсетеді. Beckett пен Yaseen (2023) 46 елдегі 105 медиа ұйымын қамтыған сауалнамада ұйымдардың 73%-ы генеративті ЖИ-ден жаңа мүмкіндік көргенін, шамамен 85%-ы оны кемінде бір рет сынағанын, ал 60%-дан астамы этикалық салдарына алаңдағанын анықтады. Осы үрдіске жауап ретінде Associated Press генеративті ЖИ нәтижесін жариялауға дайын материал ретінде пайдаланбауды және алынған ақпаратты журналистік тексеруден өт-

кізуді талап етті (Associated Press, 2023), ал халықаралық кәсіби деңгейде ЖИ мен журналистика жөніндегі Париж хартиясы қабылданды (Reporters Without Borders [RSF], 2023).

Сонымен бірге ЖИ-ді қабылдау редакциялар арасында біркелкі емес. Ірі және шағын ұйымдардың технологияға қолжетімділігі, қаржысы, кадрлық әлеуеті мен оқыту мүмкіндігі әртүрлі (Beckett & Yaseen, 2023; Simon, 2024); дамушы елдер тәжірибесінде инфрақұрылым мен дағды тапшылығы қосымша кедергі ретінде көрінеді (Jamil, 2021). Қазақстанда ЖИ дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы қабылданғанымен (Қазақстан Республикасының Үкіметі, 2024), бұл ресурстық айырмашылықтардың өңірлік медиадағы нақты көрінісі арнайы эмпирикалық зерттеуді қажет етеді.

Мәселенің екінші қыры – кәсіби және редакциялық жауапкершілік. ЖИ қолдану фактіні тексеру, синтетикалық контентті ашық белгілеу, авторлық құқық, жалған ақпарат және адам бақылауы мәселелерін күшейтеді (Dörr & Hollnbuchner, 2017; UNESCO, 2021). Қазақстанда 2025 жылғы 17 қарашада қабылданған «Жасанды интеллект туралы» № 230-VIII ҚРЗ Заңы ЖИ қолданылғаны туралы хабардар ету мен синтетикалық нәтижелерді таңбалау талабын бекітті (Қазақстан Республикасының Заңы, 2025). Алайда заңнамалық талаппен қатар өңірлік редакциялардың күнделікті жұмысында қандай бейресми кәсіби және этикалық нормалар қалыптасқаны белгісіз.

Осы мәселені өңірлік деңгейде қарастыру үшін зерттеу Түркістан облысы мен Шымкент қаласында қазақ тілінде контент өндіретін облыстық, қалалық және аудандық медиаларды қамтиды. Олардың ұйымдық құрылымы, форматтары және ресурстық мүмкіндіктері әркелкі; сондықтан таңдама ЖИ-ді қабылдау тәжірибесін телеарнадан аудандық газетке дейінгі түрлі редакциялық ортада салыстыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанда ЖИ мен журналистика тоғысындағы зерттеулер пайда болғанымен (Алимжанова et al, 2024; Zhaxylykbayeva et al., 2025), қолда бар еңбектер көбіне контент өндіру, визуализация, мәтін сапасы мен аудитория қабылдауына бағытталған. Қазақтілді өңірлік редакциялардың ЖИ-ді күнделікті жұмысқа қалай енгізетіні, қандай міндеттерге пайдаланатыны, тілдік қиындықтарға қалай жауап беретіні және жазбаша саясат жоқ жағдайда қандай этикалық шешімдерге сүйенетіні қажетті деңгейде эмпирикалық деректер арқылы зерттелмеген. Бұл зерттеу осы олқылықты оңтүстік өңірдегі редакциялық тәжірибені талдау арқылы толықтыруды көздейді.

Осы түрғыдан зерттеудің негізгі мақсаты – оңтүстік өңір медиасында ЖИ құралдарын қолдану тәжірибесін және осы практикада басшылыққа алынатын кәсіби, редакциялық және этикалық нормаларды анықтау. Осы мақсатқа сай мынадай зерттеу сұрақтары қойылады:

RQ1: Өңірлік медиаредакциялар ЖИ құралдарын редакциялық жұмыста қалай қолданады?

RQ2: Журналистер ЖИ құралдарын қандай мақсаттарда қолданады?

RQ3: ЖИ құралдарын қолдану барысында редакциялар қандай кәсіби, редакциялық және этикалық нормаларды басшылыққа алады?

Зерттеу сұрақтарына жауап іздеуде мақала Роджерстің Инновацияларды тарату теориясына (García-Avilés, 2020) және Хатчинс комиссиясы ұсынған Баспасөздің әлеуметтік жауапкершілік теориясына (Khan et al., 2020) сүйенеді. Эмпирикалық база – оңтүстік өңірдегі тоғыз медиа ұйымның он өкілімен мақсатты іріктеу арқылы жүргізілген тереңдетілген сұхбаттар. Бұл үйлесім ЖИ-дің өңірлік редакцияларға таралуын ұйымдық қабылдау түрғысынан және оны қолданудағы кәсіби жауапкершілікті этикалық түрғыдан қатар талдауға мүмкіндік береді.

Әдебиетке шолу

ЖИ-дің журналистикаға енуі және редакциялық қолданыс

Ioscote, Gonçalves және Quadros (2024) 2014–2023 жылдардағы 699 ғылыми мақаланы жүйелі шолып, зерттеу назарының автоматтандырылған жаңалық өндірісінен генеративті құралдарға, этика мен кәсіби еңбек мәселелеріне қарай ығысқанын көрсетеді. ЖИ редакциялық процестің ақпарат жинау, өндіру және тарату кезеңдерінде қолданылғанымен, редакциялар білім, дағды және ресурс тапшылығына тап болады (Beckett, 2019; Beckett & Yaseen, 2023). Күрделі машиналық оқыту мен компьютер жүйелері көбіне ресурсы мол ұйымдарда шоғырланатыны да осы айырмашылықты көрсетеді (de-Lima-Santos & Ceron, 2022). Simon (2024) ЖИ-ді журналистиканы түгел алмастыратын күштен гөрі редакциялық процестерді қайта құралдандыратын технология деп сипаттайды. Демек, ЖИ қабылдауын ұйымдық жағдайдан бөлек қарастыру жеткіліксіз.

ЖИ-дің редакциялық артықшылықтары мен еңбекке әсері

Әдебиетте ЖИ-дің негізгі артықшылықтары уақытты үнемдеу, рутиналық міндеттерді автоматтандыру және өнімділікті арттырумен байланыстырылады (Beckett, 2019; Beckett & Yaseen, 2023). Ресурсы шектеулі редакциялар үшін бұл шығынды азайту мүмкіндігін де береді (Simon, 2024). Сонымен қатар жаңа құралдар ЖИ сауаттылығына сұранысты күшейтіп, кейбір техникалық міндеттердің қысқаруына және жаңа дағдылардың маңызын арттыруға әкеледі. Көптеген зерттеулер журналистің толық алмастырылуынан гөрі адам мен машина арасындағы міндет бөлінісін алға шығарады: ЖИ көмекші қызмет атқарады, түпкі шешім мен жауапкершілік адамда қалады (Simon, 2024).

Этикалық тәуекелдер және редакциялық жауапкершілік

ЖИ қолдануда ашықтық, есептілік және жауапкершілік субъектісін анықтау негізгі этикалық мәселелердің қатарына жатады (Dörr & Hollnbuchner, 2017). Генеративті модельдердің шындыққа сәйкес келмейтін, бірақ сенімді көрінетін ақпарат ұсыну мүмкіндігі фактіні тексеру мен адам бақылауын күшейтеді (Beckett & Yaseen, 2023). UNESCO (2021) ашықтық, есептілік және адам бақылауын жалпы қағидат ретінде ұсынса, Париж хартиясы оларды журналистикаға бейімдеп, синтетикалық және шынайы контентті ажыратуды талап етеді (RSF, 2023). Associated Press те ЖИ нәтижесін дайын материал ретінде пайдаланбауды және оны журналистік тексеруден өткізуді міндеттейді (Associated Press, 2023). Таңбалау тәсілі аудитория сеніміне ықпал етуі мүмкін (Waddell, 2019), сондықтан редакциялық нұсқаулықтарды технологияның өзгерісіне сай жаңарту қажеттігі артады.

Global South және өңірлік цифрлық теңсіздік

Дамушы елдердегі зерттеулер ЖИ қабылдауының ресурс пен дағдыға тәуелді екенін көрсетеді. Munoriyarwa, Chiumbu және Motsaathebe (2023) Оңтүстік Африка редакцияларында қабылдаудың баяу әрі әркелкі жүретінін сипаттаса, Jamil (2021) Пәкістанда ресурс, дерек, стратегия және оқыту тапшылығын негізгі кедергілер қатарына жатқызады. Кейінгі жұмысында Jamil (2023) айырмашылықты құралға қол жеткізумен ғана емес, оны меңгеру мен пайдалану сапасына қатысты «екінші деңгейлі цифрлық теңсіздік» арқылы түсіндіреді. Бұл тұжырымдар Қазақстанның оңтүстік өңіріне тікелей көшірілмегенімен, өңірлік редакциялар арасындағы айырмашылықты салыстырмалы контексте талдауға мүмкіндік береді.

Тілдік және мәдени біржақтылық

Ірі тілдік модельдердің оқыту деректері ресурсы мол тілдерге көбірек шоғырланғандықтан, ресурсы шектеулі тілдер сапалық жағынан кем қамтылып, деректегі біржақтылық мәдени репрезентацияға ауысуы мүмкін (Bender et al., 2021). Қазақ тілінде жұмыс істейтін редакциялар үшін бұл мәселе аударма, дыбыстау, терминология және ұлттық-мәдени бейнелеу дәлдігімен тікелей байланысты. Қазақстанда қазақ тіліне бейімделген тілдік модель әзірлеу бастамалары бар (ISSAI, 2024), бірақ олардың өңірлік редакция тәжірибесіне ықпалы әлі толық айқындалмаған.

Қазақстандағы зерттеулер және зерттеу олқылығы

Отандық әдебиетте медианың цифрлық трансформациясы мен медиаконвергенция мәселелері қарастырылған (Кәп & Жасарал, 2025). ЖИ-ге тікелей арналған зерттеулерде Алимжанова және әріптестері (2024) визуализация мүмкіндіктеріне назар аударса, Zhaxylykbayeva et al. (2025) қазақ тіліндегі ЖИ мәтіндерін кәсіби журналист материалдарымен салыстырып, ЖИ мәтіндерінің құрылымдық айқындығын, ал журналист мәтіндерінің фактілік дәлдік, талдау тереңдігі және дереккөз ашықтығы жағынан басымдығын көрсетеді. Бұл еңбектер Қазақстан контексіндегі маңызды бастапқы база қалыптастырғанымен, редакция ішіндегі ЖИ енгізу процесін, күнделікті жұмыс тәжірибесін және ұйымдық-этикалық шешімдерді арнайы зерттемейді.

Осылайша, әдебиетте ЖИ контентінің сапасы, аудитория қабылдауы, автоматтандыру мүмкіндігі және жалпы этикалық тәуекелдер кеңірек қарастырылғанымен, қазақтілді өңірлік редакциялардың күнделікті тәжірибесі, қабылдау айырмашылықтары, тілдік кедергілері және ресми саясат жоқ жағдайда қалыптасатын кәсіби нормалары салыстырмалы түрде аз зерттелген. Осы мақала оңтүстік өңірдегі редакция өкілдерінің тәжірибесін талдау арқылы осы эмпирикалық олқылықты толықтыруға үлес қосуды көздейді.

Теориялық негіздеме

Бұл зерттеуге Масс-коммуникацияда кеңінен танымал Инновацияларды тарату теориясы және Баспасөздің әлеуметтік жауапкершілігі

теориясы негіз бола алады. Өйткені, жасанды интеллект құралдарының, әсіресе генеративті ЖИ-дің, журналистік практикада кең таралуы соңғы жылдары жеделдеді. Аоскоут және оның әріптестері (Ioscote et al., 2024) ЖИ мен журналистика тақырыбына академиялық қызығушылықтың 2018 жылдан бері артып келе жатқанын көрсетіп, ЖИ-дің журналистикаға ықпалын талдайды.

Көптеген дәйектерге сүйенсек, ЖИ журналистикада ChatGPT-ге дейін де автоматтандыру құралдары арқылы қолданылғанымен, ChatGPT-дің 2022 жылғы қарашада көпшілікке ұсынылғаны генеративті ЖИ құралдарының кең таралуын жеделдетті (Beckett & Yaseen, 2023; Ioscote et al., 2024). Сол себепті генеративті ЖИ редакциялық практика үшін салыстырмалы жаңа инновация ретінде қарастырылады. Әрі бұл инновация технологиядан шалғай жатқан қазақ қоғамына қалай таралғанын сипаттау үшін Инновацияларды тарату теориясымен байланыстыра талдау мақсат етілді.

Diffusion of Innovations (DOI) немесе Инновацияларды тарату теориясы коммуникация маманы және социолог Эверетт М. Роджерстің еңбегінде таныстырылады.

DOI зерттеулері әлеуметтанудан, менеджменттен және коммуникация теориясынан алынған ұйымдық өмірдің рационалды теорияларына негізделеді. Ол таңдалған технологиялардың таралуын жылдамдатуға көмектеседі деп есептелетін диффузия феноменін болжауға арналған түсіндірмелерді әзірлейді. Жалпы алғанда, DOI дәстүрі жеке қабылдау шешімдерін немесе қабылдау ниеттерін түсіндіруге ұмтылды (García-Avilés, 2020).

Роджерс (2003) инновацияның қабылдануына әсер ететін бес ерекшелігін атап көрсетеді: қолданыстағы технологиялармен салыстырғанда салыстырмалы артықшылығы, ұйымның жұмыс үрдістері мен білімімен үйлесімділігі, енгізу күрделілігі, сынақтан өткізу мүмкіндігі және инновацияның дамуын ұйым ішінде де, бәсекелестерде де бақылау мүмкіндігі. Адамдардың осы бес ерекшелік бойынша инновацияларды қабылдау жылдамдығын болжауға мүмкіндік береді.

Диффузия дегеніміз жаңа өнімдер, әрекеттер немесе идеялар туралы әлеуметтік жүйедегі адамдар арасындағы коммуникация. “Диффузия” аяқасты және жоспарланбаған болуы мүмкін. Сол себептен де бұл термин жоспарланған әрі жан-жақты ойластырылған “тарату” терминінен өзгешеленеді (Rogers, 2003). Бұл теорияны ұсынушылар кез келген инновацияны тарату белгілі бір деңгейде қоғамның қарсылығына, түсінбеушілігіне ұшырауы мүмкін екенін айтады. Сол себепті де оны таратушылар мен қабылдаушылар арасында деңгейлік өзгешелік болады. Диффузиялық науқандар аудитория сегменттері арасындағы білім деңгейіндегі алшақтықты ұлғайтады. Бұқаралық ақпарат құралдары нақты бір тақырыпты бұрыннан білетін адамдарға көбірек ақпарат ұсынады, ал білмейтіндер сол күйінде тасада қалады немесе тақырып бойынша аз ғана білім алады.

Бұл теорияның авторлары инновацияның қабылдану жылдамдығына орай бес түрлі бейімделу категориясын ұсынады (Barnett & Vishwanath, 2017). Олар:

- **Инноваторлар** (2.5%): кез келген жаңалықты таратуда бастамашы болатын топ. Олар үнемі тәуекелге барады.
- **Ерте бейімделушілер** (13.5%): жаңа инновацияны қабылдауға ертерек қадам жасайтын топ, олар жаңа технологиялардың таралуына көмектеседі.
- **Алғашқы көпшілік** (34%): Жаңа технологиялардың немесе инновациялардың пайдалы екеніне көзі жеткеннен кейін оны қабылдауға мәжбүр болатын прагматиктер.
- **Кешіккен көпшілік** (34%): скептик, көпшіліктің қабылдағанына көзі жеткен соң ғана қабылдауға көңіл бөледі.
- **Көш соңындағылар** (16%): дәстүрлі, инновацияны ең соңында қабылдайтын топ.

Кей зерттеушілер журналистерді жасанды интеллектіні қолдану және тарату жағынан ерте бейімделушілер қатарына жатқызса (Beckett, 2019), өзгелері журналистердің жасанды интеллектіні примитивті деңгейде ғана қолдана алатынын айтады (Arafat & Cooper, 2025; Al-Zoubi et al., 2024). Мәселен, Арафат пен Купер (2025) Египет журналистерінің жасанды интеллект құралдарын қолдану деңгейін сарапқа сала отырып, журналистердің осы саладағы білімінің таяздығы оны редакцияларда қолдануға кедергі болатынына назар аударады. Бұл зерттеулер журналистерді ЖИ қабылдау түрғысынан біртекті санатқа жатқызуға болмайтынын көрсетеді: қабылдау деңгейі кәсіби білімге, ұйымдық ресурсқа және редакциялық ортаға байланысты өзгеруі мүмкін. Осы зерттеуде респонденттердің бейімделу санаттарымен арақатынасы эмпирикалық деректер негізінде талданады. Біз Қазақстанның оңтүстік өңірінің жасанды интеллектіні журналистикада қолдану тәжірибесін сарапқа

сала отырып, олардың инновацияны таратудағы рөлін айқындауға тырысамыз.

Сондай-ақ, журналистердің жасанды интеллектіні қолдануы біршама этикалық проблемалардың да туындауына себеп болып отыр. Мәселен, Африка журналистерінің жасанды интеллектіні қолдану тәжірибесіне назар аударған әл-Зуби бастаған авторлар (Al-Zoubi et al., 2024) жасанды интеллектіні пайдаланудың алғашқы толқыны Батыс журналистикасында басталғанымен, қазір дамушы елдердің журналистері де тәжірибелеріне енгізе бастаған. Алайда тілдік кедергілер (технология көбінде ағылшын тілінде жасалып, сосын жергілікті тілдерге бейімделеді), осы саладағы білімнің таяздығы журналистердің көптеген проблемаларға тап болатынын айтады. Бұл журналистердің объективті әрі тәуелсіз болу принциптеріне қайшы әрекеттерге баруына жол береді (Diakopoulos, 2019). Сонымен қатар, кейбір сарапшылар жасанды интеллект генерациялаған ақпараттың сенімділігіне күмән келтіреді. Әрі авторлық құқық мәселесі де күн тәртібіне шықты. "Роботтардың көмегімен дайындалған мәтіннің авторы кім болады? Ол жерде дисклеймердің жазылуы міндетті ме?" деген сауалдарға да жауап ізделе бастады (Waddell, 2019).

Қазақстан қабылдаған "Жасанды интеллект" туралы заң пайдаланушыларды ЖИ қолданылғаны туралы хабардар етуді және синтетикалық нәтижелерді таңбалауды талап етеді (Қазақстан Республикасының Заңы, 2025). Дегенмен, бұл талаптың қалай орындалып жатқанын әзірге ешкім айта алмайды. Осы ретте ЖИ-ді редакция жұмысына пайдалануда Журналистердің әлеуметтік жауапкершілігі қандай болуы керек? Журналистер бұл жауапкершілікті қалай түсінеді? Осы сауалдарға жауап беру үшін бұл зерттеуде "Баспасөздің әлеуметтік жауапкершілігі" теориясын басшылыққа алу көзделіп отыр.

"Баспасөздің әлеуметтік жауапкершілігі" теориясы II дүниежүзілік соғыстан кейін, көп ұзамай дүниеге келген. Оның авторы ретінде 1942 жылы АҚШ-та құрылған Баспасөздің еркіндігі жөніндегі комиссия аталады (қысқаша Хатчинс комиссиясы). Өйткені бұл комиссияны Роберт Хатчинс басқарған болатын. 1947 жылы комиссия "Еркін және жауапты баспасөз: бұқаралық коммуникацияға қатысты жалпы есебі" баяндамасын жариялады (Commission on Freedom of the Press, 1947). Бұндағы негізгі мақсат, баспасөз қоғамдық мүддеге жұмыс істеу үшін белгілі бір деңгейде моральдық міндеттерді мойнына алуы керек екеніне көңіл бөлу. Ол үшін журналистер абсолюттік еркіндіктен («libertarian theory») жауапкершілігі мол еркіндікке (әлеуметтік жауапкершілік теориясы) қарай қадам басуы қажеттігі айқындалады. Осы баяндамада журналистердің жауапкершілігіне қатысты бес маңызды қағида бекітілді. Олардың қатарында оқиғаларды шынайы әрі жан-жақты баяндау, пікір алмасу алаңы ретінде қызмет ету және қоғамның бет-бейнесін нақты сипаттау бар. Содан бері 80 жылға жуық уақыт өтсе де, бұл теорияның маңызы күн өткен сайын арта түсуде. Әсіресе, технологияның, соның ішінде жасанды интеллектінің журналистер өміріне енуі, оның тәжірибеде кеңінен қолданыла бастауы журналистердің әлеуметтік жауапкершілігін одан әрі арттыра түсті (Paul & Kabiru, 2019). Солардың ең бастысы журналистердің объективті ақпарат таратуы, ақпараттың шынайылығын тексеру және плагиатқа жол бермеу. "Баспасөздің әлеуметтік жауапкершілігі" теориясы арқылы, біз бұл мақалада журналистер ЖИ туралы қаншалықты ақпараттандырылғанын, сонымен қатар, жауапкершілігін қалай түсінетінін де нақтылауды мақсат етеміз.

Қорыта айтқанда, Инновацияларды тарату теориясы (DOI) мен Баспасөздің әлеуметтік жауапкершілік теориясы жергілікті журналистердің жаңа технологияны қолдану және тарату тәжірибелерін сарапқа салуға әрі ол технологияны қолдануда әлеуметтік жауапкершілікті қаншалықты түсінетіндігін пайымдауға көмектесетін сәйкес теориялар екені нақтыланып отыр.

Зерттеу әдіснамасы

Зерттеудің мәліметтер базасы Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі қазақтілді 9 медианың 10 өкілінен алынған тереңдетілген сұхбаттарға негізделеді. Бұқаралық коммуникациядағы сапалық зерттеу әдістерінің бірі саналатын тереңдетілген сұхбат әдісі редакциялардың жасанды интеллектіні пайдалануы мен оны қолданудағы әлеуметтік жауапкершілігін түсінуде ең қолайлы әдістердің бірі болмақ. Өйткені, бұл әдіс сандық әдістердің байқай бермейтін ерекшеліктерін бақылауға, сол арқылы терең пайымдар жасауға мүмкіндік береді (Кәп & Жасарал, 2025). Әрине, сапалық зерттеулердің артықшылығымен қоса, кейбір шектеулері де бар. Мәселен, ғалымдар сапалық әдістердің субъективті ақпаратқа сүйенетінін, әрі оны барлық популяцияға жалпыластыру мүмкін еместігін айтады (Wimmer & Dominick, 1991; Hennink et al., 2020; Brennen,

2021; Creswell & Creswell, 2023; Кәп & Жасарал, 2025). Дегенмен, соған қарамастан бұл әдіс қоғамдағы ерекше тәжірибелерді, феноменологиялық зерттеулерді жасау арқылы, сандық мәліметтер арқылы жасауға келмейтін түжырымдарды айқындауға мүмкіндік береді (Wimmer & Dominick, 1991).

Сұхбатқа шақырылған респонденттерді іріктеу әдісі сапалық зерттеу әдісіне тән қолайлы және мақсатты (convenience and purposive sampling) іріктемеге негізделген. Сапалық зерттеуде іріктемелерді ықтимал емес (non-probability) әдіспен таңдау әдісіне сүйенуді медиа зерттеушілері ең көп кездесетін техника ретінде сипаттайды (Creswell & Creswell, 2023). Соның ішінде мақсатты іріктеу (purposive sampling) амалы көбінде зерттеу іріктемелерін таңдау қиын болған кезде қолданылады (Kumar, 1999). Бұл зерттеуде Жасанды интеллектіні қолданатын редакциялардың тәжірибесін талдау мақсат етілгендіктен, мақсатты іріктеме арқылы өңірдегі ірі ақпарат құралдары таңдау объектісіне айналды. Зерттеушілер мақсатты іріктемеде таңдалынатын объектілерге қойылатын критерийлердің нақты болуына назар аударады (Creswell & Creswell, 2023; Kumar, 1999). Осы талаптың үдесінен шығу үшін таңдалған редакцияларға қойылған таңдау критерийлері – танымалдылығы, белсенділігі және сарапшылық деңгейі.

Іріктеу кезінде медианың Түркістан облысында немесе Шымкент қаласында қызмет етуі, өңірлік медиа мәртебесі және әртүрлі медиа форматтары мен ұйымдық деңгейлердің қамтылуы ескерілді. Респонденттер редакциялық шешім қабылдауға немесе ЖИ құралдарын қолдану практикасына қатысы бар мамандар арасынан таңдалды. Таңдамаға ЖИ құралдарын қолданатын және қолданбайтын редакция өкілдері енгізілді.

Зерттеуге қатысқан респонденттердің сипаттамасы төмендегі кестеде (1-кесте) берілді:

1-кесте
Зерттеуге қатысқан респонденттердің сипаттамасы

Код	Медиа түрі және орналасуы	Лауазым деңгейі	ЖИ қолдану мәртебесі
R-01	Телеарна, Түркістан қаласы	Веб-редактор, ЖИ жөніндегі маман	Қолданады
R-02	Қалалық газет, Кентау қаласы	Директор-бас редактор	Қолданады
R-03	Телеарна, Шымкент қаласы	Бас редактор	Қолданады
R-04	Газет және журнал, Шымкент қаласы	Директор-бас редактор	Қолданады
R-05	Аудандық газет, Бәйдібек ауданы	Директор-бас редактор	Қолданбайды
R-06	Телеарна, Шымкент қаласы	Режиссер	Қолданады
R-07	Телеарна, Шымкент қаласы	Директор	Қолданады
R-08	Өңірлік медиа (аноним)	Басшылық қызмет	Қолданады
R-09	Газет, Шымкент қаласы	Бас редактор	Қолданады
R-10	Өңірлік медиа (аноним)	Басшылық қызмет	Қолданады

Ескертпе: авторлар құрастырған

R-06 және R-07 бір телеарнаның өкілдері. Осыған байланысты зерттеуге барлығы 9 медиа ұйымнан 10 респондент қамтылды.

Сұхбатқа келісім бергендердің басым бөлігі, аты-жөндерінің жария қолданылуына қарсы болмады.

Деректерді жинау үшін төрт тақырыптық блоктан – танысу, редакциялық практика, этика және болашаққа бағдар бөлімдерінен – тұратын екі нұсқалы жартылай құрылымданған сұхбат нұсқаулығы қолданылды. ЖИ қолданатын редакция өкілдеріне 15 негізгі және бір қосымша нақтылау сұрағы, ал ЖИ қолданбайтын редакция өкіліне 9 негізгі және бес қосымша нақтылау сұрағы ұсынылды. Сұхбаттар 2026 жылғы 17–23 сәуір аралығында жүргізілді; олардың ұзақтығы шамамен 35–90 минутты құрады. Қатысушылардың рұқсатымен сұхбаттар аудиожазбаға түсіріліп, кейін толық транскрипцияланды. Барлық қатысушыдан зерттеуге ерікті қатысу туралы ақпараттандырылған келісім алынды; респонденттер жария немесе аноним қатысу режимін өздері

таңдады. Сегіз респондент жария, екеуі аноним режимде қатысты.

Жиналған ақпаратты талдау-талқылау Әлеуметтік ғылымдарда кеңінен қолданылатын сапалық контент талдау әдісіне жүгінді. Криппендорфтың пікіріне сүйенсек (Krippendorff, 2019), сапалық контент анализ мәтіннің астарында жасырылған терең мағынаға негізделе талданады. Ол үшін зерттеу жасалғанға дейінгі түжырымдарға, яғни дедуктивті амалға сүйене ме, әлде эмпирикалық зерттеу жасау арқылы индуктивті жолмен айқындалған категорияларға иек сүйей ме, оны зерттеушілер өздері шешеді. Бұл шешім көбіне "Әдебиетке шолу" бөлімінде айқындалады (Fields, 1988). Дегенмен, зерттеушілер сапалық зерттеу жасауда индуктивті амалға жүгінген абзал дейді (Fields, 1988; Mayring, 2014; Krippendorff, 2019). Яғни, жиналған ақпарат кодталып, категориялар индуктивті жолмен айқындалды.

Сұхбаттардың аудиожазбалары транскрипцияланып, сапалық контент-талдау әдісімен талданды (Krippendorff, 2019; Mayring, 2014). Транскрипттер бірнеше рет оқылып, зерттеу сұрақтарына қатысты мағыналық бірліктер кодталды. Бастапқы кодтар ұқсастығы мен мазмұндық байланысына қарай топтастырылып, категориялар индуктивті жолмен айқындалды. Негізгі категориялар қатарына ЖИ-дің редакцияларға енуі мен қабылдау ерекшеліктері, қолданылатын құралдар мен редакциялық міндеттер, жылдамдық, өнімділік және экономикалық әсер, қолданбау себептері, оқыту және өңірлік цифрлық теңсіздік, этикалық тәжірибе (тексеру, түпнұсқалық, таңбалау және ұлттық-мәдени сәйкестік), сондай-ақ заң, кәсіби кодекс және редакциялық саясат мәселелері енді.

Эмпирикалық нәтижелер

Зерттеуге оңтүстік өңірдегі тоғыз медиа ұйымның он өкілі (R-01–R-10) қатысты. Тоғыз респондент ЖИ құралдарын редакциялық жұмыста әртүрлі деңгейде қолданады; олар сегіз медиа ұйымды білдіреді, өйткені R-06 мен R-07 бір телеарнадан. R-05 өкілдік ететін аудандық газет ЖИ-ді редакциялық жұмысқа әзірге енгізбеген, бірақ респондент құралдарды жеке деңгейде сынап көрген. Нәтижелер алты тақырыптық бағыт бойынша берілді.

1. ЖИ-дің өңірлік редакцияларға енуі және қабылдау ерекшеліктері

Сұхбаттар ЖИ-дің өңірлік редакцияларға негізінен 2024–2025 жылдары белсендірек ене бастағанын көрсетті. Енгізу жолдары үш өзара сабақтас арнаға топталды: сыртқы оқыту мен тренингтен кейінгі қолдану (R-01), қызметкерлердің немесе жекелеген мамандардың жеке бастамасы (R-04, R-06, R-08) және басшылықтың құралдарды сынауды, ақылы жазылымды немесе қызметкерлерді оқытуды қолдауы (R-02, R-07, R-10). Бірқатар редакция өкілі бастапқы жеке бастаманың кейін басшылықтың қолдауына ұласқанын айтады.

Ортақ заңдылық – ЖИ енгізудің әзірге ресми редакциялық стратегиядан гөрі эксперименттік тәжірибе ретінде жүруі. Қолдану қарқыны ұйымдар арасында әркелкі: R-01 бірнеше құралды жүйелі пайдаланып, алған білімін ұжым ішінде таратса, R-07 ЖИ қолдануды басшылық бақылауымен кеңейткен; R-08 редакциясы әлі құралдардың мүмкіндігін танып-білу кезеңінде. Ал R-05 ЖИ-ді редакциялық жұмысқа енгізбеген. Демек, бір өңірдің өзінде ЖИ қабылдауының тереңдігі мен ұйымдастырылу деңгейі айқын ерекшеленеді.

2. Қолданылатын құралдар мен редакциялық міндеттер

Құралдар ішінде ChatGPT – ЖИ қолданатын респонденттер арасында ең кең таралған әмбебап сервис. Gemini бес респонденттің тәжірибесінде аталды (R-01, R-03, R-06, R-09, R-10). Мамандандырылған құралдар нақты міндеттерге қарай таңдалады: ЖИ-диктор мен аватарға HeyGen (R-01) және Elai (R-02), аудио мен музыкаға ElevenLabs және Suno, анимация мен бейнеге Higgsfield және Google Flow (R-06) қолданылған. R-10 Google/Gemini экожүйесіндегі Canvas пен NotebookLM сервистерін де пайдаланады. Бұл деректер жалпы мақсаттағы тілдік модельдер мен міндетке бейімделген аудио-визуал құралдардың қатар қолданылатынын көрсетеді.

Міндеттер түрғысынан ең жиі аталған бағыт – қазақ және орыс тілдері арасындағы аударма: оны жеті респондент атады (R-01, R-02, R-03, R-04, R-08, R-09, R-10). Мәтінді редакциялау мен қате түзету R-02, R-03 және R-04 тәжірибесінде, сурет пен коллаж жасау R-02, R-03, R-04, R-06, R-09 және R-10 тәжірибесінде көрінді. Тақырып немесе идея нұсқаларын алу (R-02, R-04, R-08) және ақпарат іздеу (R-08, R-09, R-10) де қолданылады. ЖИ-диктор тәжірибесі әртүрлі нәтиже берген: R-01 мен R-02 оны редакциялық өнімде қолданса, R-04 бірнеше сынақтан кейін табиғи дауыс пен эмоцияның жетіспеуін себеп етіп тоқтатқан. R-05 құралдарды жеке деңгейде сынағанымен, редакция жұмысында қолданбай-

ды. Жалпы алғанда, ЖИ көбіне журналисті толық алмастыратын жүйе емес, жекелеген редакциялық міндеттерді жеңілдететін көмекші құрал ретінде қолданылады.

3. Жылдамдық, өнімділік және экономикалық әсер

ЖИ қолданудың ең тұрақты сипатталған нәтижесі – уақыт үнемі. R-07 бір инфографиканы дайындауға бұрын екі-үш сағат кетсе, ЖИ көмегімен оны екі-үш минутта әзірлеуге болатынын айтты. R-06 екі-үш сағаттық подкаст монтажын арнайы плагин шамамен жиырма минутта орындайтынын мысалға келтірді. Бұл көрсеткіштер редакциялық жүйеден автоматты түрде өлшенген дерек емес, респонденттердің өз тәжірибесіне берген бағасы екенін ескеру қажет.

Экономикалық әсер жекелеген редакцияларда нақтырақ байқалады. R-02 ЖИ-диктор сервисінің айлық жазылымын шамамен 15–16 мың теңге деп, ал сол міндетті адам еңбегімен орындауды 200–350 мың теңге көлеміндегі шығынмен салыстырды. Сол респондент әлеуметтік желідегі айлық қаралымның 800–900 мыңға дейін жеткенін және жарнама табысы кейде редакцияның жалдау ақысын өтеуге көмектесетінін айтты; алайда бұл өсімді тек ЖИ қолданудың тікелей нәтижесі деп қарауға әлі ерте, өйткені ол оған эксперимент жасамаған. R-03 те мәтін корректурасын ЖИ көмегімен тексеру сырттан корректор шақыру қажеттігін азайтқанын атап өтті. Демек, үнемдеу мүмкіндігі бар, бірақ оның көлемі редакцияның жұмыс үлгісі мен ЖИ-ді қандай міндетке енгізгеніне тәуелді.

Тиімділік сапаның барлық өлшемінде бірдей емес. Техникалық және визуал міндеттерде респонденттер жылдамдық пен өндірістік икемділікті жоғары бағаласа, мәтін сапасына қатысты сақтық басым. R-09 ЖИ аудармасында бірсарынды сөйлемдер, стилистикалық үйлесімсіздік және қазақ тілінде орнықпаған сөздер кездесетінін айтты. Осы себептен ЖИ арқылы алынған мәтінді редакторлық тексеру мен адам тарапынан қайта өңдеу редакциялық практиканың маңызды бөлігі болып қалады.

4. Қолданбау, оқыту және өңірлік цифрлық теңсіздік

ЖИ-ді редакциялық жұмысқа енгізбеген жалғыз жағдай – R-05 өкілдік ететін аудандық газет. Бұл позиция технологияны толық теріске шығарудың салдарынан емес, сақтық шарасынан туындап отыр. Респондент ЖИ-дің жалған ақпарат ұсыну қаупін, дайын мәтінге сүйенудің журналистің өздігінен іздену және жазу дағдысына ықпалын және аудандық деңгейде оқыту мүмкіндігінің шектеулігін атап өтті. Сонымен бірге ол ЖИ-ді болашақта мүмкіндік ретінде пайдалануға қарсы емес және қызметкерлерді оқытудың қажеттігін мойындайды. Сондықтан бұл negative case қабылдамаудың себебі тек технологияға көзқарас емес, сенім, кәсіби ұстаным және қолжетімділік факторларының қатар әсер ететінін көрсетеді.

R-05 тәжірибесінде оқытуға қолжетімділік жеке мәселе ретінде көрінді: респондент ЖИ бойынша арнайы тренинг өтпегенін, мамандарды шақыру қаржы талап ететінін және кейде сапасы күмәнді онлайн курстарға тап болатынын айтты. Қалалық редакцияларда, керісінше, сыртқы тренингке қатысу немесе алынған білімді ұжымға тарату мысалдары бар (R-01, R-07). Бұл айырмашылық оқыту мүмкіндігінің редакция орналасқан ортаға және ұйымдық ресурсқа тәуелді болуы ықтимал екенін көрсетеді. Дегенмен R-05 бір ғана аудандық жағдайды білдіретіндіктен, бұл нәтижені бүкіл өңір медиасына жалпылауға болмайды.

5. Этикалық тәжірибе: тексеру, түпнұсқалық, таңбалау және ұлттық-мәдени сәйкестік

Этикалық тәжірибеде ең жиі қайталанған ұстаным – ЖИ ұсынған ақпаратты дербес дереккөз ретінде қабылдамай, міндетті түрде тексеру және түпкілікті жауапкершілікті адамда қалдыру. R-09 ChatGPT кейде шындыққа сәйкес келмейтін мәлімет құрастыратынын атап өтсе, R-07 ЖИ ұсынған статистиканың ескі есепке негізделген жағдайын мысалға келтіріп, оны ресми дереккөзден қайта тексергенін айтты. R-10 да ЖИ нәтижесін дайын өнім емес, тек кейін тексерілетін көмекші материал ретінде сипаттады. Осы жауаптарда фактчекинг техникалық рәсім ғана емес, редакция мен журналистің кәсіби жауапкершілігі ретінде қарастырылады.

Мәтіннің түпнұсқалығы бойынша екі негізгі тәсіл байқалды. R-03 пен R-07 негізгі журналистік мәтінді ЖИ-ге толық жаздыруға шектеу қойғанын айтса, R-04 редакциясында ЖИ мәтін жазуға тұрақты қолданылмайды, ал R-05 дайын мәтінге сүйенуді кәсіби дағдыға қауіп деп санайды. Басқа редакцияларда ЖИ мәтінмен жұмысқа көмекші ретінде пайдаланылып, нәтижені журналистің міндетті түрде өңдеуі мен тексеруі талап етіледі (R-01, R-02, R-08). Демек, айырмашылық ЖИ-ді мүлде қолдану-қолданбауда емес, авторлық еңбектің қай бөлігіне дейін рұқсат етілетінінде.

Контентті таңбалау тәжірибесі біркелкі емес. R-04, R-06, R-07, R-09 және R-10 ЖИ көмегімен жасалған визуал немесе бейне контентті «Жасанды интеллект туралы» Заң күшіне енгенге дейін-ақ таңбалағанын айтты. R-01 мен R-03-те заңға дейін таңбалау ара-тұра жүргізілген, ал заң күшіне енгеннен кейін міндетті тәртіпке көшкен. R-02 қазіргі ЖИ-контентін белгілейтінін айтты, бірақ бұл тәжірибенің нақты қашан басталғанын нақтыламады. R-08 бір ЖИ көмегімен өңделген материалдың белгісіз жарияланғанын мойындады. Осы айырмашылықтар заң талабына дейін де кәсіби ашықтық нормасы болғанын, бірақ оның барлық редакцияда бірдей жүйеленбегенін көрсетеді.

Ұлттық-мәдени сәйкестік этикалық мәселенің жергілікті өлшемін айқындады. R-07 ЖИ-дикторда қазақ тіліндегі кей дыбыстар мен интонацияның бұрмаланатынын, ал R-06 бейне генерациясында қазаққа тән бет-бейне мен киім элементтері нақты промптсыз дәл шықпайтынын айтты. Бірқатар респондент қазақ тілі мен мәдени контекске жақсырақ бейімделген құралдарға қажеттілік бар екенін атап өтті. Бұған қоса, қайтыс болған адамдардың бейнесін ЖИ арқылы қайта «сөйлетуге» R-03, R-06 және R-07 қарсы болды; R-06 мен R-07 бір телеарнаның өкілдері. Осы жауаптар өңірлік медиа этикасында әмбебап дәлдік пен ашықтық талаптарына тіл сапасы, мәдени репрезентация және символдық шекараларды сақтау мәселелері қосылатынын көрсетеді.

6. Заң, кәсіби кодекс және редакциялық саясат

Зерттелген тоғыз медиа ұйымның ешқайсысында ЖИ қолдануға арналған ресми жазбаша ішкі саясат анықталмады. Бар тәжірибе көбіне ауызша нұсқаулармен реттеледі: фактіні тексеру, ЖИ мәтінін шектеу, визуалды таңбалау немесе материалды басшы бақылауынан өткізу. R-07 мұндай талаптарды «қағазға түсіріп», тармақтар бойынша бекіту қажеттігін айтты. Бұл жағдайда редакция басшысы технологияны енгізуге ғана емес, оның қолдану шекарасын белгілеуге де ықпал етеді: R-07 тілдік сапасына көңілі толмаған ЖИ-диктор материалын эфирден тоқтатса, R-10 редакция есебінен ақылы сервиске жазылуды қолдаған. Демек, формалды саясат болмаған кезде ЖИ ережелері көбіне жеке басқарушылық ұстаным арқылы қалыптасады.

Реттеудің болашақ нысаны туралы пікірлер бір ғана модельге тоғыспады. Кей респондент жалпы заңнамалық реттеуді негізгі тетік деп санайды (мысалы, R-02, R-08, R-09), енді біреулері кәсіби этика кодексі немесе ортақ салалық ереже қажет деп есептейді (R-04, R-06, R-07, R-10); жекелеген жауаптар заңнамалық және кәсіби реттеуді қатар қарастырады. Заң туралы хабардарлық та әркелкі: R-09 сұхбат кезінде ЖИ туралы арнайы заң бар екенін толық білмегенін айтты, ал басқа респонденттер таңбалау мен жауапкершілік талаптарына сілтеме жасады. Сондықтан негізгі мәселе тек жаңа норма енгізуде емес, қолданыстағы талаптарды редакциялық практикаға түсінікті түрде жеткізу мен ішкі ережеге айналдыруда да жатыр.

Талқылау

Нәтижелер өңірлік медиада ЖИ қабылдауының технологияның қолжетімді болуымен ғана түсіндірілмейтінін көрсетеді. Уақыт пен шығынды үнемдеу, визуал және аудио өндірісін жеделдету сияқты салыстырмалы артықшылықтар ЖИ-ді енгізуге түртті болып отыр; бұл Инновацияларды тарату теориясындағы салыстырмалы артықшылық ұғымымен сәйкес келеді. Сонымен бірге сыртқы тренинг, әріптестер тәжірибесі және басшының қолдауы ЖИ туралы білімнің түлғааралық арналармен тарайтынын көрсетеді. Бұл өрнек халықаралық зерттеулерде сипатталған ұйымдық ресурс пен ЖИ сауаттылығының маңызымен үндеседі (Beckett & Yaseen, 2023; Simon, 2024). R-05 negative case-і қабылдауды тек «ерте» немесе «кеш» статусымен түсіндіру жеткіліксіз екенін аңғартады: технологияға қызығушылық болғанымен, сенім, кәсіби үйлесімділік және оқытуға қолжетімділік енгізуді баяулатуы мүмкін. Мұндай әркелкілік Global South зерттеулеріндегі ресурс пен дағды айырмашылығы туралы тұжырымдармен де сабақтас (Jamil, 2021, 2023; Munoriyarwa et al., 2023).

Этикалық түрғыдан ең маңызды нәтиже – ресми жазбаша саясат болмаған жағдайда да редакцияларда фактіні тексеру, адам жауапкершілігі, авторлық еңбекті сақтау және ЖИ-контентін ашық белгілеу сияқты бейресми нормалардың қалыптасуы. Бұл ұстанымдар Баспасөздің әлеуметтік жауапкершілік теориясындағы дәлдік, қоғам алдындағы жауапкершілік және кәсіби өзін-өзі реттеу қағидаттарымен, сондай-ақ ЖИ этикасы жөніндегі халықаралық ұсынымдармен үндеседі (Dörr & Hollnbuchner, 2017; UNESCO, 2021; RSF, 2023; Associated Press, 2023). Сонымен бірге зерттеу өңірлік қазақтілді медиада этикалық жауапкершіліктің

қосымша жергілікті өлшемін көрсетті: ЖИ-диктордың қазақша дыбыстау сапасы, ұлттық визуал бейнелердің дәлдігі және қайтыс болған тұлғаларды синтетикалық түрде «тірілту» шегі респонденттер үшін кәсіби шешімге әсер етеді. Осыған байланысты ЖИ-дің өңірлік медиадағы ықпалын технологияның өзінен гөрі оны қабылдаған редакцияның ресурсы, дайындығы және кәсіби жауапкершілік нормалары айқындайды.

Қорытынды

Бұл зерттеу Қазақстанның оңтүстік өңіріндегі тоғыз медиа ұйымның он өкілінің тәжірибесі негізінде ЖИ құралдарының редакциялық жұмысқа енуі мен оны қолданудағы кәсіби және этикалық ұстанымдарды талдады.

Негізгі нәтиже – ЖИ сегіз медиа ұйымның күнделікті жұмысына әртүрлі деңгейде енгенімен, енгізу әлі де біркелкі институционалданбаған. Қолдану көбіне қызметкер бастамасына, оқытуға және басшылық қолдауына тәуелді; R-05 negative case-і сенім, кәсіби ұстаным және қолжетімділік енгізуді баяулататынын көрсетті.

ЖИ-дің басым қолдану бағыттары аударма, мәтін өңдеу, ақпарат іздеу, визуал және аудиобейне өндірумен байланысты. Респонденттер уақыт пен кей жағдайда шығын үнемін атап өтті, бірақ экономикалық тиімділік барлық редакцияға ортақ және тәуелсіз өлшенген нәтиже емес.

Этикалық деңгейде фактіні тексеру, түпкілікті жауапкершілікті адамда қалдыру, авторлық еңбекті сақтау және ЖИ-контентін таңбалау негізгі ұстанымдар ретінде көрінді. Сонымен бірге зерттелген ұйымдардың ешқайсысында ЖИ-ге арналған ресми жазбаша ішкі саясат жоқ. Қазақ тілінің дыбысталуы мен тілдік сапасы, ұлттық визуал репрезентация және синтетикалық бейне шекаралары өңірлік контексте ерекше мәнге ие болды.

Теориялық тұрғыдан нәтижелер ЖИ қабылдауын салыстырмалы артықшылық, тұлғааралық білім тарату және ұйым ішіндегі өзгеріс агенттері арқылы түсіндіруге, ал этикалық тәжірибені дәлдік, ашықтық және кәсіби жауапкершілік өлшемдерімен байланыстыруға мүмкіндік береді.

Практикалық тұрғыдан өңірлік редакцияларға ЖИ қолданудың ішкі жазбаша қағидаларын әзірлеу, таңбалау мен фактчекинг тәртібін нақтылау, адам бақылауын сақтау және аудандық редакцияларға қолжетімді оқыту мүмкіндігін кеңейту ұсынылады. Қазақ тіліндегі дыбыстау, аударма және визуал репрезентация сапасы да редакциялық бағалаудың тұрақты өлшеміне айналуға тиіс.

Зерттеу оңтүстік өңірдегі тоғыз ұйыммен шектеледі және респонденттердің өзіндік баяндауына сүйенеді; сондықтан нәтижелер Қазақстан медиасының бәріне жалпыланбайды. Болашақ зерттеулер басқа өңірлерді салыстырып, редакциялық саясаттардың нақты орындалуын, аудитория қабылдауын және қазақ тіліндегі ЖИ құралдарының сапасын бөлек эмпирикалық тексере алады.

Зерттеуде ЖИ құралдарының қолданылуы

Зерттеу ЖИ этикасына арналғандықтан, авторлар мақала дайындауда ЖИ құралдарының қолданылғанын ашық мәлімдейді. Сұхбат аудиолары Google Pinpoint-та жеке (private) коллекцияда транскрипцияланып, жария қолжетімді режимге шығарылмады және модельдерді оқытуға пайдаланылмайтын режимде өңделді; барлық транскрипт автор тарапынан тексеріліп, түзетілді.

Әдебиетке шолу мен дереккөз іздегенде ChatGPT (Business), Google Gemini (Pro, NotebookLM) және Claude (Pro), ал деректерді кодтау, сұрыптау, талдауды ұйымдастыру және мәтінді редакциялағанда Claude (Pro) мен ChatGPT (Business) көмекші құрал ретінде қолданылды. Деректерді модельдерді оқытуға немесе жетілдіруге пайдалануға жол бермейтін құпиялық баптаулары қолданылды. ЖИ ұсынған ақпарат бастапқы дереккөздермен тексерілді.

ЖИ дербес ғылыми шешім қабылдауға пайдаланылмады; кодтарды түсіндіру, категорияларды бекіту, нәтижелерді интерпретациялау және қорытынды жасау жауапкершілігі авторларда қалды.

Авторлардың үлесі:

Е. Кәп – корреспондент-автор; зерттеу тұжырымдамасын әзірледі, зерттеу мақсаты мен міндеттерін айқындап, зерттеу сауалдарын нақтылады және мақаланы жазуға жетекшілік етті. Теориялық және әдіснама бөлімдерін жазды, респонденттерге қойылатын сұрақтарды айқындады, зерттеу бағытын әзірледі.

Ж. Нұрыш-Смағұл – эмпирикалық мәліметтерді жинап, сұхбаттарға контент-талдау жүргізді. Әдебиетке шолу бөлімін әзірледі.

Әдебиеттер

Al-Zoubi, O., Ahmad, N., & Hamid, N. A. (2024). Artificial intelligence in newsrooms: Ethical challenges facing journalists. *Studies in Media and Communication, 12*(1), 401–409. https://doi.org/10.11114/smc.v12i1.6587

Arafat, R., & Cooper, G. (2025). Examining news innovation narratives, practices and institutional logics: A study on GenAI adoption in Egyptian newsrooms. *Journalism Practice,* 1–21. https://doi.org/10.1080/17512786.2025.2579810

Associated Press. (2023, August 16). *Standards around generative AI.* AP Definitive Source. https://ds.svcs.associatedpress.com/standards-around-generative-ai

Barnett, G. A., & Vishwanath, A. (2017). Diffusion theories: Logic and role of media. In *The International Encyclopedia of Media Effects* (pp. 1–14). Wiley. https://doi.org/10.1002/9781118783764.wbieme0059

Beckett, C. (2019). *New powers, new responsibilities: A global survey of journalism and artificial intelligence.* POLIS, London School of Economics and Political Science. https://www.journalismai.info/research/2019-new-powers-new-responsibilities

Beckett, C., & Yaseen, M. (2023). *Generating change: A global survey of what news organisations are doing with AI.* POLIS, London School of Economics and Political Science. https://eprints.lse.ac.uk/129643/

Bender, E. M., Gebru, T., McMillan-Major, A., & Shmitchell, S. (2021). On the dangers of stochastic parrots: Can language models be too big? In *Proceedings of the 2021 ACM Conference on Fairness, Accountability, and Transparency (FAccT '21)* (pp. 610–623). ACM. https://doi.org/10.1145/3442188.3445922

Brennen, B. S. (2021). *Qualitative research methods for media studies* (3rd ed.). Routledge. https://doi.org/10.4324/9781003122388

Commission on Freedom of the Press. (1947). *A free and responsible press: A general report on mass communication.* University of Chicago Press.

Creswell, J. W., & Creswell, J. D. (2023). *Research design: Qualitative, quantitative, and mixed methods approaches* (6th ed.). SAGE Publications.

de-Lima-Santos, M.-F., & Ceron, W. (2022). Artificial intelligence in news media: Current perceptions and future outlook. *Journalism and Media, 3*(1), 13–26. https://doi.org/10.3390/journalmedia3010002

Diakopoulos, N. (2019). Towards a design orientation on algorithms and automation in news production. *Digital Journalism, 7*(8), 1180–1184. https://doi.org/10.1080/21670811.2019.1682938

Dörr, K. N., & Hollnbuchner, K. (2017). Ethical challenges of algorithmic journalism. *Digital Journalism, 5*(4), 404–419. https://doi.org/10.1080/21670811.2016.1167612

Fields, E. E. (1988). Qualitative content analysis of television news: Systematic techniques. *Qualitative Sociology, 11*(3), 183–193. https://doi.org/10.1007/bf00988954

García-Avilés, J. A. (2020). Diffusion of innovation. In *The International Encyclopedia of Media Psychology* (pp. 1–8). Wiley. https://doi.org/10.1002/9781119011071.iemp0137

Hennink, M., Hutter, I., & Bailey, A. (2020). *Qualitative research methods* (2nd ed.). SAGE.

Ioscote, F., Gonçalves, A., & Quadros, C. (2024). Artificial intelligence in journalism: A ten-year retrospective of scientific articles (2014–2023). *Journalism and Media, 5*(3), 873–891. https://doi.org/10.3390/journalmedia5030056

ISSAI. (2024). *Kazakh large language model ISSAI KAZ-LLM.* Institute of Smart Systems and Artificial Intelligence, Nazarbayev University. https://issai.nu.edu.kz/kazllm/

Jamil, S. (2021). Artificial intelligence and journalistic practice: The crossroads of obstacles and opportunities for the Pakistani journalists. *Journalism Practice, 15*(10), 1400–1422. https://doi.org/10.1080/17512786.2020.1788412

Jamil, S. (2023). Evolving newsrooms and the second level of digital divide: Implications for journalistic practice in Pakistan. *Journalism Practice, 17*(9), 1864–1881. https://doi.org/10.1080/17512786.2022.2026244

Khan, R. E., Limpot, K. B., & Villanueva, G. N. (2020). Social responsibility theory of the press: How it silences media practitioners. *Journal of Media Ethics, 35*(3), 152–163. https://doi.org/10.1080/23736992.2020.1779594

Krippendorff, K. (2019). *Content analysis: An introduction to its methodology* (4th ed.). Sage. https://doi.org/10.4135/9781071878781

Kumar, R. (1999). *Research methodology: A step-by-step guide for beginners.* Sage.

Mayring, P. (2014). *Qualitative content analysis: Theoretical foundation, basic procedures and software solution.* Klagenfurt. https://nbn-resolving.org/urn:nbn:de:0168-ssoar-395173

Munoriyarwa, A., Chiumbu, S., & Motsaathebe, G. (2023). Artificial intelligence practices in everyday news production: The case of South Africa's mainstream newsrooms. *Journalism Practice, 17*(7), 1374–1392. https://doi.org/10.1080/17512786.2021.1984976

Paul, U. O., & Kabiru, M. I. (2019). Social Responsibility Theory of the Press: A critique of its application and constraints. *International Journal of Innovative Research and Development*, *8*(12). https://doi.org/10.24940/ijird/2019/v8/i12/dec19010

Reporters Without Borders. (2023, November 10). *Paris Charter on AI and Journalism.* https://rsf.org/en/rsf-and-16-partners-unveil-paris-charter-ai-and-journalism

Rogers, E. M. (2003). *Diffusion of innovations* (5th ed.). Free Press.

Simon, F. M. (2024). *Artificial intelligence in the news: How AI retools, rationalizes, and reshapes journalism and the public arena.* Tow Center for Digital Journalism, Columbia University. https://www.cjr.org/tow_center_reports/artificial-intelligence-in-the-news.php

UNESCO. (2021). *Recommendation on the ethics of artificial intelligence.* https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000381137

Waddell, T. F. (2019). Attribution practices for the man-machine marriage: How perceived machine authorship affects news credibility. *Journalism Practice, 13*(10), 1255–1272. https://doi.org/10.1080/17512786.2019.1585197

Wimmer, R. D., & Dominick, J. R. (1991). *Mass media research: An introduction* (3rd ed.). Wadsworth.

Zhaxylykbayeva, R., Burkitbayeva, A., Zhakhyp, B., Kabylgazina, K., & Ashirbekova, G. (2025). Artificial intelligence and journalistic ethics: A comparative analysis of AI-generated content and traditional journalism. *Journalism and Media, 6*(3), 105. https://doi.org/10.3390/journalmedia6030105

Алимжанова, А. Б., Попова, В. Д., Нұрпейіс, Л., & Ашимова, А. Б. (2024). Новые горизонты визуализации: роль ИИ в современной журналистике Казахстана. *Herald of Journalism, 74*(4), 109–124. https://doi.org/10.26577/HJ.2024.v74.i4.9

Кәп, Е., & Жасарал, Н. (2025). Цифрлық дәуірде дәстүрлі медианың трансформациялануында медиаконвергенцияның әсері мен рөлі: «Азаттық» радиосы мысалында. *Herald of Journalism, 76*(2), 35–53. https://doi.org/10.26577/HJ202576203

Қазақстан Республикасының Заңы. (2025). *Жасанды интеллект туралы (2025 жылғы 17 қарашадағы № 230-VIII ҚРЗ).* «Әділет» ҚР НҚА ақпараттық-құқықтық жүйесі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000230

Қазақстан Республикасының Үкіметі. (2024). *Жасанды интеллектті дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы.* «Әділет» ҚР НҚА ақпараттық-құқықтық жүйесі. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592

References

Alimzhanova, A., Popova, V., Nurpeis, L., & Ashimova, A. (2024). Novye gorizonty vizualizatsii: rol' II v sovremennoi zhurnalistike Kazakhstana [New horizons of visualization: the role of AI in modern journalism in Kazakhstan]. *Herald of Journalism, 74*(4), 109–124. https://doi.org/10.26577/HJ.2024.v74.i4.9 [in Russian].

Al-Zoubi, O., Ahmad, N., & Hamid, N. A. (2024). Artificial intelligence in newsrooms: Ethical challenges facing journalists. *Studies in Media and Communication, 12*(1), 401–409. https://doi.org/10.11114/smc.v12i1.6587

Arafat, R., & Cooper, G. (2025). Examining news innovation narratives, practices and institutional logics: A study on GenAI adoption in Egyptian newsrooms. *Journalism Practice,* 1–21. https://doi.org/10.1080/17512786.2025.2579810

Associated Press. (2023, August 16). *Standards around generative AI.* AP Definitive Source. https://ds.svcs.associatedpress.com/standards-around-generative-ai

Barnett, G. A., & Vishwanath, A. (2017). Diffusion theories: Logic and role of media. In *The International Encyclopedia of Media Effects* (pp. 1–14). Wiley. https://doi.org/10.1002/9781118783764.wbieme0059

Beckett, C. (2019). *New powers, new responsibilities: A global survey of journalism and artificial intelligence.* POLIS, London School of Economics and Political Science. https://www.journalismai.info/research/2019-new-powers-new-responsibilities

Beckett, C., & Yaseen, M. (2023). *Generating change: A global survey of what news organisations are doing with AI.* POLIS, London School of Economics and Political Science. https://eprints.lse.ac.uk/129643/

Bender, E. M., Gebru, T., McMillan-Major, A., & Shmitchell, S. (2021). On the dangers of stochastic parrots: Can language models be too big? In *Proceedings of the 2021 ACM Conference on Fairness, Accountability, and Transparency (FAccT '21)* (pp. 610–623). ACM. https://doi.org/10.1145/3442188.3445922

Brennen, B. S. (2021). *Qualitative research methods for media studies* (3rd ed.). Routledge. https://doi.org/10.4324/9781003122388

Commission on Freedom of the Press. (1947). *A free and responsible press: A general report on mass communication.* University of Chicago Press.

Creswell, J. W., & Creswell, J. D. (2023). *Research design: Qualitative, quantitative, and mixed methods approaches* (6th ed.). SAGE Publications.

de-Lima-Santos, M.-F., & Ceron, W. (2022). Artificial intelligence in news media: Current perceptions and future outlook. *Journalism and Media, 3*(1), 13–26. https://doi.org/10.3390/journalmedia3010002

Diakopoulos, N. (2019). Towards a design orientation on algorithms and automation in news production. *Digital Journalism, 7*(8), 1180–1184. https://doi.org/10.1080/21670811.2019.1682938

Dörr, K. N., & Hollnbuchner, K. (2017). Ethical challenges of algorithmic journalism. *Digital Journalism, 5*(4), 404–419. https://doi.org/10.1080/21670811.2016.1167612

Fields, E. E. (1988). Qualitative content analysis of television news: Systematic techniques. *Qualitative Sociology, 11*(3), 183–193. https://doi.org/10.1007/bf00988954

García-Avilés, J. A. (2020). Diffusion of innovation. In *The International Encyclopedia of Media Psychology* (pp. 1–8). Wiley. https://doi.org/10.1002/9781119011071.iemp0137

Hennink, M., Hutter, I., & Bailey, A. (2020). *Qualitative research methods* (2nd ed.). SAGE.

Ioscote, F., Gonçalves, A., & Quadros, C. (2024). Artificial intelligence in journalism: A ten-year retrospective of scientific articles (2014–2023). *Journalism and Media, 5*(3), 873–891. https://doi.org/10.3390/journalmedia5030056

ISSAI. (2024). *Kazakh large language model ISSAI KAZ-LLM.* Institute of Smart Systems and Artificial Intelligence, Nazarbayev University. https://issai.nu.edu.kz/kazllm/

Jamil, S. (2021). Artificial intelligence and journalistic practice: The crossroads of obstacles and opportunities for the Pakistani journalists. *Journalism Practice, 15*(10), 1400–1422. https://doi.org/10.1080/17512786.2020.1788412

Jamil, S. (2023). Evolving newsrooms and the second level of digital divide: Implications for journalistic practice in Pakistan. *Journalism Practice, 17*(9), 1864–1881. https://doi.org/10.1080/17512786.2022.2026244

Kap, Y., & Zhassaral, N. (2025). Tsifrlyq dauirde dasturli medianyn transformatsiyalanuynda mediakonvergentsiyanyn aseri men roli: «Azattyq» radiosy mysalynda [The influence and role of media convergence in the transformation of traditional media in the digital age: On the example of Radio Azattyq]. *Herald of Journalism, 76*(2), 35–53. https://doi.org/10.26577/HJ202576203 [in Kazakh].

Khan, R. E., Limpot, K. B., & Villanueva, G. N. (2020). Social responsibility theory of the press: How it silences media practitioners. *Journal of Media Ethics, 35*(3), 152–163. https://doi.org/10.1080/23736992.2020.1779594

Krippendorff, K. (2019). *Content analysis: An introduction to its methodology* (4th ed.). Sage. https://doi.org/10.4135/9781071878781

Kumar, R. (1999). *Research methodology: A step-by-step guide for beginners.* Sage.

Mayring, P. (2014). *Qualitative content analysis: Theoretical foundation, basic procedures and software solution.* Klagenfurt. https://nbn-resolving.org/urn:nbn:de:0168-ssoar-395173

Munoriyarwa, A., Chiumbu, S., & Motsaathebe, G. (2023). Artificial intelligence practices in everyday news production: The case of South Africa's mainstream newsrooms. *Journalism Practice, 17*(7), 1374–1392. https://doi.org/10.1080/17512786.2021.1984976

Paul, U. O., & Kabiru, M. I. (2019). Social Responsibility Theory of the Press: A critique of its application and constraints. *International Journal of Innovative Research and Development*, *8*(12). https://doi.org/10.24940/ijird/2019/v8/i12/dec19010

Qazaqstan Respublikasynyn Ukimeti. (2024). *Zhasandy intellektti damytudyn 2024–2029 zhyldarga arnalgan tuzhyrymdamasy* [Concept for the development of artificial intelligence for 2024–2029]. Adilet Information and Legal System of Regulatory Legal Acts of the Republic of Kazakhstan. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000592 [in Kazakh].

Qazaqstan Respublikasynyn Zany. (2025). *Zhasandy intellekt turaly (2025 zhylgy 17 qarashadagy № 230-VIII QRZ)* [On Artificial Intelligence (Law of the Republic of Kazakhstan No. 230-VIII, dated November 17, 2025)]. Adilet Information and Legal System of Regulatory Legal Acts of the Republic of Kazakhstan. https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2500000230 [in Kazakh].

Reporters Without Borders. (2023, November 10). *Paris Charter on AI and Journalism.* https://rsf.org/en/rsf-and-16-partners-unveil-paris-charter-ai-and-journalism

Rogers, E. M. (2003). *Diffusion of innovations* (5th ed.). Free Press.

Simon, F. M. (2024). *Artificial intelligence in the news: How AI retools, rationalizes, and reshapes journalism and the public arena.* Tow Center for Digital Journalism, Columbia University. https://www.cjr.org/tow_center_reports/artificial-intelligence-in-the-news.php

UNESCO. (2021). *Recommendation on the ethics of artificial intelligence.* https://unesdoc.unesco.org/ark:/48223/pf0000381137

Waddell, T. F. (2019). Attribution practices for the man-machine marriage: How perceived machine authorship affects news credibility. *Journalism Practice, 13*(10), 1255–1272. https://doi.org/10.1080/17512786.2019.1585197

Wimmer, R. D., & Dominick, J. R. (1991). *Mass media research: An introduction* (3rd ed.). Wadsworth.

Zhaxylykbayeva, R., Burkitbayeva, A., Zhakhyp, B., Kabylgazina, K., & Ashirbekova, G. (2025). Artificial intelligence and journalistic ethics: A comparative analysis of AI-generated content and traditional journalism. *Journalism and Media, 6*(3), 105. https://doi.org/10.3390/journalmedia6030105

Авторлар туралы мәлімет:

Кәп Есенгүл (корреспонденттік автор) – филология ғылымдарының кандидаты, SDU University (Алматы, Қазақстан, e-mail: yessengul.kap@sdu.edu.kz).

Нұрыш-Смағұл Жәнібек – SDU University-дің «Медиа зерттеулері және журналистика» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты (Қаскелең, Қазақстан); Beine.Pro интернет-журналының бас редакторы (Шымкент, Қазақстан, e-mail: zhanibek.nurish@gmail.com).

Information about the authors:

Kap Yessengul (corresponding author) – Candidate of Philological Sciences, SDU University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: yessengul.kap@sdu.edu.kz).

Nurysh-Smagul Zhanibek – second-year master's student in the Media Studies and Journalism program at SDU University (Kaskelen, Kazakhstan); Editor-in-Chief of the Beine.Pro online magazine (Shymkent, Kazakhstan, e-mail: zhanibek.nurish@gmail.com).

Сведения об авторах:

Кап Есенгуль (автор-корреспондент) – кандидат филологических наук, SDU University (Алматы, Казахстан, e-mail: yessengul.kap@sdu.edu.kz).

Нурыш-Смагул Жанибек – магистрант 2-го курса образовательной программы «Медиаисследования и журналистика» SDU University (Каскелен, Казахстан); главный редактор интернет-журнала Beine.Pro (Шымкент, Казахстан, e-mail: zhanibek.nurish@gmail.com).

Келіп түсті: 4 маусым 2026 жыл
Қабылданды: 2 қыркүйек 2026 жыл

IRSTI 19.41.07 (03.20.00) https://doi.org/10.26577/HJ813202611

A. Aitbay*, N.A. Tassilova, L.S. Akhmetova, A.A. Tassilova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
*e-mail: aikena_aitbay@mail.ru

THE LAND QUESTION IN KAZAKH PERIODICALS AND DATA FROM STATISTICAL EXPEDITIONS OF THE RUSSIAN EMPIRE (Early 20th Century)

The article examines the specific ways in which the land question in Kazakh society in the late 19th and early 20th centuries was raised in the press, in conjunction with the materials of the statistical expeditions conducted by the Russian Empire in the Steppe Regions. The aim of the study is to determine the scholarly and cognitive content of the data collected in the course of imperial statistical research and their practical function within the colonial administrative system, as well as to analyze the experience of the Kazakh national press in transforming these data into a system of arguments aimed at defending the integrity of Kazakh lands and the historical interests of the people.

The article focuses on the specific features of the statistical expeditions' study of the Kazakhs' traditional land-use system, economic structure, pasturelands, the location of winter and summer pastures and seasonal migration routes. It demonstrates that the ethnographic, economic, and statistical data collected by these expeditions, on the one hand, constituted a valuable body of primary sources for the study of the socioeconomic history of the Kazakh Steppe and, on the other, served the administrative and colonial interests of the imperial authorities in the process of re-demarcating land resources, determining the extent of so-called "surplus land", and designating territories for settlers. In this context, imperial statistics are interpreted not merely as an instrument for the production of scholarly knowledge, but also as a mechanism for surveying, classifying, and governing colonial space.

Keywords: Kazakh press, journalism, land issue, ideology, expeditions, colonization, land use.

А. Айтбай*, Н.А. Тасилова, Л.С. Ахметова, А.А. Тасилова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
*e-mail: aikena_aitbay@mail.ru

Қазақ мерзімді басылымдарындағы жер мәселесі және Ресей империясының статистикалық экспедицияларының деректері (XX ғасырдың басы)

Мақалада XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамындағы жер мәселесінің мерзімді баспасөз беттерінде көтерілу ерекшеліктері Ресей империясының Далалық облыстарда жүргізген статистикалық экспедицияларының материалдарымен өзара сабақтастықта қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – империялық статистикалық зерттеулер барысында жинақталған мәліметтердің ғылыми-танымдық мазмұны мен отарлық басқару жүйесіндегі қолданбалы қызметін айқындау, сондай-ақ қазақ ұлттық баспасөзінің аталған деректерді жер тұтастығы мен халықтың тарихи мүддесін қорғауға бағытталған дәлелдер жүйесіне айналдыру тәжірибесін талдау.

Мақалада статистикалық экспедициялардың қазақтардың дәстүрлі жер пайдалану жүйесін, шаруашылық құрылымын, жайылымдық кеңістігін, қыстау мен жайлаудың орналасуын және маусымдық көші-қон бағыттарын зерттеу ерекшеліктеріне назар аударылады. Экспедициялар жинақтаған этнографиялық, шаруашылық және статистикалық мәліметтер, бір жағынан, қазақ даласының әлеуметтік-экономикалық тарихын зерделеуге мүмкіндік беретін құнды деректік кешен қалыптастырса, екінші жағынан, жер қорын қайта межелеу, «артық жер» көлемін анықтау және қоныс аударушыларға арналған аумақтарды белгілеу барысында империялық биліктің әкімшілік-отарлық мүдделеріне пайдаланылғаны көрсетіледі. Осыған байланысты империялық статистика ғылыми білім өндіру құралы ғана емес, отарлық кеңістікті тану, жіктеу және басқару тетігі ретінде бағаланады.

Түйін сөздер: қазақ баспасөзі, журналистика, жер мәселесі, идеология, экспедициялар, отарлау, жерді пайдалану.

 © 2026 Al-Farabi Kazakh National University

А. Айтбай*, Н.А. Тасилова, Л.С. Ахметова, А.А. Тасилова
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
*e-mail: aikena_aitbay@mail.ru

Земельный вопрос в казахских периодических изданиях и данные статистических экспедиций Российской империи (начало XX века)

В данной статье рассматриваются специфические способы освещения земельного вопроса в казахской периодической прессе конца XIX – начала XX века в контексте материалов статистических экспедиций, проводившихся Российской империей в Степном крае. Цель исследования – определить научно-познавательное содержание данных, собранных в ходе имперских статистических изысканий, и их практическую функцию в рамках колониальной административной системы, а также проанализировать опыт национальной прессы по преобразованию этих сведений в систему аргументации, направленную на защиту целостности казахских земель и национально-исторических интересов.

В работе проанализированы особенности изучения статистическими экспедициями традиционной системы землепользования казахов, экономической структуры хозяйств, а также сезонных миграционных маршрутов, зимовок и яйляу. Исследование демонстрирует, что этнографические, экономические и статистические данные, собранные экспедициями, с одной стороны, сформировали ценный массив первичных источников по социально-экономической истории казахской степи, а с другой – служили инструментарием имперских властей при перераспределении земельных ресурсов, определении так называемых «излишков земли» и отводе территорий для переселенцев. В данном контексте имперская статистика интерпретируется не только как инструмент научного познания, но и как механизм обследования, классификации и административного управления колониальным пространством.

Ключевые слова: казахская пресса, журналистика, земельный вопрос, идеология, экспедиции, колонизация, землепользование.

Introduction

The land issue has been a subject of continuous debate in the Kazakh periodical press. A substantial body of research by journalists and scholars comprehensively analyzes the Russian Empire's colonization of Kazakh lands and its aggressive policy of assimilating the national language and traditional culture. Within this context, the Alash movement effectively leveraged periodical publications to mount ideological and educational resistance against imperial doctrine, aiming to preserve national territory, language, and identity.

As Koshkinbai Yelikbayev (2022) notes in his article "The Kazakh People and the Land Issue" published in *Ontustik Kazakhstan*, the land question was inextricably linked to the preservation of national identity, traditional lifeways, and statehood. The Alash leadership, spearheaded by figures such as Alikhan Bokeikhanov, advocated for the sustainable use of land and natural resources to benefit the local population. Similarly, Meirim Bakytzhanova (2021) highlights that the *Qazaq* newspaper played an instrumental role in bringing the land issue to the forefront of public discourse, with Alash intellectuals placing strong emphasis on safeguarding Kazakh territory and prioritizing indigenous interests.

By 1923, the magazine *Kyzyl Qazaqstan* had outlined key objectives in land reform, science, and education. The periodical's core mission was to enlighten the population, raise literacy rates, disseminate scientific knowledge, and facilitate open discussion on agrarian matters, thereby guiding peasants through the complexities of public life (Qaiyrbekova, 2023). In analyzing the ideological legacy of Alash-Orda, contemporary scholars underscore Akhmet Baitursynov's pivotal thesis: the ownership and governance of land determine the very survival of the nation (Qadyr, 2023). Furthermore, *Arqa Aqshamy* has published extensive accounts of Bokeikhanov's participation in F. Shcherbina's statistical expedition, which surveyed the Kazakh steppe, clan structures, and pastoral land distribution. Bokeikhanov's empirical research aimed to demonstrate that the Kazakhs possessed no "surplus land" while underscoring the unique economic logic of nomadic pastoralism (Berikkyzy, 2026).

Land relations occupy a particularly important place in the history of Kazakhstan. Within the traditional economic system of Kazakh society, land was not just an economic resource; it constituted the spatial foundation of nomadic and semi-nomadic pastoralism, a historical homeland, and the core of the system of seasonal migration. Consequently,

changes in the Russian Empire's land policy during the second half of the 19th and the early 20th centuries had a direct impact on the socioeconomic structure of Kazakh society (Shonanuly, 1995; Qul-Muhammed, 1998).

The administrative reforms of the 1860s-1890s incorporated the Kazakh lands into the imperial system of governance and laid the foundation for the reorganization of land relations through state-imposed legal norms. As the resettlement of peasants from the interior provinces of the Russian Empire intensified, identifying the land reserves to be allocated to settlers became one of the principal tasks of the imperial administration (Bekhozhin, 1964; Shonanuly, 1995). Against this background, the Expedition for the Study of the Steppe Oblasts, headed by F. A. Shcherbina, operated from 1896 to 1903. The expedition covered 12 uyezds in the Akmola, Semipalatinsk, and Turgai Oblasts and collected statistical, economic, and ethnographic data on the Kazakh pastoral economy (Campbell, 2011).

The expedition investigated the clan composition of the Kazakhs, their settlement history, livestock husbandry, agriculture, hayfields, water resources, land-leasing practices, subsidiary occupations, and household budgets. Its findings were subsequently published in the multi-volume work Materials *on Kyrgyz Land Use, Collected and Compiled by the Expedition for the Study of the Steppe Oblasts.*

The historical significance of the expedition's materials can be understood from two perspectives. On the one hand, they provide invaluable evidence for the study of the traditional economy of Kazakh society, its systems of land use, and patterns of adaptation to the natural environment (*Materials on Kyrgyz Land Use*, 1898-1909). On the other hand, these data were employed to calculate the amount of land required for Kazakh pastoral households, while the remaining territories were incorporated into the resettlement land reserve (Campbell, 2011). Consequently, the expedition's records cannot be interpreted independently of the administrative purposes for which they were originally produced.

This issue became a central subject of debate in both the Kazakh national and regional periodical press of the early 20th century. For the Kazakh intelligentsia, questions of land allotment norms, settler land parcels, the transition to a sedentary way of life, and the preservation of the nomadic pastoral economy were inseparable from the historical future of the Kazakh people. By contrast, Russian-language newspapers published in Omsk, such as Irtysh and Omich, presented the land question from the perspective of administrative governance, resettlement, and economic utilization.

The aim of the study is to determine how the land question was interpreted within imperial and national discourses on the basis of materials from the Russian Empire's statistical research expeditions and publications in the periodical press. To achieve this aim, the study analyzes the reasons for organizing the expeditions, the administrative use of their data, Alikhan Bokeikhan's participation in these studies and his scholarly and journalistic activities, as well as debates concerning the land question in the Kazakh press.

Research materials and methods

The primary empirical basis of this study comprises four distinct groups of sources: the periodical press of the Kazakh intelligentsia. The first group includes the newspapers *Turkistan Ualayatynyn Gazeti*, *Dala Ualayatynyn Gazeti*, and *Qazaq*, alongside the journal *Aiqap*. These publications provide critical insights into land relations, imperial resettlement policies, shifts in the Kazakh nomadic and agrarian economy, and the socio-political positions of the emerging national intelligentsia (Atabayev, 2000).

Imperial-regional press: The second group consists of the Omsk-based newspapers *Irtysh* and *Omich*. These periodicals published extensive coverage on the resettlement movement, new colonial settlements, agricultural transformation, land development, transport networks, trade, and regional administrative governance. Analyzing these materials reveals how land policy was framed within imperial and regional socio-political discourse.

Official statistical records: The third group comprises multi-volume materials compiled by the statistical research expeditions of the Russian Empire. These documents offer systematic empirical data on demographic indicators, livestock counts, seasonal pasturage (winter and summer grazing grounds), hayfields, arable farming, water supply, land tenure patterns, and household economic budgets (*Materials on Kyrgyz Land Use*, 1898–1909).

Scholarly and publicist heritage: The fourth group includes the academic publications and publicist writings of Alikhan Bokeikhan. Given his direct participation in the imperial statistical expeditions, his work serves as a crucial analytical bridge, illustrating the continuity between official statistical data and the national socio-political press (Bokeikhan, 2016).

The study applied the principles of historicism, objectivity, systematic analysis, and historical-comparative analysis. In addition, the methods of source criticism, content analysis, and comparative interpretation were employed. Publications in the periodical press were regarded not as direct reproductions of historical facts, but as assessments of those events by a particular editorial board or social group.

Furthermore, the ideology of the imperial era was disseminated to Central Asian countries through various periodical publications. The article *Coverage in the periodical press of Tsarist Russia of the colonial policy on Kazakh lands* looks at this topic. It uses the *Turkestan Collection* for this. The Turkestan *Collection* is a set of documents from 1867 to 1939. It has 594 volumes of material (Zhakyp et al., 2024). A plethora of material exists pertaining to the expansion of the Russian Empire. Kotlyar and Lymar address the issue of land protection in more detail in their articles. (Kotlyar & Lymar, 2023) To illustrate this point, one need only consider her article *Imperial Statistical Research in the Kazakh Steppes (Late 19th–Early 20th Centuries): Outlining Mobile Communities and their Boundaries*, Zhanar Jampeissova shows that the Russian Empire undertook comprehensive studies of the population, economy, livestock farming, land use, mobile territories, the composition of Kazakh communities, and administrative boundaries during that era (Jampeissova, 2016). At the same time, the works of Russian researchers of the XIX century, which tell about the Institute of marriage and family of Kazakh society, the norms of traditional law and the socio-ecognomic context, allow us to imagine the social situation at that time (Baudiyarova, et al., 2026). Also, researchers reviewed the traditional Kazakh rural nomadic way of life, the system of land use and the culture of life (Alimbay, et al., 2023) and paid more attention to published materials of expeditions organized by the royal administration (Alimbay, 2019).

Historiography of the study

The land question in late 19th- and early 20th-century Kazakh society, the resettlement policy of the Russian Empire, and their representation in the national periodical press have been examined in Kazakhstani historiography across several interconnected research strands. This historiographical body can be broadly categorized into imperial, Soviet, and post-independence periods. Across these stages, the underlying source base and conceptual frameworks evolved in response to the specific political and ideological demands of each era.

